

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘӨЖ: 378 (574+520)

Қолжазба құқында

РҮСТЕМОВА АҚТОЛҚЫН МОЛДАНҚЫЗЫ

**Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі:
қазіргі үрдістері мен болашағы**

6D020900 – Шығыстану

Философия докторы PhD
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:
тарих ғылымдарының
кандидаты, доцент
Ж.Е. Ашинова

Шетелдік кеңесші:
әлеуметтік ғылымдар докторы
профессор Акито Окада
Токио шет тілдер университеті
(Токио, Жапония)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

	АНЫҚТАМАЛАР	4
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
	КІРІСПЕ	6
1	ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНУ ҮДЕРІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	26
1.1	Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісі туралы теориялар мен концепциялар.....	26
1.2	Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануының түрлері мен толқындары	32
1.2.1	Жоғары оқу орындарының интернационалдану түрлері.....	32
1.2.2	ЖББ жүйесінің интернационалдану толқындары.....	40
2	ҚАЗАҚСТАН МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	45
2.1	Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерістері мен мәселелері.....	45
2.2	Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану кезеңдері	56
2.3	Жапонияның жоғары білім беру жүйесіндегі интернационалдану жобалары	65
3	ҚАЗАҚСТАН МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІГІ	83
3.1	Қазақстан-Жапония арасындағы білім мен мәдениет саласындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы мен даму кезеңдері	83
3.2	Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігінің қазіргі үрдістері	92
3.2.1	Қазақстан-жапон университетаралық серіктестігі	95
3.2.2	Академиялық ұтқырлық	104
3.3	Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы байланыстарының басты мәселелері мен даму болашағы	107
3.3.1	Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы байланыстарының басты мәселелері	107
3.3.2	Жоғары білім беру саласындағы екіжақты байланыстардың болашағы	120
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	124

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	129
ҚОСЫМШАЛАР	154

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдер сәйкес анықтамалармен қолданылады: Жоғары білімі беру жүйесінің интернационалдануы – жоғары білім беру жүйесінің жаһандық стандарттарға сәйкестендірілуі немесе халықаралық өлшемдерге бейімделуі.

Академиялық ұтқырлық – ЖОО студенттерінің немесе профессор, оқытушы, зерттеушілердің мемлекет ішіндегі немесе шетелдік өзге ЖОО-ларда білім алу, ғылыми тағлымдамадан өту, дәріс оқу, біліктілігін арттыру мақсаттарында белгілі бір академиялық кезеңге баруы.

Студенттердің ұтқырлығы – білім алушының білім алу, зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсаттарында өз еліндегі не шет елдегі басқа ЖОО-ларына белгілі бір мерзімге ауысуы. Көп жағдайда меңгерген бағдарламалары өз оқу орындарында кредиттер түрінде қайта есептеледі, бағдарлама түріне қарай өз оқуларын өзге ЖОО-ларда жалғастыру да кездеседі.

Академиялық ұтқырлық аясында шетелден келу (шетелден келу ұтқырлығы) (inbound mobility) – шет елдік студенттердің, профессор-оқытушылардың білім алу, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тағылымдамадан өту немесе дәріс оқу мақсатында белгілі бір мерзімге келуі.

Академиялық ұтқырлық аясында шетелге кету (шетелге кету/бару/шығу ұтқырлығы)(outbound mobility) – отандық оқытушы-зерттеушілердің, білім алушылардың білім алу, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тағылымдамадан өту, дәріс оқу мақсатында шет елдік ЖОО-ларына белгілі бір академиялық мерзімге барып-келуі.

Профессор-оқытушылар құрамының ұтқырлығы – отандық оқытушы-профессорлардың білім алу, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тағылымдамадан өту, дәріс оқу, біліктілігін арттыру мақсатында шет елдік ЖОО-ларына белгілі бір академиялық мерзімге барып-келуі.

Итермелеуші және ынталандырушы факторлар (push and pull factors) – оқу миграциясын зерттегенде пайдаланылатын терминдер. Мұндағы итермелеуші фактор дегеніміз – студенттерді өз елдерінен кетуге итермелейтін факторлар, ал ынталандырушы факторлар дегеніміз – бұл студенттерді басқа аймаққа немесе елге, оқу орнына тартатын, оларды қызықтыратын факторлар.

«Мобильді» студенттер – академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысатын, немесе ұтқырлық бойынша білім алып отырған студенттер.

Орталық Азия – Жапонияның ресми мәліметтерінде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркменстан Республикалары кіретін аймақты білдіретіндіктен, бұл зерттеу жұмысында да осы бес мемлекет меңзеледі.

«Ақыл тізбегі» («brain chain») – академиялық ұтқырлық бойынша білімді, талантты жастар мен ғалымдардың эмиграциясы мен иммиграциясын қоса алғандағы дамушы елдер мен дамыған елдер арасындағы иерархиялық байланыс. Мұнда тізбектің ең соңында (астында) дамушы елдер орналасса, ең басында (жоғарысында) дамыған елдер тұрады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АСЕАН – Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясы
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технология
ДРК – Дамуға ресми көмек
ЕО – Еуропалық Одақ
ЕЭЫДҰ – Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЖОО – жоғары оқу орындары
ЖББ – жоғары білім беру
ҚБ ЖББ – Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі
ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
ЮНЭСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы
МЕХТ (Монбукагакушэ) – Жапонияның Білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар министрлігі
JASSO – Жапонияның студенттерге қызмет көрсету ұйымы
JICA – Жапон халықаралық ынтымақтастық агенттігі
ҚазҰУ – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
ЕҰУ – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
NipCA Project – Ниппон қоры Орталық Азия–Жапония адам ресурстарын дамыту жобасы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы қазақстандық білім беру жүйесіндегі қарқынды реформалар кезеңі болды. Бұл сыртқы факторлардың әсерінен білім сапасына қойылатын талаптардың өзгеруіне, сонымен бірге мемлекеттің дамуы үшін шешімін табуы қажет ететін ішкі қарама-қайшылықтарға байланысты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде экономика, сауда-саттық, энергетика, шикізатты өңдеу, технология және т.б. салалардағы байланыстарды нығайта түсу үшін мамандарды даярлау қажеттілігі туындады. Қазақстанның әр түрлі салалардағы алғашқы байланыстары көрші Ресей Федерациясымен ғана шектелмей, алыс-жақын елдермен де орнатылып, соның арқасында халықаралық білім беру саласындағы серіктестік дами бастады.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру (бұдан әрі ЖББ) саласындағы алғашқы байланыстары Батыс Еуропа мемлекеттерімен, Ресей және өзге де Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (бұдан әрі ТМД) елдерімен орнатылды. ЖББ жүйесіндегі бұл бағыт Қазақстан Республикасының ЖББ дамыту бағдарламаларында сипатталып, Болон үдерісіне қосылу шешімімен айқындалады.

Халық санының аздығына (18 миллионға жуық) қарамастан, Қазақстан академиялық ұтқырлық аясында студенттердің шетелге шығуы бойынша әлемде алғашқы 15 елдің қатарына кіреді. Алайда, қазақстандық студенттердің негізгі легі Ресей, Қытай, Түркия және Еуропа мемлекеттерінде білім алып жатыр. Ал, Жапония сияқты алдыңғы қатарлы мемлекеттерді тандайтын студенттердің сандық көрсеткіші өте төмен. Бұл еліміздің ЖББ саласында өзге елдермен серіктестікті орнатып, үздіксіз дамыту мәселесінде ерекше көңіл бөлуді қажет ететін мәселе.

Зерттеу жұмысының өзектілігі

2015 жылы 25 қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Тұрақты Даму Мақсаттарына сәйкес сапалы білім беруді қамтамасыз ету басты міндеттердің қатарына жатады. Аталмыш ұйымға мүше мемлекет ретінде Қазақстан осы міндеттемені қабылдағандықтан, сапаны арттыру мақсатында ЖББ саласындағы дамыған мемлекетермен байланысына ерекше көңіл бөлуі қажет. Сонымен қатар, Қазақстан үшін адами ресурстарды дамыту, жоғары білікті мамандарды дайындау экономикалық дамудың өзекті мәселесі болып отыр. Сондықтан, еліміздің дамыған мемлекеттермен ЖББ саласындағы серіктестігін зерттеу аталмыш тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Жоғары білім саласындағы Қазақстанның өзге елдермен, мәселен, тарихы мен саяси жүйесі бөлек, экономикалық даму деңгейі жоғары мемлекеттермен ЖББ салсындағы серіктестігі, студенттермен алмасу бағдарламалары мәселелері толыққанды зерттелмеген. Отандық және шетелдік ғалымдардың осыған дейін жүргізген зерттеулеріне қоса, бұл жұмыс сол кемшіліктің орнын толтыруға үлес қосуға бағытталған.

Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылы алғаш таныған мемлекеттердің бірі Жапониямен дипломатиялық байланыс 1992 жылдың 26 қаңтарында орнатылды.

Жапония жалпы есебі 7 млрд. АҚШ долларынан асатын инвестиция көлемімен Қазақстандағы ең ірі инвесторлардың ондығына кіреді. Екі мемлекетті жақындастыратын тағы бір мәселе – атом энергиясының пайдалануына қатысты стратегиялық серіктестік. Жапонияның бұрынғы премьер-министрі Дж.Коидзумидің Қазақстанға ресми сапарының барысында, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану және уран кеніштерін дамыту саласындағы ынтымақтастық жайлы меморандумға қол қойылды.

Жапония ғылыми зерттеулер бойынша әлемнің алғашқы бестігіне, патенттер саны бойынша алғашқы үштігіне кіретін, жаңа технологиялар бойынша да алдыңғы орындарды иемденетін мемлекет. Экономикалық даму деңгейі бойынша Америка мен Қытайдан кейін үшінші орында тұрса, қылмыс деңгейі бойынша әлемдегі ең қауіпсіз мемлекеттердің бірі болып саналады. Осы аталған факторлар Жапония жоғары оқу орны (бұдан әрі ЖОО) студенттерінің білім алып, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына өте қолайлы орта екендігін көрсетеді. Сондықтан, Жапонияда оқу және тұру, жапондық компанияда жұмыс істеу және жапондық корпоративтік мәдениетті түсіну болашақ мансап жолын іздейтін немесе оқуын аяқтағаннан кейін басқа бағдарламаларға түскісі келетін студенттерге пайдалы екені анық.

Отыз жылға жуық жалғасып келе жатқан екі жақты қарым-қатынасты талдау барысында зерттеушілер тарапынан диссертациялық деңгейде білім беру саласындағы серіктестіктің рөлі осыған дейін қарастырылып, зерделенбеген. Қазақстан мен Жапония арасындағы саяси-дипломатиялық байланыстар, әдет-ғұрыптарындағы ұқсастықтар сияқты тақырыптар талданғанмен, ЖББ саласындағы серіктестіктің рөліне мүлдем көңіл бөлінбеген. Осы диссертациялық жұмыс Қазақстан мен Жапонияның ЖББ саласындағы байланыстарына талдау жасайтын алғаш еңбек болмақ. Зерттеу жұмысында екіжақты серіктестікті интернационалдану үдерісі тұрғысынан қарастыру маңызды, себебі екі елде осы үдерісті жандандыруға бағытталған бағдарламалардың қабылдануы ЖББ саласындағы байланыстардың артуына тікелей себін тигізіп отыр.

Қазақстанда интернационалдану үдерісі қарқынды түрде дамуына орай, көршілес Ресей, Қытай мемлекеттерімен, одан өзге экономикалық және мәдени байланыстары тығыз Кореямен, Боллон үдерісіне кіретін мемлекеттермен ЖББ саласындағы байланыстары, қазақстандық студенттердің осы елдерде білім алу мақсатында кетуі отандық және шетелдік ізденушілер тарапынан қарастырылған. Алайда, саяси-экономикалық байланыстары орнаған, мәдени достастығы дамыған Жапония сияқты шалғай орналасқан мемлекеттің Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісінде алатын рөлі бұрын соңды анықталмаған. Сондықтан, Қазақстанның ЖББ жүйесінің интернационалдануында Жапонияның алатын үлесін анықтай отырып, Қазақстан мен Жапонияның ЖББ жүйесіндегі серіктестігінің қазіргі кездегі жағдайы мен даму деңгейі қандай, оның басты мәселелері не және

болашақта даму мүмкіндіктері қалай болмақ деген көкейкесті сұрақтарға ғылыми түрде жауап беруде аталмыш тақырыптың өзектілігі айырықша.

Зерттеу жұмысының нысаны – жоғары білім беру саласында Қазақстан мен Жапонияның серіктестігінің дамуы, қазіргі жағдайы мен басты мәселелері.

Зерттеу жұмысының пәні – Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісінде Жапонияның алатын орнын анықтау, жоғары білім беру саласындағы екіжақты серіктестіктің даму деңгейі мен басты мәселелерін зерттеу.

Зерттеу жұмысының мақсаты – жоғары білім беру саласындағы тәуелсіз Қазақстанның халықаралық серіктестігін талдап, әсіресе, Жапониямен осы саладағы қарым-қатынасына назар аудара отырып, қазіргі жағдайы мен басты мәселелерін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** қойылды:

– Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісі туралы теорияларды талдап, оның түрлері мен негізгі толқындарын айқындау.

– Шет елдердің жоғары білім беру саласындағы серіктестікті жүзеге асырудағы, жоғары білім беру жүйесін интернационалдаудағы мақсаттарын анықтау. Оның астарындағы әлеуметтік және экономикалық факторларын саралау.

– Тәуелсіз Қазақстанның ЖББ жүйесін интернационалдау саясатын зерделеу, басты ерекшеліктерін/ұстанымдарын анықтау.

– Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісінің сипаты мен ерекшеліктерін анықтап, жүзеге асырған негізгі жобаларына талдау жасау.

– Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігінің ерекшеліктерін, даму деңгейі мен проблемаларын талдау.

– Қазақстан мен Жапонияның ЖОО арасындағы студенттердің академиялық ұтқырлығының үрдісі мен басты мәселелерін, себептерін анықтау, даму келешегіне болжам жасау.

Зерттеу көздері

Зерттеу жұмысында пайдаланылған негізгі дерек көздерін бірнеше топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа Қазақстан Республикасының ЖББ жүйесі мен оның интернационалдануына қатысты жалпы мемлекеттік маңызы бар құжаттар, ҚР Заңдары, мемлекеттік бағдарламалар мен ҚР Үкіметінің Қаулылары кіреді.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңына сәйкес (2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) [1], «білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі». Білім беру саласына қатысты «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» – атты Елбасының 2012 жылы Қазақстан халқына жолдаған жолдауында [2], әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болу үшін дамыту керек саланың бірі ретінде айқындалып, «Білім және кәсіби машық – заманауи

білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағыттары» мәселелері аталып өтілген.

Тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға қажетті мамандарды даярлау мәселесінің бір шешімі ретінде Қазақстан ЖББ саласында түрлі реформалар жүргізіп, ЖББ жүйесінің интернационалдау үдерісін қолға алды. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоғары оқу орындарының студенттік контингентін қалыптастырудың жаңа моделі» жайлы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі № 464 қаулысында баяндалған [2].

Қазақстанда жоғары білім беру жүйесіндегі шығыс академиялық ұтқырлықты арттыру мақсатында 1993 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасы ұйымдастырылды [3]. Білім беру саласының интернационалдануы мәселесінің әрбір бағыты мемлекеттік деңгейдегі құжаттарда айқындалған, оларға: «Білім» мемлекеттік бағдарламасы [4], «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» [5], «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» [6] және т.б. жатады.

2010 жылдан бастап интернационалданудың жандануына келесі заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар негіз болды, олар: «Жоғарғы білімнің еуропалық аймағы туралы» Болон декларациясына қосылуы, Қазақстан Республикасы «Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы» Конвенцияны ратификациялау туралы Заңы [6], Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы қаулы, соның негізінде жүзеге асырылған, 2012-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы академиялық ұтқырлық Стратегиясы [7] және «ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» [8].

Қолданыстағы заңнама ретінде 2020-2025 жылдарға арналған жаңа Мемлекеттік бағдарламасын [9] айтуға болады.

Екінші топқа Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануына қатысты мемлекеттік маңызды құжаттар, бағдарламалар, заңдар, Жапонияның білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар министрлігінің (бұдан әрі МEXT) [10-13], Жапонияның студенттерге қызмет көрсету ұйымының (бұдан әрі JASSO) және Экономикалық ұйымдар ассоциациясының баяндамалары [14] кіреді.

Кокусайка (kokusaika – жапон тілінен аударғанда «интернационалдану» деген мағынаны білдіреді) термині алғаш рет 1970 жылдары пайда болып, 1980 жылдан бастап премьер-министр Я. Накасоненің құрған кабинетінің қызметінің арқасында кеңінен таралды. 1990 жылдардан бастап қазіргі таңға дейін Жапонияның ЖББ жүйесінің интернационалдауына қатысты қабылданған заңнамалар мен жүргізілген саясатты негізінен үш топқа топтастырып қарастыруға болады, атап айтқанда: 1) шетелдік студенттерді қабылдау, алмасу бағдарламаларының басталуы; 2) жаһандануға сәйкес келетін кадрларды даярлау саясаты және 3) ЖОО-лардың халықаралық стратегиялық дамуына ықпал ету

саясаты. Бұл саясаттар өзара байланысты және бірін-бірі толықтырып отырады. Аталған саясаттардың жүзеге асырылуы 1983 жылы «100 000 шетелдік студентті қабылдау жайлы жобаның» [15] қабылдануымен басталды. 2003 жылы 100 000 шетелдік студент жобасы өз межесіне жеткеннен кейін МЕХТ-ке қарасты Орталық білім кеңесі (Chuokyoouikushingikai) сол жылдың желтоқсан айында «Шетелдік студенттерді қабылдаудың жаңа саясатын дамыту туралы» [16] баяндама жасап (「新たな留学生政策の展開について」), ол бойынша шетелдік студенттердің санына емес сапасына көңіл бөлу қажеттілігі аталып өтті. 2008 маусым айында жапон үкіметі экономика және салық саласындағы реформаларды жүзеге асыруға бағытталған «Экономикалық және салық реформасы жайлы негізгі саясат – ашық ел, барлығының қатысуымен өсу, қоршаған ортамен бірге өмір сүру» [17] (немесе «Мықты саясат – 2008» (「骨太方針 2008」について) [18] саясатын қабылдады. Бұл саясатқа және «Экономикалық өсу стратегиясына» сүйене отырып «Global 30» [19] (интернационалданудың шоғыры болатын 30 университет) бағдарламасын бастау жайлы және сол жылдың шілде айында МЕХТ-пен өзге министрліктердің бірлескен отырысында «300 000 шетелдік студенттерді қабылдау жоспарын» [20] жүзеге асыру жайлы Министрлер кабинеті шешім қабылдады.

2010 жылы премьер-министр Ю. Хатояма Жапония, Корея және Қытай үкіметінің бас қосқан саммиті барысында «Кампус Азия» [11] («Campus Asia») концептісін ұсынды [10]. 2010 жылы Жапонияның Экономикалық ұйымдар ассоциациясының ұйымдастырған конференциясының нәтижесінде даярланған «Әлемдік адами ресурстарды дамыту бойынша ұсыныстар» атты баяндамасында ЖББ жүйесін интернационалдау жобаларын қолдау жайлы мәлімдеме жасалды. Нәтижесінде көптеген жобалар жүзеге асырыла бастады. 2011 жылы МЕХТ студенттерді екі бағытта ұтқырлығын дамытуға бағытталған және ғаламдық адами ресурстарға деген қажеттіліктен туындаған «Re-inventing Japan» («Жапонияны қайта құру») [12] жобасын іске қосты. 2012 жылы басталған «Go Global Japan» жобасы жапон студенттерінің қауымдастығын интернационалдау мақсатында Жапонияның сыртқы ұтқырлығын жандандыруға бағытталды. Азиялық қақпа бастамасының кеңесі [21] «Жапонияның Азиядағы әлем адамдарын байланыстыратын орталыққа айналуы үшін шетелдік студенттерге арналған саясатты қайта құру: жаңа ұлттық стратегияны қалыптастыру үшін мүдделі тараптарды жұмылдыру» және «университеттерді халықаралық болуға ынталандыру үшін білім беру орталықтарын бағдарлауды» мақсат тұтты. 2013 жапондық он университетті әлемдегі ең үздік 100 университеттің қатарына қосу мақсатында «TGUP» (Top Global University Program – Әлемдік жетекші университет бағдарламасы) атты ірі инвестициялық бастама қолға алынынды [22].

Үшінші топқа Орталық Азия мен Жапония, Қазақстан мен Жапония арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнап, серіктестіктердің дамуына байланысты қол қойылған екіжақты құжаттарды, министрлер мен саясаткерлердің баяндамаларын, Сыртқы істер министрліктерінің ресми баяндамалары мен ақпараттарын жатқызуға болады. Мәселен, Жапонияның

Сыртқы істер министрі Кавагучидің «Орталық Азия плюс Жапония» диалогына қатысты баяндамасы [23], Жапон-Қазақстан серіктестігі мен Жапонияның Орталық Азия және Қазақстанда жүзеге асырған дамуға ресми көмек (бұдан әрі ДРК) жобалары жайлы Сыртқы істер министрлігінің баяндамасы [24], одан өзге «Қазақстанмен ынтымақтастықты дамыту саясатында» [25], «Қазақстанға шолу және даму мәселелері» [26] құжаттары, Сыртқы істер министрлерінің кездесуіндегі «Орталық Азия + Жапония» диалогының бірлескен мәлімдемесі (Жапония мен Орталық Азия арасындағы жаңа дәуірге қатынастар) [27] және осы диалогқа қатысты Жапонияның сыртқы министрлігінің ресми құжаттары [28].

Бұл топқа Қазақстанның өзге елдермен екіжақты келісімшарттарын да жатқызуға болады. Қазақстанның ЖББ саласындағы Жапониямен серіктестігін талдау барысында Ресей, Қытай сияқты стратегиялық серіктестерімен білім беру саласындағы байланыстарын ескеру қажет. Оның ішінде: «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім» [29], «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы білім туралы құжаттарды және ғылыми дәрежелерді өзара тану туралы келісім» [30], Ресей Федерациясы Президентінің 2018 жылғы жолдауы [31], т.б.

Төртінші топқа халықаралық ұйымдардың баяндамалары, халықаралық, жапондық және қазақстандық ұйымдардың статистикалық мәліметтері, қазақстандық ЖОО-лардың және «Болашақ» халықаралық стипендиялық бағдарламасының статистикалық мәліметтері, мамандармен жүргізілген сұхбат нәтижелері кіреді. Қазақстанның ЖББ жүйесінің интернационалдануы мен академиялық ұтқырлық мәселесі Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (бұдан әрі ЭЫДҰ) «Қазақстандағы жоғары білім» [32] атты баяндамасында талқыланған. Аталмыш ұйымның Германия, Италия [33-34] сияқты өзге елдердегі интернационалдану үдерісіне қатысты баяндамалары Қазақстан мен Жапониядағы жағдайды салыстырмалы түрде түсінуге мүмкіндік береді.

ЮНЕСКО-ның [35-36] мәліметтеріне сүйенсек, 2017 жылы 84 681 қазақстандық шетелде білім алған, бұл халық саны Қазақстаннан 8 есе көп Ресейдің студенттерінен де артық [37]. Егер Қытайда оқитын студенттер санын қоссақ, жыл сайын 100 000-ға жуық қазақстандық студент шетелде білім алады. Қытай Білім министрлігінің статистикалық мәліметтері [38] бойынша 2018 жылы қазақстандық студенттердің саны 11 784 адамды құраған. Жапонияның статистикалық мәліметтер порталына [39] сәйкес, соңғы 7 жылда Қазақстаннан келген студенттер саны 1,5 есеге артып, 2019 жылы 138 адамды құраған. Жалпы халықаралық академиялық ұтқырлық бойынша шетелге шығатын қазақстандық жастардың ішінде де, Орталық Азия елдерінен Жапонияға келген студенттердің арасында да Жапонияны таңдайтын қазақ жастарының үлесі өте аз. «Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық орталығының» [40] статистикалық мәліметтеріне сәйкес қазақстандық студенттер көбіне академиялық ұтқырлық

бойынша Еуропа және пост кеңестік мемлекеттерді таңдайы. Жапония «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары арасында да оқу елі ретінде танымал емес. «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ-ға жолданған ресми өтініш хат негізінде алынған статистикалық деректерге сүйенсек, 2000 жылдан 2020 жылға дейін «Болашақ» бағдарламасы бойынша Жапонияда барлығы 57 стипендиат оқыған, бұл осы уақыт аралығында аталмыш бағдарлама стипендиаттарының жалпы санының тек шағын ғана бөлігін құрайды (Қосымша А).

Қазақстан мен Жапония арасындағы серіктестіктің ең дамыған түрі – екіжақты келісімшарт негізіндегі университетаралық ынтымақтастық. Қазақстандық көп салалы ЖОО ішінде жапондық университеттермен тығыз байланыста жұмыс істейтін оқу орындары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (бұдан әрі – ҚазҰУ) мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (бұдан әрі – ЕҰУ). ҚазҰУ-дың жалпы университет бойынша жылдық есептері мен Шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасының жылдық есептері статистикалық мәліметтерге толы. Қиыр Шығыс кафедрасының мәліметтері бойынша 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейін жапон университеттерінде 2 айдан 12 айға дейін тек 49 қазақстандық студент академиялық алмасумен оқыған (Қосымша Ә). ЕҰУ, Нархоз және Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінен (бұдан әрі Абылай хан атындағы ХҚжӘТУ) ресми өтініш хат негізінде алынған тың статистикалық мәліметтеріне сәйкес, шамамен соңғы онжылдықтың ішінде әр университеттен 15-24 аралығында студенттер жапондық серіктес ЖОО-ларда оқып келген (Қосымша Б, Қосымша В, Қосымша Г).

Мамандармен жүргізілген сұхбат нәтижелері ЖББ саласындағы серіктестіктің басты мәселелері мен даму болашағын анықтауда өз үлесін қосты (Қосымша Ғ).

Деректердің бесінші тобына университеттердің, академиялық ұтқырлыққа тікелей жауапты ұйымдардың стратегиялық құжаттары, білім беруге қатысты БАҚ-та беріліп жатқан жаңалықтар кіреді.

Қазақстан Республикасының ЖББ саласындағы серіктестік пен академиялық ұтқырлыққа қатысты стратегиялық бағыттары мен мақсат, міндеттері мемлекеттік бағдарламалардан бөлек, «Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық» орталығының даму стратегиясында баяндалған [41].

Интернационалдану және шет елдік ЖОО-мен серіктестік мәселесі университеттердің стратегиялары мен университетаралық келісімшарттарда талқыланған, мәселен, Назарбаев университетінің стратегиясы [42], ҚазҰУ-дың 24 жапондық ЖОО-мен келісімшарттары (Қосымша Д), ҚазҰУ-дың жылдық есептері [43-48], ЕҰУ-дың жапондық серіктес оқу орындарымен және зерттеу институттарымен келісімшарттары (Қосымша Е), т.б.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі

Жұмыстың теориялық негізі ретінде 1990-шы жылдардың ортасында алғашқылардың бірі болып институционалды деңгейде Джейн Найттың енгізген интернационалдау үдерісі немесе ұйымдастыру әдісі деген ұғымы

пайдаланылды. Найттың айтуынша «ұлттық, салалық және институционалдық деңгейдегі интернационалдану дегеніміз – жоғары білім беруде, оның мақсаты мен функцияларына халықаралық, мәдениетаралық немесе жаһандық өлшемерді интеграциялау үдерісі» [49, p. 21]. Дж. Найтқа қоса де Вит, Тейхлер, Альтбах, Рейсберг және Рамбли сынды көптеген ғалымдар интернационалдау ұғымының күрделілігі мен оның жаһандану және аймақтандырумен байланысын, осы екі үдерістегі жоғары білім берудің рөлін атап өтеді. Интернационалдану көптеген өлшемдерді, компоненттерді, тәсілдерді және іс-әрекеттерді қамтитын кең ауқымды термин. Ол студенттерге арналған кредиттік және дипломдық ұтқырлық, академиялық алмасу және жаһандық таланттарды іздестіру, оқу жоспары мен нәтижелерін дамыту, ынтымақтастық пен бәсекелестікті дамытуға бағытталған франчайзинг пен салалық кампустарды дамыту және т.б. әрекеттерді қамтиды.

Найттың [50] пайымдауынша, кең мағынадағы интернационалдану – интеграцияланған және орнықты көзқарасты, басқаша айтқанда, сапаны қамтамасыз ету, қаржылық жоспарлау, кадрлармен қамтамасыз ету, оқытушыларды даярлау, әкімшілік өзгерістер, зерттеу, оқу бағдарламалары, студенттерді қолдау, келісімшарттар мен жобалау жұмыстары сияқты өзге де саясаттар мен рәсімдерді қамтиды. Бұл кең мағынадағы түсінік Альтбахтың интернационалдануға қатысты – жаһандануға қарсы тұру үшін академиялық институттар мен басқа ұйымдар қабылдаған стратегиялар, саясаттар және өзге де құралдар идеясымен үндеседі [51]. Кей ғалымдар интернационалданудың жаңа жаһандық азаматтар ұрпағын дайындау үшін қажеттілігін атап өтеді [52]. Соңғы зерттеулер интернационалдануды деколонизациямен, оның ЖОО бағдарламаларын даярлауға тигізетін әсерімен байланыстыра талқылайды [53-54].

Найттың ұсынған интернационалдану үдерісінің тар мағынадағы түсіндірмесі шетелде оқу, студенттерді іріктеу, халықаралық қатынастар мен серіктестік, трансшекаралық жоғары білім және академиялық ұтқырлық саясатын қамтиды. «Интернационалданудың негізгі элементтерінің бірі – академиялық ұтқырлық / трансшекаралық білім» [55, p. 134]. Студенттер мен оқытушы-профессорлардың халықаралық мобильділігі тақырыбы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңінен талқыланды, өйткені «халықаралық белсенділіктің артуы елдер арасындағы өшпенділік пен бір-біріне деген сенімсіздікті жеңуге көмектеседі және өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа жетелейді» деген сенім болды [56, p. S7]. Тейхлердің пікірінше, халықаралық студенттердің ұтқырлығы – «межеленген елде оқуға кірісу үшін шекара асуды» білдіреді [57, p. 187].

Бұл зерттеуде негізінен Қазақстан мен Жапонияның ЖОО-лары арасындағы студенттердің ұтқырлығы талқыланатындықтан, интернационалдануды тар мағынадағы түсіндірмесінде қарастырамыз.

Ғылыми-зерттеу жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес жинақтау, ғылыми жүйелеу, тарихи-салыстырмалы, жүйелі-кешенді, ғылыми сипаттау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, сапалы деректерді жинау мақсатында ЖОО

мамандарымен және елшілік қызметкерімен жартылай құрылымды сұхбаттар жүргізілді.

Зерттеу барысында шетелге шығу және шетелден келу академиялық ұтқырлығына қатысты материалдар жинақталып, оларға салыстырмалы талдау жүргізілді. Халықаралық серіктестік, Жапония мен Қазақстандағы ЖББ жүйесінің интернационалдануы, ұтқырлық бағдарламалары, студенттердің шетелде оқу таңдауына әсер ететін факторлар жайлы зерттеу еңбектері зерделеніп, ЭЫДҰ, ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдардың статистикалық мәліметтері мен баяндамалары пайдаланылды. Академиялық ұтқырлық бойынша шетелге шығатын және шетелден келетін студенттердің межелеген үлесі мен негізгі бағыттары ЖББ интернационалдануының көрсеткіштері болып саналады. Осы көрсеткіштерге талдау жасау мақсатында мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалар да қарастырылды. Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстары, мемлекеттік статистикалық ақпарат көздері мен екі мемлекет арасындағы құжаттар негізінде Қазақстанның өзге елдермен байланысы аймақтық және әлемдік контекстінде зерделенді. Атап айтқанда, сыртқы саясат пен сауда саласындағы Қазақстанның Ресей және Қытаймен байланыстары, Жапонияның Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы (бұдан әрі АСЕАН) елдеріне қатысты саясаты, Қазақстан мен Жапонияның екіжақты қарым-қатынасы. Бұл салыстырмалы талдау әр елдің ерекшелігі мен қазіргі таңдағы саясат, экономика және білім беру салаларындағы негізгі үрдістерін түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеуді жүзеге асыру мақсатында келесі шарттар бойынша көп салалы үздік төрт университет таңдалды: QS Әлем университеттері рейтингісіне енуі, студенттер санының көптігі және Қазақстандағы үздік ЖОО-ның ұлттық рейтингісі (QIAA-Ranking) 2020 бойынша үздіктер қатарында болуы. Бұл университеттер: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті және академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Осы университеттердің ішінде ҚазҰУ мен ЕҰУ ғана сәйкесінше 24 және 6 жапондық ЖОО-мен серіктестік орнатқан.

Қазақстандық студенттердің жапондық университеттерде академиялық ұтқырлық бойынша білім алу динамикасын түсіну мақсатында ҚазҰУ, ЕҰУ, Нархоз университеті, Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті және «Болашақ» халықаралық бағдарламасының статистикалық мәліметтері пайдаланылды. Сонымен қатар, Жапонияның мемлекеттік статистика порталынан алынған мәліметтер жалпы жағдайды талдау барысында маңызды үлес қосты. Академиялық ұтқырлық аясында шетелге шыққан ҚазҰУ-дың студенттері жайлы мәліметтер Қиыр Шығыс кафедрасының академиялық ұтқырлық бойынша 2015-2020 жылғы баяндамаларынан алынды. Осы зерттеуге ақпараттық көмек көрсету жайлы ресми өтініш хат ЕҰУ, Нархоз университеті, Абылай хан атындағы ХҚжӘТУ мен Халықаралық бағдарламалар орталығына жіберіліп, соның негізінде осыған дейін жарияланбаған тың статистикалық деректер алынды. ЕҰУ-дың жауабында

2015-2020 жылдар аралығындағы академиялық ұтқырлық жайлы жалпылама ақпарат беріп, оның ішінде студенттердің оқу жылдары бойынша үлесі, мамандықтары мен Жапонияда оқу мерзімі және өзге егжей-тегжейлі ақпарат көрестілмеген. Нархоз университетінен 2012-2018 жылдар аралығындағы студенттердің академиялық ұтқырлық бойынша шетелге шығуы жайлы мәліметтер алынды. Университеттің Халықаралық бағдарламаларды дамыту және координациялау бөліміне сәйкес, жапондық серіктес университеттермен байланыс тек студенттердің шетелге шығу ұтқырлығы бойынша ғана жүзеге асып келген. Ұтқырлықтың өзге түрлері іс жүзінде жүргізілмеген. Абылай хан атындағы ХҚЖӘТУ-дан 2015-2021 жылдар аралығындағы студенттердің академиялық ұтқырлық бойынша шетелге шығуы жайлы мәліметтер алынды. Университет деректеріне сәйкес осы уақыт аралығында Жапониядан студенттер келмеген, алайда жапондық мамандар қызмет еткен. Ал, Халықаралық бағдарламалар орталығы 2000 және 2020 жылдар аралығында Жапонияның ЖОО білім алған немесе тәжірибеден өткен барлық студенттер мен мамандар жайлы, бітіру жылы, қабылдаушы ЖОО, мамандығы, оқудан кейінгі жұмысқа орналасуы сияқты тұстарын ескере отырып, толыққанды ақпарат берді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қоса, Қазақстандық студенттердің үлесі жайлы статистикалық деректер Цукуба университетінің ресми сайтынан алынды.

ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының 2016-2020 жылдар аралығындағы, академиялық ұтқырлық аясында шетелден келу жайлы баяндамаларының негізінде, Қазақстанға келген жапон студенттері жайында маңызды ақпарат алдық. Өкінішке орай, ҚазҰУ-дың Халықаралық ынтымақтастық департаментіне сүйенсек, университетімізде академиялық ұтқырлық бойынша шетелден келетін студенттердің статистикасы жүргізілмейді.

Бұл зерттеуде Қазақстан мен Жапония арасындағы ЖББ саласындағы серіктестіктің қазіргі мәселелерін талдап, даму мүмкіндіктеріне болжам жасау үшін сапалы тәсіл қолданылады. Докторлық диссертация тақырыбы бойынша жиналған материалдар, университеттердің мәліметтері және мамандардан алынған сұхбаттарға жасалған талдауға сүйене отырып теория құру үшін негізделген теория (ағыл. grounded theory) әдіснамасы қолданылды.

Жартылай құрылымды сұхбаттар қазіргі уақытта Қазақстанда немесе Жапонияда университеттерде, ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істейтін 10 оқытушы-профессорлармен, бір зерттеушімен және бір елшілік қызметкерімен өткізілді. Сұхбат берушілер әліпби бойынша «А» - «Л» дейінгі әріптермен белгіленді. Осы сұхбаттасушыларды таңдау студенттер мен оқытушылар құрамының ұтқырлығы жоғары үш қазақстандық және жапондық университеттерді, жапондық немесе қазақстандық серіктес университеттерді, жапон тілінде немесе қазақша жүргізілетін курстарды немесе Орталық Азия елдерін, оның ішінде Қазақстанды зерттейтін орталықтарды анықтаудан басталды (жапондық университеттері). Осы университеттердің ішінен жапондық серіктес университеттерге, академиялық ұтқырлыққа немесе жапонтануға, Қазақстанды зерттеуге тікелей немесе жанама түрде жауап беретін және кем дегенде 3 жыл кәсіби жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар құрамы тандалды.

Барлық қазақстандық оқытушылар құрамы жапон университеттерінде немесе мекемелерінде оқыған немесе кәсіби курстардан өткен және жапон тілін жетік меңгерген. Жапондық мамандар мен зерттеушілер Қазақстанда кем дегенде бір жыл жұмыс істеген немесе зерттеу жүргізген. Кейбір жапондық мамандар қазақ немесе орыс тілін жетік біледі және қазақтың мәдениетін, Қазақстан тарихы мен қоғамын жақсы біледі. Қатысушылар жоғары білім беру жүйесінде кем дегенде 3 жылдан 20 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар. Жалпы, қатысушылар әлеуметтік-гуманитарлық (10) және жаратылыстану ғылымдары саласында жұмыс істейді. Төрт интервьюер – жапондық, ал бір респондент – Жапонияда 8 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан Қазақстан азаматы. Ғылыми дәрежесі бойынша қатысушылар сырттай оқытушылар (1), штаттық оқытушылар (2), аға оқытушылар (2), доценттер (3), профессорлар (1) және кіші ғылыми қызметкер (1) болып жұмыс істейді. Қатысушылар 20 (1), 30 (5), 40 (4) және 50 (1) жаста. Респонденттердің көпшілігі әйелдер болды (9), ал ер кісілер 3 адам. Қазақстан мен Жапонияға байланысты академиялық қауымдастықтың шағын болуына және сұхбаттың жасырын түрде алуына байланысты университеттер аталмайды, сұхбат берушілердің аты-жөні көрсетілмейді.

Сұхбат сұрақтары респонденттердің Қазақстан мен Жапония арасындағы ЖББ саласындағы серіктестіктің қазіргі жағдайы, әр жақтан қатысушы ұйымдардың мақсаттары, мамандарың өздері білетін басты мәселелері мен болашақ даму мүмкіндіктеріне қатысты маман ретіндегі пікірлерін анықтауға бағытталған. Сұхбаттасу хаттамасындағы сұрақтар мыналардан тұрды: Қазақстан мен Жапония арасындағы ЖББ саласындағы серіктестіктің қазіргі жағдайы туралы не ойлайсыз? Қазақстан мен Жапония университеттерінің серіктестіктің жүзеге асырудағы мақсаты не? Серіктестікті жүзеге асыруда қандай проблемалар бар? Даму келешегі қандай? ЖББ саласындағы серіктестікті дамытуды ынталандыратын қандай механизмдер бар? Қазақстан мен Жапония арасындағы ЖББ саласындағы серіктестіктің болашағын қалай бағалар едіңіз? Сұхбат алушының тілдік қалауына қарай сұхбат қазақ, орыс және жапон тілдерінде жүргізілді. Барлық сұхбаттар аудио және видео түрінде жазылып (сұхбат берушінің рұқсатымен) және қазақ тіліне аударылып, транскрипциялары жасалынды. Сұхбаттардың ұзақтығы шамамен 50 минутты құрады, тек бір сұхбат 30 минутқа созылды.

Талдау үшін құжаттар, университеттер мен бөлімдердің есептері, статистикалық мәліметтер, ЖОО-лар арасындағы келісімдер, меморандумдар және сұхбаттардың транскрипциялары негіз болды. Теориялық іріктеу, деректерді құру, кодтау және тұрақты салыстыру сияқты негізделген теорияның құнды әдістері қолданылды [58]. Кодтау қолмен жасалды, содан кейін деректер санаттарға бөлінді.

Студенттердің шетелде білім алу уәждемелеріне әсер ететін факторларды зерттеген алдыңғы зерттеулерге сүйене отырып [59-61], оларда ұсынылған гипотезалық әдіске жүгініп, Қазақстандық студенттердің Жапонияны оқитын ел ретінде аз таңдау себептеріне талдау жасалынды. Талдау нәтижесінде, келесі факторлардың әсері анықталды, олар: қаржы мәселесі (шығындар); қаржылай

көмек немесе стипендия алу мүмкіндігі; ЖОО берілетін білімнің сапасы; жеке ұсыныстар – шет елде оқу туралы шешім қабылдағанға дейін студенттердің жақын адамдардан немесе қандай да бір компаниядан алған жеке ұсыныстарының әсері; қоршаған орта (мәдениет) және географиялық қашықтығы.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Негізі Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі ғалымдар тарапынан зерттелмеген, тың тақырып, алайда осы тақырыпты талдау үшін жоғары білімнің интернационалдануы термині мен осы үдеріске қатысты ұғымдарды, Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің зерттелу мәселесін қарастырып өту маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттерді осы тақырып төңірегінде отандық, шетелдік (негізінен батыстық) және жапондық ғалымдар деп үш топқа бөліп қарастыруды жөн көрдік. Тақырыптардың реттілігі интернационалдану мен академиялық ұтқырлық, Қазақстан Республикасының ЖББ жүйесінің интернационалдану үдерісі, Жапонияның ЖББ жүйесінің интернационалдануы және қазақ-жапон қарым-қатынастары оның ішінде ЖББ саласындағы серіктестігі мәселелері бойынша тізбектелді.

ЖББ жүйесінің интернационалдану мәселесінің теориялық негізін қалыптастырған шетелдік ғалымдардың ішінде Дж. Найт [49; 55; 62-66], Ф. Альтбах [67-70], де Вит [71-72], Тейхлер [56-57], т.б. атауға болады.

Жалпы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі оқытудың дидактикалық мәселелері, жоғары білім беру жүйесінің жаһандық үдеріске енуіне байланысты орын алған оқытудағы өзгерістері отандық педагогика ғылымы саласындағы ғалымдар тарапынан жан-жақты қарастырылған. Мысалы: Ғ.Б. Саржанова [73], С.Р. Худиева [74], А.Қ. Мошқалов [75], Д.Б. Сапарғалиев [76], М.И. Кожамбердиева [77], Э.Д. Баженов [78], А.Ә. Елеусов [79], Г. Ахметова [80] және т.б.

Қазақстан Республикасының Болон үдерісіне енуіне және халықаралық ұйымдарға мүше болуына байланысты ЖББ жүйесінде орын алған өзгерістер мен мәселелер, интернационалдану үдерісі тақырыптарын бірқатар отандық зерттеушілердің зерттеу жұмыстарында және докторлық диссертацияларында талқыланған, мәселен, С.Б. Абдыгаппарова бастаған авторлар ұжымы [81], Д. Сапарғалиев пен К. Шуленбаева [82], М. Ергебеков пен Ж. Темирбекова [83], А.Ә. Елеусов [79], М.К. Сыдыкназаров [84], З.С. Табынбаева [85], К.Ж. Кондыкерова [86].

Шетелдік басылымдарда жарияланған қазақстандық авторлар ұжымы мен қазақстандық және шетелдік авторлардың бірлескен ұжымдары Қазақстанның ЖББ жүйесінің интернационалдануын әр тұстарынан қарастырған. Бұл топқа кіретін зерттеулердің басым бөлігі академиялық ұтқырлық, студенттік миграция тақырыптарында жүргізілген.

Қазақстанның ЖББ саласындағы білім алушылардың миграция мәселелерін қарастырған зерттеушілер бұл үрдісті әлеуметтік-экономикалық және мәдени уәждемелермен байланыстыра талдаған. Қазақстандық студенттер оқу елі

ретінде таңдайтын негізгі үш мемлекет Ресей, Қытай және Түркия болғандықтан, зерттеулердің басым бөлігі де осы бағытта жүргізілген. Мәселен, Б.И. Ракишева мен Д.В. Полетаев [87], Валеева мен Л.И. Кадырова [88], А.Е. Серікқалиева [89] бастаған авторлар ұжымы, М. Тлебалдиева [90] бастаған авторлар ұжымы.

А.М. Маратова [91] бастаған зерттеушілер тобының пікірінше Қазақстанда ЖББ жүйесі мен ЖОО-ғы бірқатар проблемалардың әсерінен шетелдік студенттер үшін елімізде білім алу тартымсыз болып тұр. Орталық Азиядан Германияға студенттердің миграциясын зерттеген Н.Абдуллаева өзінің кітабында, Орталық Азия елдеріндегі студенттердің миграциясы жоғары білікті мамандардың Германияға тұрақты жұмысқа көшіп кетуіне жол беріп тұрғандығын айтады. Б.З. Айдаров [92] бастаған авторлар ұжымы оқытушылардың ұтқырлығын жүзеге асыруда оқытушылардың біліктілігі, психологиялық екершеліктері мен өзін-өзі дамытуға деген талпынысы, ақпараттық-технологиялық факторлар маңызды деген түйінге келген. А. Ильясова-Шоенфельд [93] еуропалық кредит жүйесін қабылдау мәселесін зерттеген.

А. Кужабекова отандық және Джек Т.Ли сияқты шетелдік зерттеушілермен бірлесе отырып, қазақстандық ЖББ жүйесінің интернационалдануын бірнеше бағытта қарастырған, мәселен, шетелде білім алып келген жас зерттеушілердің академиялық ортаға сіңісуі немесе Қазақстанға оралғаннан кейінгі мәселелері, елімізге келетін шетелдік оқытушылар мен мамандардың ұтқырлығы, олардың шешіміне әсер етуші факторлар мен шетелдік мамандардың жергілікті оқу орындарындағы ғылымның дамуына қосқан үлестері мәселелерін талқылаған [94-97].

Жоғарыда келтірілген мысалдардан байқайтынымыз, Қазақстанның ЖББ жүйесінің интернационалдануының кейбір заңдылықтары зерттеушілер тарапынан талқыланғанмен [98] отандық зерттеушілер негізінен аталмыш тақырыпты тар мағынадағы түсініктемесінде, жекелеген тақырыптарда қарастырған, мәселен: студенттердің және оқытушы-профессорлардың академиялық ұтқырлығы [96; 99], студенттер арасындағы шет елде оқуды таңдауға ықпал ететін ынталандырушы факторлар [89], шетелдік университеттермен серіктестік, бірлескен бағдарламалар, оқу жоспарларын жасау арқылы интернационалдау және оқу үдерісі мен зерттеуде ағылшын тілінің пайдаланылуын кеңейту [100-101]. Алайда, осы тақырыпта іргелі зертеулер жүргізіліп, қазақстандық интернационалдануды жан-жақты қарастырған, оны үдерістің кең мағынасында талдаған зерттеулер әлі күнге дейін аз.

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі шетелдік ғалымдардың да назарынан тыс қалмаған. Егер қазақстандық ғалымдар негізінен еліміздің тәуелсіздік алып, жаһанданумен қатар Болон үдерісіне енуі нәтижесінде жүргізілген реформалар мен туындаған проблемаларды қарастырса, шет елдік ғалымдар Қазақстанның ЖББ жүйесіндегі шешімін таппай отырған жемқорлық, ЖББ жүйесін авторитарлық режимнің құралы ретінде пайдалануы, т.б.

мәселелеріне назар аударған. Мәселен, Стивен П. Хейнеман [102], Арарат Осипян, М. Хэнсон және С.В. Сохей [103].

Қазақстанның ЖББ жүйесінің интернационалдану мәселесін талқылаған шетелдік ғалымдар да баршылық, олардың қатарына Спаркс, Н. Кох, Перна, т.б. жатқызуға болады. Шетелдік зерттеушілер интернационалдануға бағытталған ұлттық және институционалдық миссияларды жүзеге асыру бойынша қазақстандық университеттердің стратегиялық ынтымақтастығы [104], мемлекет негізін қалаған элиталық университетті модельдеу арқылы интернационалдауды жүзеге асыру сияқты тақырыптарды қарастырған [105].

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі өзгерістерді саралауда халықаралық ұйымдардың да өз үлестерін қосқанын ерекше атап өтуге болады.

Еуропалық Одақ комиссиясы [106] тек жоғары білім беру жүйесіне сараптамалық талдау жасап, жоғары оқудағы бағдарламалар циклы, академиялық қызметкерлерге жасалынатын жағдайлар, басқару, ЖОО интернационалдануы деген тұстарына айрықша көңіл бөлген.

Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі ЕЭЫДҰ) ЖОО интернационалдануы, экономикалық және саяси контекст, экономикалық диверсификацияның жоғары білім беру жүйесіне әсері, білім берудің сапасы мен өзектілігі, білім берудегі интеграция, инновация мәселелеріне назар аударған [107].

Қазақстан мен Жапония арасындағы қарым-қатынас мәселесі бүгінгі таңда зерттеушілер тарапынан аз зерттелген. Сондықтан, екі ел арасындағы байланыс мәселесін жан-жақты талдау қажеттілігі өзекті мәселелердің біріне жатады. Екі мемлекет арасындағы саяси, сауда-экономикалық, экологиялық, мәдени байланыстар мәселесі Ф.П. Уразаева [108], О. Дүйсебаев [109], Р. Садыкова [110], Ж.Е. Ашинова [111], Н.Ж. Шаймарданова [112], Б.Қ. Ақын [113], А. Диссюков [114], Ш.Т. Сауданбекова [115] және өзге де зерттеушілер тарапынан зерделенген.

Жалпы айтқанда отандық зерттеушілер қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарияланған, қазақ-жапон қарым-қатынастарына қатысты зерттеу жұмыстарында негізінен екіжақты саясат, дипломатия мәселелеріне басым назар аударған. Екі мемлекет арасындағы байланысты зерделеген еңбектердің ішінде мәдени-гуманитарлық байланыстар жайлы сөз қозғалғанмен, негізінен жалпылама сипаттама берілумен шектелген. Алайда, нақты бағдарламалар мен ЖОО-лар негізінде, статистикалық мәліметтерге сүйене отырып талқылау жасалынбаған.

Жапонияның Орталық Азия, оның ішінде Қазақстанға қатысты саясаты мен стратегиясына қатысты сөз қозғағанда, осы салада зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген жапондық және шет елдік зерттеушілердің еңбегін ерекше атап өту қажет. Олардың алдыңғы шебіне қазақ халқының ұлт зиялыларын егжей-тегжейлі зерттеп жүрген профессор Т. Уяманы [116], Т. Дадабаевты [117], одан өзге К. Лен [118], Ю. Такеши [119], Кавато [120], т.б. атап өтуге болады.

Жоғарыда аталған отандық және шетелдік зертеушілердің жұмыстары мен ойлары диссертацияның үшінші тарауының бірінші тараушасында кеңінен талқыланады.

Жапонияның ЖББ жүйесінің интернационалдануы, Жапонияның Америка, Австралия, Қытай және өзге де елдермен ЖББ саласындағы байланыстары халықаралық, аймақтық контекстінде жапондық және шет елдік ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелген. Жапонияның ЖББ интернационалдануы үдерісін Еуропа және Азия елдерімен салыстыра немесе байланыстыра зерттеген аналитикалық еңбектердің қатарына Ю. Хата [121-122], К. Курода, М. Сугимура [123-125], А. Окада [126-127], Я. Хотта [128-129], Н. Каяшима [130-131], А. Аримото [132], А. Ёнэдзава [133-136], М. Ишикава, Ишикура [137], Х. Хащimoto [138], Р. Ямада [139], Т. Отта [140], Дж. Лассегард [141], Ю. Китамура [142-144], Ф. Хуанг [145], К. Бургесс [146], Бирмингэм [147], Х. Роуз және Дж. МакКейнли [148], Р. Гудман мен Ч. Ока [149] және т.б. зерттеушілердің жұмыстары жатады. Осы ғалымдардың еңбектеріне көптеген жапондық және шетелдік зерттеушілер жүгінеді.

Жапондық зерттеуші Акито Окада өзінің «Жапониядағы студенттерді қабылдау саясатының тарихи дамуы мен қазіргі жағдайы туралы зерттеу» (日本における留学生受入れ政策の史的展開過程と現状に関する一考察 (総合教育センター・国際学科特集)) атты еңбегінде Жапонияның ЖББ жүйесінің интернационалдану үдерісін кезеңдерге бөле отырып, әр кезеңдегі маңызды мемлекеттік құжаттар мен заңнамалық негіздердің мәнін ашып, саясатын талқылаған. Нобуко Каяшима «Жоғары оқу орындарының интернационалдануы мен ДРК-ға қатысуы» (大学の国際化とODA参加) атты кітабында университеттер мен оқытушылардың ДРК-ға қатысуы, арнайы жобалар ұйымдастыруы, стратегияларды дайындау дәстүрі, ЖОО-дың интернационалдануы мен халықаралық ынтымақтастығы мәселелерін қарастырған. Сонымен қатар, осы аталған мәселелерге нақты мысал келтіре отырып, ДРК-ға қатысуға ниет білдірген университеттерге жеке-жеке тоқталып, әрқайсысының тәжірибесін, қатысу модельдерін талқылаған. Ал, «Жоғары оқу орындарының қалыптасуы мен дамуы» (高等教育機関の設立・育成) атты еңбегінде жапондық университеттердің халықаралық ынтымақтастығын 1960 жылдардан бастап әр онжылдыққа бөліп, қазіргі уақытқа дейінгі жобаларды қоса кезең-кезеңімен талдаған.

Соңғы жылдары Жапонияның ЖББ жүйесінің аймақтық контекстіндегі дамуы көптеген зерттеушілердің назарында. Бұл тақырыпты К.Курода өзінің келесі еңбектерінде қарастырған: «Азиядағы жоғары білімді аймақтандыру» [150], «Жапония мен Азиядағы жоғары білім берудің интернационалдануы мен студенттер ұтқырлығы» [151], «Аймақтық интеграция үшін трансшекаралық жоғары білім: Шығыс Азияның жетекші университеттері жайлы ЛСА-RI зерттеуін талдау» [152], «Шығыс Азиялық аймақтық интеграция үшін трансшекаралық жоғары білім берудің институционалдық перспективалары: Жапон халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (бұдан әрі ЛСА) Шығыс Азиядағы жетекші университеттерге сауалнамасын талдау» [153], «Жапонияның

білім беру саласындағы ынтымақтастық саясаты және оның 2015 жылдан кейінгі әлемге әсері» [154], «Азия-Тынық мұхиты аймағындағы жоғары білім саласындағы ұтқырлық және көші-қон» [155], «Шығыс Азия аймағының жоғары білім саласындағы дамып келе жатқан халықаралық өлшемдер» [156], «Шығыс Азиялық жоғары білім беруде халықаралық өлшемдердің пайда болуы: аймақтық және жаһандық дамуға ұмтылу» [157], сонымен қатар «Азиядағы жоғары білім беруді басқару» [158], «Жапонияның халықаралық білім беру саласындағы ынтымақтастығы: тарихы мен болашағы» [159], «ЮНЕСКО-ның халықаралық білім беру саясаты» [160] т.б. Жапонияның ЖББ саласындағы Шығыс Азия елдерімен байланысына, бірлескен жобаларына кеңінен тоқталған К. Курода Азиядағы жоғары білім беруді аймақтық басқару мен болашақтағы даму мүмкіндіктерін талдап, Еуропалық үлгімен салыстыра келе, Болон үдерісінің біртектес және стандартталған жоғары білім беру саласына бағытталғанын атап өтеді. Онымен салыстырғанда, әралуандық пен айырмашылықтарға толы Азия елдеріндегі жоғары білім беруде әртүрлі жоғары білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерсіз, ортақ тұстарының байланысын күшейте отырып, ЖББ саласындағы үйлесімділікті арттыруды мақсат тұтуы қажет деген ұстанымды ұсынады. К. Куроданың айтуынша Еуропалық әдісті «балқытатын қазан үлгісіндегі үйлесімділік» деп қарастырсақ, Азия елдерінің таңдаған әдісін «мозайкалық үлгідегі үйлесімділік үлгісі» деп қарастыруға болады [160, 22 б]. Мұндағы «балқытылатын қазан» үлгісі ХХ ғасырда Америкада насихатталған «балқыту», «біріктіру» арқылы барлық ұлт өкілдері мен мәдениеттерді араластыру, сәйкестендіру, бірегейлендіру, нәтижесінде американдық ұлттық бірегейлікті қалыптастыру парадигмасынан пайда болған «балқытатын қазан» (ағылшын тілінде «melting pot») идеясы меңзеледі. Алайда, зерттеуші Азия елдерінің ішінде Шығыс Азия мемлекеттерімен байланыстарды ғана қарастырып, Жапонияның Орталық Азия немесе Таяу Шығыс елдерімен ЖББ саласындағы байланысына тоқталмаған.

Жапонияның АСЕАН елдерімен ЖББ саласындағы серіктестігін кеңінен қарастырған жапондық зерттеуші М. Сугимура, өзінің «Халықаралық студенттер алмасуы және Шығыс Азиядағы аймақтық бірігу» [161], «Қазіргі жаһандану динамикасындағы жоғары білім беру жүйелерінің трансформациясы: Жапонияның мысалы негізінде» [162], «Жоғары білім беруді «интернационалдауға» қатысты жаңа мәселер және Жапонияның рөлі: Жапон университеттері «интернационалдану» арқылы нені мақсат етіп отыр?» [163] және т.б. еңбектерінде ЖББ жүйесінің интернационалдануы үдерісінің аймақтық дамуындағы студенттермен алмасудың маңыздылығын қарастыра келе, халықаралық студенттер желісінің аймақтық интеграцияның күшеюіне зор ықпал етіп, аймақшылдық пен аймақтандырудың бірігуіне себеп болатын айтады. Зерттеуші Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония, Австралия, Жаңа Зеландия сияқты мемлекеттер арасындағы халықаралық студенттердің ілегі мен Шығыс Азия елдерінің ЖОО арасындағы «S3 Asia MBA», CAMPUS Asia сияқты университет және мемлекет аралық жобаларын қарастырғанмен, осы АСЕАН мемлекеттері

мен Болон үдерісіне кіретін өзге мемлекеттермен студенттермен алмасу және студенттер желісін құру мәселесін көтермеген.

Тақырыптың хронологиялық шеңбері 1990-2019 жылдар аралығын камтиды. Зерттеу жұмысында Қазақстанның тәуелсіздік алған кезінен бастап қазіргі кезге дейінгі жоғары білім беру саласындағы Жапониямен серіктестігі, оның даму тарихы мен басты мәселелері сипатталады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Қазақстанның ЖББ жүйесінің интернационалдану үдерісі, қазақ-жапон саяси-дипломатиялық қарым-қатынастары осыған дейін шетелдік және отандық зерттеушілердің нысаны болғанымен, екі мемлекет арасындағы ЖББ саласына дағы серіктестік тақырыбында кешенді еңбек жазылмаған. Бұл зерттеу жұмысында жапондық, шетелдік, отанық құжаттар, осыған дейін ғылыми айналымға енген статистикалық мәліметтер, мамандармен жүргізілген сұхбаттар негізінде келесі ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

1. Алғаш рет Қазақстан мен Жапонияның ЖББ саласындағы серіктестігі интернационалдану үдерісі тұрғысынан кешенді түрде зерттеліп, сараланды. Екі мемлекеттің ЖББ саласының интернационалдану үдерісінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалып, талдау жасалынды;

2. Зерттеу жұмысында алғаш рет Қазақстан мен Жапонияның білім және мәдениет саласындағы қарым-қатынастарының даму тарихы жапондық ұйымдардың қызметтері негізінде талданды. Сонымен қатар, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануында Жапонияның алатын үлесі анықталды.

3. Мемлекеттік стипендиялық және университет аралық бағдарламалардың статистикалық тың мәліметтері негізінде екі ел арасындағы студенттердің академиялық ұтқырлық динамикасы анықталып, сипатталды;

4. Қазақстандық және жапондық ЖОО-лардың серіктестік орнатудағы мақсаттары айқындалып, қазіргі жағдайы мен басты мәселелері талданды. Жасалынған тұжырымдар ЖББ саласындағы мамандармен, елшілік қызметкерімен алынған сұхбат негізінде қосымша негізделді;

5. Өзге елдермен салыстырғанда Жапонияда оқитын қазақстандық жастардың аз болуының себептері анықталып, сараланды;

6. Қазақстан мен Жапонияның ЖББ саласындағы серіктестігінің даму келешегі мол бағыттар анықталып, болашағына болжам жасалынды;

7. Екі ел арасындағы ЖББ саласындағы серіктестікті дамыту жолдары ретінде ұсыныстар жасалынды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы мен практикалық мәні

Диссертациялық жұмыста Қазақстан мен Жапонияның ЖББ саласындағы серіктестігінің қазіргі жағдайы мен басты мәселелеріне талдау жасалынып, даму мүмкіндіктеріне болжау жасалды. Екі мемлекеттің ЖББ саласының интернационалдану үдерісінің ерекшеліктері талданып, Жапонияның Қазақстанның ЖББ саласының интернационалдануында алатын рөлі айқындалды. Сонымен қатар, екі ел арасындағы студенттердің академиялық ұтқырлық мәселесі сарапқа салынды. Осы жұмыс арқылы Жапония сияқты

дамыған мемлекетпен ЖББ саласындағы серіктестіктің, академиялық ұтқырлықтың жаңа бағыттары мен мүмкіндіктерін дамытуға деген қызығушылық артады. Сондай-ақ, зерттеу жұмысы екі мемлекет арасындағы білім саласындағы қарым-қатынастардың дамуына талдау жасауда маңызды. Диссертациялық жұмыс нәтижелерін Қазақстанның ЖББ саласындағы серіктестік, интернационалдану мәселелеріне талдау жасағанда, сонымен қатар жапонтану, Жапонияның ЖББ жүйесі мен оның ерекшеліктері бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде, тілі, тарихы мен мәдениеті бөлек дамушы ел мен дамыған мемлекет арасындағы академиялық ұтқырлық мәселесін қарастырғанда кеңінен пайдалануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін шығыстану және халықаралық қатынастар саласының мамандарына, ЖОО интернационалдау үдерісін ұйымдастырушыларға, ЖОО оқытушылары мен студенттеріне қажетті теориялық, практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.

Жоғарыда аталғандарға қоса, зерттеу жұмысының нәтижелері Қазақстанның өзге де дамыған елдермен ЖББ саласындағы байланысын талдауға және даму мүмкіндіктерін анықтауға, мемлекетіміздің ЖББ жүйесінің интернационалдану бағыттарын әртараптандыруда, аталмыш үдерісті жүзеге асыру кезінде ескеру қажет тұстарын айқындауда пайдалы бола алады.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес экономикалық дипломатияда басым бағыттардың бірі ретінде білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық көрсетілген [164]. Сондықтан, қазақстандық оқу орындарының жапондық ЖОО-мен серіктестігінің мәселелері мен даму мүмкіндіктерін анықтау, мемлекетіміздің сыртқы саясатындағы жаңа бағдардың жемісті болуына өз үлесін қосуы мүмкін.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары

Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігін талдау нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар қорғауға ұсынылады:

– Қазақстандық ЖББ жүйесінің интернационалдануы көбіне дәстүрлі интернационалдануға жатады. Осы тұста Қазақстан мен Жапонияның ЖББ жүйесін интернационалдау саясатында бірінші кезекте пайда көру емес, керісінше серіктестік байланыстарды ілгерілету, көбейту ниеті байқалады. Жалпы қазақстандық ЖОО-лар жапондық университеттермен серіктестік арқылы өздерінің халықаралық рейтингтерін арттыруды, бірлескен зерттеулер жүргізуді және студенттермен алмасуды ілгерілетуді көздейді.

– Жапония Қазақстанды қосқанда өзге елдермен ЖББ саласында серіктестікті арттыруда мемлекеттің білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісін ілгерілету, бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар, жас, білікті мамандарды тарту, адами ресурстармен қамтамасыз ету мақсаттарын көздейді. Бұл туу көрсеткішінің төмендеп, халықтың қартаюына байланысты туындап отырған адами капиталдың жетіспеуі мәселесімен байланысты. Сонымен қатар, ЖББ саласындағы серіктестік гуманитарлық көмек көрсету, мемлекеттің белгілі бір аймақтағы немесе әлемдегі беделін арттыру мақсаттарында да жүзеге асырылады.

– Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде ұстанатын саясат, мемлекеттің сыртқы саясатымен тікелей байланысты. Жапония Қазақстанның сыртқы саясатындағы стратегиялық серіктестердің қатарына жатпайды, бұл жоғары білім беру саласындағы байланыстың әлсіздігіне ықпал етеді. Ал, Қазақстанның ЖББ саласында интернационалданудың негізгі легі Ресей, Қытай, Болон үдерісіне қатысушы елдермен жүзеге асырылуда.

– Білім саласындағы ынтымақтастық достық қарым-қатынастарды орнатуда және дамытуда маңызды рөл атқаратындығына қарамастан, екі ел арасындағы дүниетанымды қалыптастыруда Қазақстан мен Жапония арасындағы жоғары білім саласындағы серіктестікке қажетті деңгейде көңіл бөлінбей отыр. Сол себепті, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануында Жапонияның алатын үлесі өте аз.

– Екі ел арасындағы жоғары білім беру саласындағы серіктестік санаулы университеттердің бастамасы мен жекелеген адамдардың ынтасы негізінде жүзеге асып отыр. Жалпы, жапон университеттерімен серіктес болатын қазақстандық университеттердің саны аз және алмасу мамандықтары да шектеулі. Жапонияда білім алатын қазақстандық студенттер де азғантай ғана. Мұның себебі Жапонияны оқу елі ретінде таңдауға тежеуші себептердің болуымен түсіндіріледі, атап айтқанда: қаржылық шығындар, тұру және жол шығындары, елдер арасындағы географиялық қашықтық, тілдік фактор, т.б.

– Үкімет деңгейінде жоғары білім саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту үшін кешенді бағдарламалар қабылданып, ЖББ саласындағы серіктестікті дамытуға негіз болатын нормативтік құжаттарға қол қойылуы қажет. Сонымен қатар, екі ел жайлы және осы елдердегі білім беру мүмкіндіктері туралы ақпараттандыруды қолға алу маңызды.

– Екі ел арасындағы ЖББ саласындағы байланыс біржақты, нақты айтқанда қазақстандық студенттердің Жапонияға баруымен, ал Қазақстанға келуші жапондық студенттер мен мамандар санының аздығымен сипатталатындықтан, жапондық студенттерді тарту мақсатында онлайн, қысқа және ұзақ мерзімді түрлі курстар дайындалуы маңызды. Курстарды дайындау барысында тілдік ерекшеліктерге, ұйымдастыру мәселелеріне жіті назар аудару қажет.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлданыуы

Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қиыр Шығыс кафедрасының кеңейтілген Ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыланып (18 мамыр 2021 жылы, Хаттама №30), қорғауға ұсынылды. Ізденуші өзінің ғылыми зерттеу жұмысы бойынша 9 мақала жариялаған, соның ішінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті бекіткен басылымдарда 4 мақала, халықаралық конференциялар жинағында 3 мақала және халықаралық Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда 1 ғылыми мақала жариялаған.

1. Rustemova A., Aldabek N., Akhaponov Y. Modernization in Japan: stages and directions of reforms //Journal of Oriental Studies. – 2017. – 4(83). – P. 61-69.

2. Rustemova A. V International Farabi Readings: History of Educational Modernization in Japan //International Scientific Conference of students and young

scientists «Farabi Alemi», Almaty city, Kazakhstan (Almaty, April 3-13, 2018). – Almaty, 2018. – P. 232-236.

3. Rustemova A., Okada A., Rustem K. The Problem of research of Kazakhstan higher education system //Journal of Oriental Studies. – 2019. – 1(88). – P. 116-124.

4. Рүстем К., Рүстемова А. Жоғарғы білім беру жүйесіндегі – мемлекеттік ұстаным //«Рухани жаңғыру – қазіргі білім беру саласының жаңа көкжиегі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 10 сәуір, 2019. – 179-181 б.

5. Рүстемова А., Окада А. Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі //«VI Global Science And Innovations 2019: Central Asia’ International scientific practical conference» атты VI Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция жинағы (Нұр-Сұлтан, 9-13 мамыр 2019). – Нұр-Сұлтан, 2019. – Т. XI. – 23-26 б.

6. Рүстемова А., Окада А., Ашинова Ж. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационализациялануының бағыттары //ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2019. – 3(90). – 66-74 б.

7. Рүстемова А. Қазақ-жапон қарым қатынастары: қалыптасуы мен даму үрдістері //ҚазҰПУ Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2020. – 1(64). – 107-117 б.

8. Rustemova A. The international educational cooperation of Kazakhstan after independence: Focusing on Japanese higher education policy //The 25th JAISE (Japan Association for International Student Education) Annual Conference materials (Tokyo, September 9, 2020). – Japan, 2020. – P. 3-4. (жапон тілінде)

9. Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. The Academic Mobility of Students from Kazakhstan to Japan: Problems and Prospect //Social Science. – 2020. – 9(143). – P. 1-20. (<https://doi.org/10.3390/socsci9080143>).

Диссертациялық жұмыстың құрылымы

Зерттеу жұмысымыз кіріспеден және тақырыптың мақсат-міндеттерін ашатын, бір-бірімен логикалық байланыс негізінде құралған үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімінен, қосымшалар мен қысқартылған сөздерден және анықтамалар тізімінен тұрады.

1 ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНУ ҮДЕРІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісі туралы теориялар мен концепциялар

ЖББ жүйесіндегі интернационалдану үдерісі салыстырмалы түрде жаңа құбылыс, алайда аз уақыттың ішінде ол түсініктер мен тәсілдердің кең ауқымына айналды. Жоғары білімнің интернационалдануын қарастырған зерттеу жұмыстары, аталмыш үдерістің Орта ғасырлар мен Еуропадағы қайта өрлеу кезеңінде басталғанын айтады. Мәселен, Орта ғасырларда қажылық жасау мақсатында сапарға шыққан адамдарды жол бойынан көп көруге болатын. Осындай адамдармен қатар, ғұламалар мен ұстаздар, білім алушылар Еуропа елдерінде орналасқан өзге оқу орындарына жаңа білім, ғылым, орта іздеп сапар шекті [165]. Бұл қазіргі таңдағы біздің түсінігіміздегі ортақ тілді игеріп, тәжірибе алмасып, көзқарастарын бөлісуге бағытталған университет оқытушылары мен студенттерінің ұтқырлығын еске түсіреді. Интернационалдану үдерісінің жүзеге асуына жекелеген мемлекеттердің болуы шарт. Себебі, интернационалдану – әртүрлі ұлттардың көзқарасы, мәдениеті тұрғысынан білім мен ғылымға деген қарым-қатынасы, білім мен дәстүрдегі пікір алмасулары болып табылады [166, с. 32].

Интернационалдану ұғымы

Интернационалдану үдерісіне ең бірінші анықтама бергендердің бірі Дж.Найт екенін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Алғашында Найт интернационалдануды «оқу орындарының қызмет көрсету саласында, зерттеуде, оқыту үдерісінде халықаралық және мәдениетаралық өлшемдердің интеграциялану үдерісі» деп түсіндірді [62; 63]. Осы анықтама біраз жылдар иинтернационалдануды түсіндіру үшін пайдаланылып келді. Алайда, институционалдық негіздегі анықтаманың шектеулерін ескере отырып, Найт аталмыш үдерістің кіріспеде ұсынылған жаңа анықтамасын берді [66, р. 21].

Бірінші кестеде Найт белгілеген төрт жалпы көзқарас: белсенділік, құзіреттілік, ұстаным және үдеріске [63, р. 6] сәйкес, өзге ғалымдардың интернационалдану ұғымына қатысты берген анықтамаларының классификациясы көрсетілген.

Белсенділік аспектісінен қарастырғанда, жоғары білім берудегі интернационалдану – халақаралық білім берудің оқу үдерісіне интеграциялану үдерісі. Бұл ұстанымды жақтаушылар ретінде Харари, Класек, т.б. ғалымдарды атауға болады. Ғалымдардың пікірінше іс-шараларға негізделген мұндай тәсіл халықаралық ынтымақтастықтың артып, ұлттық қауіпсіздіктің күшеюіне және экономикалық бәсекелестік қабілетінің өсуіне септігін тигізеді.

Құзіреттілік тарапынан қарастырғанда, Содеквиттің пайымдауынша интернационалдану «оқытудың сапасын арттыру және қажетті құзіреттілікке жету үшін, оның тұтас басқаруының барлық аспектілерінде халықаралық өлшемдерді енгізу арқылы ұлттық жоғары оқу орнынан халықаралық жоғары оқу орнына айналу үдерісі» [167, р. 29] болып саналады. Интернационалдану

институттың оқу және зерттеу жұмыстарына қатысты мүмкіндіктерін жақсартады және университетке өз курстарын халықаралық нормаларға сай бағалауға мүмкіндік береді. Әдетте университеттер шет елдік студенттерді қызықтыру үшін, сонымен қатар үздік студенттер мен жоғары дәрежелі ғылыми қызметкерлерді, білікті мамандарды тарту үшін интернационалдануды қолданады.

Дүниетаным, ұстаным тұрғысынан алғанда интернационалдану дегеніміз жетекші мекеменің қолдауымен халықаралық кампус сипатын күшейту үдерісі болып есептеледі.

Ғалымдардың соңғы тобы интернационалдануды тұрақты үдеріс ретінде қарастырып, оған оқу, зерттеу және институттың қызмет көрсету функцияларына халықаралық, мәдениетаралық өлшемдерді енгізу деп түсіндіреді.

Кесте 1 - Интернационалдану ұғымына қатысты ғалымдардың берген анықтамаларының классификациясы [168, р. 270]

Жоғары оқу орындары жағдайындағы интернационалдану	
1. Белсенділік	Анықтама берген ғалымдар
Интернационалдану – әсіресе халықаралық студенттердің оқу үдерісіне қатысуы, студенттердің, оқытушылардың алмасуын қоса алғандағы оқу үдерісіндегі мәдениетаралық өлшемдерге баса назар аударатын жоғары білім берудегі белсенділік іс-шаралары	Харари (1992) Класек (1992) Арум және Ване де Уотер (1992) Местенхаузер (1998) Грин және Олсон (2003) Джавалги (2003) Пауэл (2004) Грин және Шоенберг (2006)
2. Құзіреттілік	Анықтама берген ғалымдар
Интернационалдану – жаһандық нарықта бәсекелесу үшін маңызды болып табылатын дағдыларды, білімді, көзқарастарды және құндылықтарды дамытуға баса назар аударатын үдеріс.	Содеквист (2002) Ван дер Венде (2007) Аюби, Масуд (2007) МакГован және Поттер (2008) Элькин и др. (2008) Липсетт (2009)
3. Дүниетаным, ұстаным тұрғысынан	Анықтама берген ғалымдар
Интернационалдану – мәдениетаралық, халықаралық перспективалар мен бастамаларға қолдау көрсететін, бағалайтын қолайлы орта мен жағдай жасау.	Пискерт және Терлингтон (1992) Хансон және Мейерсон (1995)
4. Тұрақты үдеріс	Анықтама берген ғалымдар
Түрлі ісшаралар, саясат, рәсімдерді үйлестіру арқылы оқыту, зерттеу және қызмет көрсету салаларына халықаралық, мәдениетаралық өлшемдерді интеграциялауды көздейтін үдеріс.	Найт (1994) Шурман (1999) Де Вит (2002) Олсон (2001)

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан түйетініміз, интернационалдану – халықаралық, мәдениетаралық және жаһандық мазмұн мен өлшемдердің ЖББ институттарының функциялары мен мақсаттарына интеграциялануын сипаттайтын көп қырлы, көп өлшемді үдеріс [169, p. 93].

Интернационалдану тақырыбын қарастырғанда, осы ұғымның глобализациядан айырмашылығы мен әр үдерістің ерекшеліктеріне тоқталып өту міндетті түрде қажет [170].

XXI ғасырда білім берудің жаһандануы мен интернационалдануы әдебиетте өзара байланысты үдерістер ретінде қарастырылып келеді [65; 50; 171; 14; 172]. Найттың айтуынша, «интернационалдану жоғары білім әлемін өзгертеді, ал жаһандану - интернационалдану әлемін өзгертеді». Жаһандану көбіне ұлттық экономикалардың конвергенциясы және сауда мен нарықтарды либеризациялау арасындағы байланыс ретінде қарастырылып келгенімен [65], жоғары білімнің интернационалдануы мемлекеттер арасындағы жоғары білім саласындағы қатынастарды, соның ішінде қызметкерлер мен студенттердің ұтқырлығын, түрлі шетелдік және өзге бағдарламаларды ұсынуды қамтиды [173]. Жоғары білімнің интернационалдануы қазіргі жаһандық контекстпен тығыз байланысты, ол студенттерді халықаралық, түрлі мәдени ортада өзара әрекеттесуге және тіл табысуға үйретті [174]. Жоғары білім беруді интернационалдаудың маңыздылығын қолдай отырып, ЭЫДҰ интернационалдау жоғары білім сапасының және ЖОО-лардың жауапкершілігінің көрсеткіші болуы керек дейді. Интернационалдану үдерісіне қатысу қазіргі жаһанданған ғасырдың өзгерістері мен талаптарына сай әрекет етуге, сондай-ақ оқыту мен оқу тәжірибесіндегі жаңашылдыққа мүмкіндік береді [14].

Интернационалдану көбіне жаһанданумен шатастырылады. Альтбах пен Найт жаһандануды XXI ғасырда ЖББ орындары мен жүйесін әлемде болып жатқан өзгерістерге барынша қатысуға, өзге елдердегі ЖОО-лармен араласуға итермелейтін экономикалық, саяси және әлеуметтік күштер деп атайды. Ғалымдардың пайымдауынша, жаһандық капитал нарығы (global capital) алғаш рет әлемдегі білім салаларына, соның ішінде жоғары білім мен үздіксіз білімге үлкен инвестиция құйды. Осы инвестициялар «білім қоғамының» («knowledge society») пайда болуын, қызмет көрсету секторының өсуін және қоғамның экономикалық өсуі үшін білім өнімдері мен жоғары білімді кадрларға тәуелділігін көрсетеді [65, p. 290].

Жаһанданудың нәтижелері ретінде, келесі мысалдарды атап өтуге болады: зерттеулердің интеграциясы, ағылшын тілінің ғылыми байланыстар үшін қарым-қатынас тілі ретінде пайдаланылуы, ғалымдар мен зерттеушілер үшін кеңейіп келе жатқан халықаралық еңбек нарығы, байланыс және трансұлттық компаниялардың көбеюі, сонымен қатар ақпараттық технологияларды (АТ) қолдану. АТ-лар қарым-қатынасты жеңілдетеді, білімді тиімді сақтауға, таңдауға және таратуға мүмкіндік береді, сонымен қатар провайдерлерге электронды оқыту арқылы академиялық бағдарламалар ұсынуға мүмкіндік береді. Жаһандану өзгермеу мүмкін, бірақ интернационалдану көптеген таңдауларды қамтиды. Жаһандануға байлықты, білім мен күшті осы элементтерге ие

адамдарда немесе ұйымдарда шоғырландыру тән. Халықаралық академиялық ұтқырлық та дамыған білім жүйелері мен мекемелердің одан әрі дамуына ықпал етеді, осылайша бар теңсіздікті күшейтеді. Интернационалданудың бір сипаты Америка және Еуропа елдерінің бастамалары мен бағдарламаларының Азия және Африка құрлықтарындағы мемлекеттерге бағытталғандығында. Бұл алғашқылардың институттары мен корпорациялары білім және ғылымды, оның өнімдерін және АТ-инфрақұрылымының басым бөлігін менгергендігімен түсіндірілетін. Алайда, қазіргі таңда интернационалдану Азия және Африка құрлықтарының арасында дамып келе жатқандығын атап өту қажет. Интернационалдану – бұл екі жақты қозғалыс. Мысалы, студенттер Азия, Африка құрлықтарынан Еуропа мен Америкаға оқуға барады, осы қозғалыстың нәтижелері дамушы елдердегі маңызды қажеттіліктерді қамтамасыз етуге бағытталған. Ғалымдардың айтуынша, ЖББ бағдарламалары мен мекемелерінің трансшекаралық қозғалысы, басқалай айтқанда академиялық және ғылыми кадрлардың халықаралық нарығының кеңеюі, оқу бағдарламаларын интернационалдау және халықаралық жоғары білім беруді, әсіресе бейінді білім беру секторын коммерцияландыру үрдісі әлемде үлкен қарқынмен орын алып жатыр. Осы аталған өзгерістер әсіресе табыс табуды көздейтін университеттер мен басқа провайдерлер үшін ірі бизнес болып саналады [170, р. 96].

Жоғары білім берудің интернационалдануы мен ғалымдардың ұтқырлығы әрқашан тарихи, экономикалық және саяси факторлармен тығыз байланысты болып келген. Ризви [175] интернационалдану мен ұтқырлықтың әр түрлі кезеңдеріне шолу жасау барысында он сегізінші ғасырда британдық, француз және еуропалық отаршылдар өздерінің өркениетін насихаттау және отаршылдық императивтерге қызмет ету үшін студенттерге білім беру мен ұтқырлықты пайдаланғанын атап өтеді. Отарлаудан кейінгі кезеңде, халықаралық білім беру адами ресурстарды дайындауға бағытталған сыртқы көмектің бір түрі ретінде насихатталды. Алайда, мұндай тәсіл ұтқыр студенттерді қабылдаушы елдердің саяси және экономикалық мүддесі мен адами ресурстармен қамтамасыз етуші елдердің қабылдаушы елдерге тәуелділігін күшейту құралы ретінде сынға ұшырады. Соңғы отыз жылдан астам уақытта аталмыш үдеріс білім берудің халықаралық саудаға үлес қосуы ретінде сипат алып, қабылдаушы мекемелер мен елдер үшін табыс табудың көзі ретінде шетелдік студенттердің жаппай қабылдануына әкеліп соқты. Осы тұстан қарастырғанда, халықаралық білім беру қызмет көрсетудің экспорты болып саналады [176].

Білім беру жүйесінің интернационалдануының негізгі принциптері мен бағыты дамушы және дамыған елдерде әр түрлі болуы мүмкін. Экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени және академиялық факторлар жоғары білім берудің интернационалдануына ықпал ететін төрт негізгі фактор ретінде ұсынылады [177]. Білім беруді интернационалдаудың бағыты гуманистік, дамушы, кооперативті немесе коммерциялық болуы мүмкін. Мәдениетаралық түсіністікті дамыту, аймақтағы көршілес мемлекеттермен және әлемнің өзге елдерімен өзара әрекеттесуді ынталандыру кейбір Азия елдері үшін білім беруді интернационалдаудың негізгі қозғаушы күші болып отыр [178]. Кей

зерттеушілердің пікірінше, ағылшын тілді елдердегі оқу орындары интернационалдану арқылы, білім беруді маркетинг және коммерцияландырумен байланыстыруға тырысады [179]. Ал, Азиядағы көптеген дамушы елдер үшін интернационалдану даму күші бола алады, өйткені ол неғұрлым білікті жұмыс күшін дамыту құралы ретінде қарастырылады. Басқа елдер үшін білім беру жүйесін интернационалдауға түрткі болатын себептер негізінен үдеріске қатысу және ынтымақтастықпен қатар, әлеуетті арттыруға деген ниеттері де байқалады. Дегенмен, бұл мақсаттар ағылшын тілді елдерде үстемдік ететін нарықтық принциптерге қайшы келеді [178]. Кей ғалымдар, интернационалданудың коммерцияландыруы мен экономикалық бағытын сынға ала отырып [180, р. 439], интернационалдану «жаһандық азаматтыққа, адамдар арасындағы келісімге және жаһандық бейбітшілік атмосферасына ұмтылатын интернационалданған оқу бағдарламасын әзірлеуді міндет тұтуы қажет» деп есептейді.

Жоғары білім берудің интернационалдануы жалпы жағымды үдеріс ретінде қарастырылып келген. Дегенмен, кей зерттеушілер интернационалдану үдерісінің күрделілігі мен мақсаттарын сыни тұрғыдан зерттеп, аталмыш үдеріс батыс елдерінің институттарын, мәдениеті мен тәжірибесін әмбебаптандырудың тәсілі деген көзқарасты ұстанады. Интернационалдаудың дау тудырған осы мәселесі «отарлық сипаттама» [181, р. 4] немесе «білім арқылы қайта отарлау» («recolonization of knowledge») [180, р. 454] деп те аталады. Интернационалдану және жаһандану саласындағы танымал ғалымдар, соның ішінде Сингх пен Хан [182] және Ризви [183] батыс еуропа елдерінің академиялық тәжірибесінің этноцентризміне баса назар аударады. Осы мәселе, шетелдік студенттерге қойылатын «батыстық» тәжірибеге сай болу, соған сәйкестендіру талаптары мен міндеттемелеріне қарсылық білдіретін біршама зерттеулерде көрініс тапқан [181; 184]. Кей ғалымдар, интернационалдануды «батыстық» үлгіні өзге елдерден келген студенттерге көрсету, «батыстық әдіс» немесе «батыстық құндылықтарды» үйрету деген қате пікірді ұстанатын оқытушыларды сынға ала отырып, аталмыш үдерісті жүзеге асыру барысында өзара бейімделуге мән берудің маңыздылығын алға тартады [185, р. 637; 186].

Білім беру саласындағы интернационалдануды жүзеге асыруға түрткі болатын уәждемелерді түсіну осы тақырыптағы талдаудың маңызды тұстарының бірі болып саналады. Альтбах пен Найттың пайымдауынша интернационалдауға себеп болатын бірнеше уәждемелер бар, олар:

– Пайда көзі.

Коммерциялық секторда жүзеге асырылатын барлық интернационалдану жобалары үшін және қаржылық проблемалары бар кейбір дәстүрлі, коммерциялық емес университеттер үшін бірден-бір уәж – қаржылай пайда табу. Мұндай университеттер жаңа институттар құру, қолданыстағы оқу орындарын сатып алу және басқа елдердің фирмаларымен немесе оқу орындарымен серіктестік орнату арқылы халықаралық нарыққа шығуды көздейді. Көптеген елдерде шет елдік жоғары оқу орындарымен байланысы бар жаңа жеке университеттер ашылуда, олардың ішінде кейбірі коммерциялық секторда

жұмыс жасайды. Коммерциялық емес, дәстүрлі университеттер де халықаралық нарыққа шығып отыр, алайда Найттың айтуынша [187], оларды интернационалдануды жүзеге асыруға итермелейтін негізгі себептері қаржы мәселесі емес, керісінше, зерттеулер мен білім мүмкіндіктерін кеңейтіп, өзге мәдениеттермен жақын танысу, түсіністікті арттыру.

– Қолжетімді жағдайлар жасау және сұранысты қамтамасыз ету.

Шетелде білім алу көп жағдайда қаражатты қажет етеді, оның үстіне жоғары білімге деген сұраныс үздіксіз көбейіп келеді. Осы факторларды ескере отырып, қолжетімді жағдайлардың жасалынуы, интернационалдауға жүгінуге себеп болуы мүмкін, мәселен: филиалдар ашу, шетелдік академиялық бағдарламаларды енгізу, франшиза негізінде дипломдар алу мүмкіндігіне жол ашу немесе шетелдік академиялық модельдерге негізделген тәуелсіз институттарды ашу, т.б.

– Дәстүрлі интернационалдану.

Дәстүрлі интернационалдану табыс табудың көзі ретінде сирек кездеседі, дегенмен ол жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін, беделін арттырып, стратегиялық одақтарын көбейтуге мүмкіндік жасайды. Филиалдардың ашылуы, франчайзинг бағдарламалары және жергілікті институттармен серіктестік, дамушы және орта табысты елдерге тән құбылыс. Мұндай дәстүрлі интернационалдануды көздейтін істерге студенттер қалашығын интернационалдау бастамалары: шетелде оқу тағылымдамалары, аймақтық оқулар мен халықаралық қатынастарды оқыту арқылы оқу бағдарламаларын түрлендіру, шет тілдерін үйрету және шетел студенттерін кампуста оқуға демеушілік кіреді [188]. Дәстүрлі интернационалдану табыс табудың әдісі ретінде сирек пайдаланылады, дегенмен ол жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін, беделін арттырып, стратегиялық одақтарын көбейте алады.

– Еуропалық интернационалдану.

Еуропалық интернационалдану негізінен Еуропалық Одақ (бұдан әрі ЕО) елдеріне бағытталған, дегенмен Болон үдерісіне ЕО-ға кірмейтін бірнеше елдер қосылып, интернационалданудың осы түрінің дамуына ат салысып отыр. Жалпы Болон үдерісіне кіретін елдер студенттерді көп жағдайда шетелде білім алуға үгіттейді.

Интернационалданудың бұл түрі жиырма жылдан астам уақыт ішінде экономикалық және саяси интеграцияға көшу аясында академиялық интернационалдануды белсенді жүзеге асырып отырған Еуропалық Одақтың (ЕО) жұмысымен тікелей байланысты. Бастапқыда, ЕО ERASMUS сияқты бағдарламаларды алға тартты және молынан қаржыландырды, бұл ЕО университеттерінің көптеген студенттеріне өз елдерінен тыс жерде академиялық тағылымдамадан өтуге мүмкіндік берді [189]. Еуропалық аймақтық интеграцияның ауқымы кеңейіп, қазіргі таңда Болон үдерісі ғылыми дәрежелердің құрылымын сәйкестендіріп, студенттердің академиялық кредиттері мен тең дәрежедегі академиялық біліктілікті қамтамасыз ету үшін, бүтін бір аймақтардың академиялық жүйелерін үйлестіріп отыр [65. р. 294].

– Дамушы елдердің интернационалдануы.

Дамушы елдер студенттер қауымдастығының сапасы мен мәдени құрамын жақсарту, өз оқу орындарының беделін арттыру және табыс табу мақсатында шетелдік студенттерді өз университеттеріне тартуға тырысады.

– Жеке интернационалдану.

Халықаралық білім беру саласында үкімет, академиялық мекемелер немесе қайырымдылық ұйымдары емес, керісінше студенттер табыстың ең үлкен көзі болып есептеледі. Мәселен, әлемде екі миллионнан астам халықаралық студенттердің көпшілігі өзін-өзі қаржыландырады, яғни олар және олардың отбасылары оқу үшін ақы төлейді [65, p. 294-295].

Интернационалданудың уәждемелерін талдай келе, олардың аймаққа, елге немесе ЖОО-ның алдына қойған мақсатына байланысты әр түрлі болатынын байқаймыз.

1.2 Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануының түрлері мен толқындары

1.2.1 Жоғары оқу орындарының интернационалдану түрлері

Жоғары білім берудің интернационалдануы дегеніміз не, немесе ол қалай жүзеге асады деген сауалдарға жауап беру барысында, интернационалданудың саясаты мен бағдарламасында, үздіксіз дамып, өзара байланыста болатын негізгі екі компонентті қарастырып өту маңызды [66, p. 22-24]. Оның бірі сыртқы интернационалдану (*internationalisation abroad*), оған білім беру саласында шет елдермен жүзеге асып жатқан барлық іс-шаралар кіреді. Мәселен: студенттердің немесе оқытушылардың алмасуы, бірлескен жобалар, бағдарламалар мен провайдерлер. Екіншісі, ішкі интернационалдану (*internationalisation at home*), ол өз кезегінде оқу жоспарына бағытталған және бір елдің ішіндегі оқу орындары арасында жүзеге асады. Интернационалданудың қай түрі болса да оқу бағдарламалары мен халықаралық, жаһандық, мәдениенаралық түсініктің дамуына бағытталған.

Сыртқы интернационалдану өз кезегінде төменгі компоненттерден тұрады:

- Кредиттік ұтқырлық
- Қызметкерлердің ұтқырлығы
- Толық академиялық деңгейді алу ұтқырлығы
- Трансшекаралық жеткізу (*cross-border supply*) (мұның ішіне шетелдік бағдарламалар мен соларды ұсынатын оқу орындарының ұсынаын шаралары, т.б. кіреді)

Шет елдік студенттер ұтқырлық бағдарламаларымен Erasmus сияқты қысқа мерзімді алмасуға немесе толық дипломды бағдарламалармен шет елге оқуға баруы мүмкін. Жоғары оқу орындарында шет елдік студенттердің оқуы оларды қабылдаушы университеттермен қатар үкімет, қала әкімшілігі және «жоғары білім беру бизнесіне» қатысы бар өзге ұйымдар үшін маңызды. Осыған дейін оқытушылардың ұтқырлығы стратегиялық тұрғыдан азырақ дамыған болатын, алайда оқу бағдарламасының интернационалдануының арқасында, оның да маңызы артуы мүмкін.

Студенттердің ұтқырлығы

Кредиттік ұтқырлық немесе ұтқырлық интернационалдану саясатында маңызды рөл атқарады. Әсіресе, еуропалық саясатта оның орны ерекше, себебі ол жұмысқа тұру мүмкіндігіне, білікті мамандардың миграциясына және оқу орындары берген деңгейлердің ұтқырлығына тікелей әсер етеді. 2012 жылы Еуропалық Одақ өзінің атақты Erasmus бағдарламасының 25 жылдығын атап өтті. 1987 жылы басталған бұл бағдарламаға осыған дейін үш миллионнан астам ұтқырлық бағдарламаларының студенттері қатысып, қатысушы елдер саны 11 мемлекеттен 33-ке дейін көбейген [72, p. 50].

Екінші кестеде аймақ бойынша соңғы алты жылда шет елге оқуға кеткен студенттердің саны көрсетілген. Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының (бұдан әрі ЮНЭСКО) ақпараттарынан түйетініміз, жылдан-жылға жоғары оқу орындарының интернационалдану көрсеткіші жоғарылауда. Қай аймақты алсаңыз да студенттер ағымы толастауда. Бір қызығы, көп жағдайда Араб елдерінің студенттері академиялық ұтқырлық бойынша Франция мемлекетін (29%), Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің студенттері Германияны (16%), Орталық Азиядан шыққан студенттер Ресей Федерациясын (46%), ал Шығыс Азия мен Тынық мұхиты (28%), Латын Америка мен Кариб теңізі елдерінің (33%) жастары Американы таңдайтын көрінеді. Батыс Еуропалық студенттер Ұлыбританияны жөн көрсе (23%), Оңтүстік және Батыс Азия мемлекеттерінен шыққан студенттер (38%) АҚШ-ты таңдайды [190, p. 14].

Кесте 2 - Шет елге оқуға кететін студенттер саны (аймақ бойынша) [223]

Көрсеткіш	Шет елде оқитын халықаралық жоғары оқу орындарының студенттері, барлық елдер (адам)					
	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Жылдар						
Барлық әлем	4058385,2	4230286,1	4495944,3	4787696	5085893	5085159,4
Араб елдері	327216	355435	406524	441533	481314	468762
Орталық және Шығыс Еуропа	419840	419729	429912	442372	451169	450692
Орталық Азия	150268	175199	221047	248841	274505	271434
Шығыс Азия және Тынық мұхиты елдері	1146533	1170156	1228372	1296950	1368347	1367025
Латын Америка және Кариб теңізі елдері	258146	265476	280854	299782	311368	312128
Солтүстік Америка және Батыс Еуропа	623571	642693	660722	681165	692625	692933
Оңтүстік және Батыс Азия	366475	385169	441963	501113	572279	568830
Оңтүстік Сахара және Африка	290917	296148	330676	355664	372273	367482
Шағын дамушы арал мемлекеттер	95326	96181	97285	98574	101430	101241

«Интернационалданудың негізгі элементтерінің бірі – академиялық ұтқырлық / трансшекаралық білім» [55, р. 134]. Студенттер мен оқытушылардың халықаралық ұтқырлығы тақырыбы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңінен талқыланды, бұл «халықаралық қарым-қатынастардың кеңеюі елдер арасындағы өшпенділік пен сенімсіздікті жеңуге көмектеседі және өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа дайын болуға ықпал етеді» [56, р. S7] деген позитивті тұрғыдан қарастырылды. Тейхлердің пікірінше, халықаралық студенттердің ұтқырлығы дегеніміз «көздеген елде оқуды бастау үшін шекарадан өтуді» білдіреді [57, р. 187]. Тейхлер халықаралық студенттердің ұтқырлығына қатысты ара жігін ажыратып, айқындауды қажет ететін жеті мәселені анықтайды: 1) «мобильді» студенттер және «шетелдік студенттер» мен «шетелде оқу»; 2) академиялық ұтқырлық бойынша шетелден келу және шетелге шығу; 3) толық дәреже алу бағдарламасы бойынша және қысқа мерзімді ұтқырлық; 4) «тік» және «көлденең» ұтқырлық; 5) білім алу мақсатындағы ұтқырлық және білім алуға қатысты мақсаттардағы ұтқырлық; 6) ұтқырлық деп атауға болатын уақыт мерзімінің шегі; 7) оқу үдерісінің белгілі бір кезеңіндегі ұтқырлық пен оқу үдерісі барысындағы ұтқырлық [57, р. 186].

1. «Мобильді» студенттер және «шетелдік студенттер»

Халықаралық статистикалық мәліметтер бойынша ұтқырлық бағдарламаларына қатысушы студенттердің саны жылда өсіп отырады. Дегенмен, мұндай мәліметтерде шет елдік студенттер мен ұтқырлық бағдарламалары студенттерінің ақпараты бірге қосылып жарияланатындығын ескеру қажет.

Жалпы мұндай ақпарат көздерінде студенттер «азаматтығы», «ұлты» немесе «төлқұжаты» бойынша топталады. Алайда, шетелдік студенттердің едәуір бөлігі ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға ниет білдірген шет елде оқу басталғанға дейін тұрып, осыған дейін орта немесе қандай да бір өзге білім алған. Тейхлердің пайымдауынша, бүкіл әлемде ұтқырлық пен көші-қон көбейген сайын, азаматтығы бойынша ұтқырлыққа жатқызу кей жағдайда дұрыс емес. «Шетелдік студенттердің ұтқырлығын» оқу мақсатында межелеген елдің шекарасынан өткен сәттен есептеген жөн.

Сонымен қатар, адамдар ЖОО-на түсуден бұрын, өздері азаматы болып саналмайтын шетелде тұрып, білім алу мақсатында сол елдің азаматтығына көшуі мүмкін. Сонымен қатар, кейбір студенттер оқу үшін басқа елге көшіп, оқу барысында сол елдің азаматы бола алады. Мұндай студенттер оқу мақсаты тұрғысынан қарағанда мобильді, бірақ шетелдік емес [191].

2. Академиялық ұтқырлық бойынша шетелден келу және шетелге шығу (inbound and outbound mobility)

Ұтқырлықтың анықтамасы бойынша студенттің бір елден екінші елге ауысуы, шетелге шығу (студенттің «өз» елі немесе «жіберуші» институт тұрғысынан алғанда) немесе шетелден келу («қабылдаушы» ел немесе «мекеме» тұрғысынан алып қарағанда) ұтқырлығы болып саналады. Егер статистикалық мәліметтерді жинау барысында олардың ұтқырлығын емес, студенттердің ұлтына негізделіп жасалған болса, онда пайдаланылуға тиісті терминдер

«шетелдік студенттер» және «шетелде оқитын студенттер» болып есептеледі [57, р. 188].

Шындығында, жоғары оқу орындары талапкерлер (және/немесе шетелдік студенттер) туралы мәліметтерді жинауға дағдыланып алған, бұл мәліметтерді ұлттық және халықаралық деңгейде біріктіру ешқандай қиындықсыз жүзеге асырылуы мүмкін. Көптеген жағдайларда ақпарат студенттерді ұтқырлық аясында шетелге жіберуші елдерде де жиналып, жүйеленеді. Алайда, шетелге шығу ұтқырлығы туралы деректер сирек жиналады және көп жағдайда толық емес болуы мүмкін. Осылайша, ұтқырлық бойынша білім алып жатқан студенттердің және шетелде оқитын студенттердің халықаралық статистикасы шығу тегіне қатысты мәліметтерді жинауға негізделген. Мысалы, басқа елдерге баратын француз студенттерінің саны француздық ақпарат көздерінен жиналмайды, бірақ Франциядан келген студенттер деп көрсетілген барлық басқа елдердің ұтқырлық бағдарламалары студенттерінің (немесе шетелдік студенттер) статистикасы негізінде анықталады.

3. Қысқа мерзімді ұтқырлық және толық академиялық дәрежені алу бағдарламасы

Көптеген студенттер толық академиялық дәрежені алу бағдарламалары бойынша халықаралық ұтқырлық бағдарламалары бойынша білім алады, мысалы, бакалавр дәрежесін алу үшін үш-төрт жыл шетелде оқиды. Басқалары шет мемлекетте бір семестр немесе бір оқу жылы сияқты қысқа мерзім аралығында оқиды. Ұтқырлықтың осы түрлерінің айырмашылығын айқындау үшін әртүрлі терминдер қолданылады: соңғысын «уақытша», «қысқа мерзімді ұтқырлық» немесе «кредит-ұтқырлық» студенттер деп атаса, алғашқы түрін «толық оқу жоспарына сай ұтқырлық», «диплом үшін ұтқырлық» немесе «академиялық дәреже үшін ұтқырлық» деп атауға болады.

Студенттердің ұтқырлықтың жоғарыда аталған түрлеріне қатысу себептері әр қилы. Бір жағынан, толық академиялық дәрежені алу ұтқырлығын таңдайтын студенттер алдыңғы оқу орындарының білім беру жүйесінен кетіп, басқа білім беру жүйесіне толықтай енгісі келеді және сайып келгенде, осы елде жоғары білікті маман екендігін көрсететін дәреже алғысы келеді. Екінші жағынан, уақытша ұтқыр студенттер басқа білім беру жүйесінде біраз уақыт тәжірибе жинағысы келеді, бірақ көбіне олар оқу үдерісінің басым бөлігін өз елдерінде немесе оқу мекемесінде өтуді қалайды. Шетелде оқу сапа тұрғысынан өз елінде немесе оқу орнында білім алғанмен тең деңгейде немесе одан сәл жоғары не төмен деңгейде, «жіберген» оқу орнынан өзге жағдайда білім алуға қосымша мүмкіндік береді. Қысқа мерзімді ұтқырлық бағдарламасымен оқитын студенттер шет елде алған кредиттері мен жетістіктерін «жіберуші» оқу орны мен өз еліндегі жетістіктерге тең деп танып, елге оралғаннан кейін ұтқырлық бағдарламаларына қатыспайтын өзге студенттерден ұзақ оқуға мәжбүр болмайды деп үміттенеді.

4. «Тік» және «көлденең» ұтқырлық

«Тік ұтқырлық» ұғымы ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқушы студенттің өзі білім алатын ЖОО-ға немесе еліне қарағанда жоғары академиялық сапалы білім беретін оқу орнына немесе мемлекетке баруын білдіреді.

Ұтқырлықтың мұндай түрі көбіне экономикалық даму деңгейі төмен мемлекеттен даму деңгейі жоғары елге оқуға барумен сипатталады. Ал, «көлденең ұтқырлық» дегеніміз – бұл студенттің негізгі оқитын академиялық ортасы мен шыққан елінен білім беру сапасы айтарлықтай айырмашылығы жоқ, даму деңгейі шамалас мемлекетке немесе оқу орнына баруын білдіреді. Көптеген сарапшылар әлемдегі студенттердің басым бөлігінің ұтқырлығы көлденеңнен гөрі тік екендігімен келіседі. Алайда, Еуропада көлденең ұтқырлық кеңінен таралған. Көп жағдайда тік (вертикаль) ұтқырлық – толық академиялық дәрежені алу мақсатындағы ұтқырлық болса, көлденең ұтқырлық көбіне қысқа мерзімді бағдарламаларға тән болады.

Ұтқырлықтың осы екі түрінің айырмашылығын былайша түсіндіруге болады: тік ұтқырлықты таңдайтын студенттер өз елдерінде немесе аймақтарында оқығаннан гөрі, ұтқырлық арқылы біліктіліктің жоғары деңгейіне жетуді көздейді. Осы мақсатта олар алдыңғы академиялық деңгейге жету үшін қабылдаушы мекеменің академиялық өміріне және қабылдаушы елдің әлеуметтік және мәдени өміріне бейімделуге және сіңісуге дайын болады. Көлденең ұтқырлықты таңдайтын студенттер, керісінше, оқу орнында немесе межеленген елде жоғары деңгейлі оқыту мен білім алуды күтпейді, бірақ оқу үдерісі, оқытылған пәндер, оқыту әдісі, немесе әлеуметтік-мәдени орта арқылы, өзі оқитын ЖОО-мен, өз елімен салыстырмалы тәжірибе жинауды мақсат тұтады [192].

5. Білім алу мақсатындағы ұтқырлық және білім алуға қатысты мақсаттардағы ұтқырлық

Көптеген зерттеулер студенттердің тұрақты білім алу мақсатында басқа ЖОО-ға қабылданғанын анықтаумен қатар, студенттердің өздерінің оқу бағдарламаларына немесе халықаралық тәжірибеге тікелей немесе жанама байланысы бар басқа жұмыстармен айналысу мақсатымен, белгілі бір уақыт аралығында шетелге бару мәселесін де қарастырады. Мәселен, студенттер халықаралық тәжірибе жинау мақсатымен, басқа елдерге тілдік курстарға немесе жазғы мектептерге қатысуы мүмкін. Мұндай мысалдар білім алуға қатысты мақсаттағы ұтқырлыққа жатқызылады.

6. Ұтқырлық деп атауға болатын уақыт мерзімінің шегі

Жоғарыда айтылғандай, студенттердің уақытша ұтқырлық бағдарламасы бір жылға жуық болса да, халықаралық және ұлттық статистикалық мәліметтерде көрінбейтін кездер көп. Жалпы, ұтқырлық деп атауға болатын уақыт мерзімінің шегіне қатысты мәселен ЖОО-лар арасындағы серіктестікте жиі талқыланады.

7. Профессор-оқытушылар құрамының ұтқырлығы

Ұтқырлық жайлы сөз қозғалғанда, көп жағдайда білім алушылардың ұтқырлығы мәселесі талқыланады. Алайда, сирек те болса оқытушылар мен университет қызметкерлерінің ұтқырлығы жүйелі түрде іске асырылып отырады. Университетаралық келісімшарттар ұстаздар мен зерттеушілерге арналған академиялық алмасу бағдарламаларын да қамтиды. Алайда, көп жағдайда шешім кафедралар мен оқытушылардың қалауына байланысты болады. Постиглионе

мен Альтбахтың айтуынша: «Университетте сабақ беретін оқытушылар кез-келген академиялық ортаның интернационалдану стратегиясында негізгі рөл атқаратыны мәлім. Анығын айтқанда, профессорлар – филиалдарда сабақ беретін, франчайзинг бағдарламаларына арналған оқу жоспарларын құратын, шетелдік әріптестерімен бірлесе зерттеулер жүргізетін, шетелдік студенттерге дәріс беретін, халықаралық басылымдарда мақала жариялайтын адамдар. Шынында ғалымдардың толық, белсенді және ынталы қатысуынсыз, интернационалдау әрекеттері сәтсіздікке ұшырайды» [193, p. 11].

8. Толық академиялық деңгейді алу ұтқырлығы

2000 жылдан 2010 жылға дейін жаһандық деңгейдегі ұтқырлық 2,1 миллионнан 4,1 миллионға дейін артып, орташа жылдық көрсеткіші 7,1% құрап, 2020 жылы жеті миллионға жетеді деп күтілуде. Оның 41% Еуропаны, ал 21% АҚШ-ты тандайды деп күтілуде. Ал, ең тез дамып келе жатқан өңірлер ретінде Латын Америкасын, Кариб теңізі мен Азия-Тынық мұхиты аймағын атауға болады. 2010 жылғы деректерге сүйенсек, оқу ақысы жоғары болғанына қарамастан студенттердің басым бөлігі, нақтырақ айтқанда 37% ағылшын тілінде сөйлейтін елдерді таңдаған, оның ішінде Америка 17%, Ұлыбритания 13% және Австралия 7%. Одан кейінгі кезекте оқу ақысы салыстырмалы түрде төменірек болып келетін Германия мен Франция орналасқан. Франция шетелдік студенттерді мықты тарихи, мәдени және лингвистикалық тұстарымен қызықтырса, Германия халықаралық оқу аймағы ретінде өзінің атағын шығару үшін біраз қаражат бөлді [194].

Трансшекаралық білім беру

Трансшекаралық немесе трансұлттық білім беру дегеніміз – студенттердің академиялық дәреже беретін оқу орны орналасқан мемлекеттен бөлек елде оқуы [195]. Бұл студенттердің трансшекаралық ағымынан басталып, орталықтар мен кампустардың дамуына ұласып, соңында бағдарламалардың виртуалдық ұтқырлығын қалыптастыратын, жоғары оқудың жаһандану кезеңін білдіреді [190]. Оның ерекшелігі, осы үлгіні пайдаланатын елдер мен мекемелер санының шектеулігінде. Мұндағы бағдырламалардың виртуалды ұтқырлығы дегеніміз бағдарламалардың шекара асып өзге елдер мен оқу орындарында ендірілуін білдіреді.

Шетелдік ЖОО-дың филиалдары мен франчайзинг операцияларының санының өсуі маңызды болғаны соншалық, Британ Кеңесі мен DAAD (Германияның академиялық алмасу қызметі) баяндамаларында ол «бірқатар дамушы елдердегі жоғары білімнің маңызды құрамдас бөлігі» ретінде сипатталған [196]. Шын мәнінде осындай кампустар мен операциялардың басым бөлігі дамушы елдерде орналасқандығын атап өту қажет, ал оның негізін қалаушылар ағылшын тілді мемлекеттер болып есептеледі. Мәселен, бакалавр деңгейіне қабылданған ұлыбритандық студенттердің 20% оффшорлық кампустарда немесе аталмыш елдің жоғары оқу орындарының франшизалық бағдарламаларын иемденген шетелдік университеттерде оқиды [197, p. 7]. Дәл сол сияқты Австралияға келетін шетелдік студенттердің 25% астамы шет елдерде оқиды.

Әдетте, шетелде оқуға кететін шығындар, студенттердің өз елінде оқумен салыстырғанда әлдеқайда қымбат болады, сондықтан студенттің ұтқырлығы ішкі қажеттілік сұранысты толық қанағаттандыра алмайтын жағдайда пайда болады [198]. Қанағаттандырылмаған сұраныс ЖОО-лар қабылдай алатын орындардың толып, бос орынның болмауына немесе білім сапасының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Баратын елді таңдауда негізі анықтаушы факторлардың қатарында зерттеушілер жалпы тарихи / отарлық байланыстарды (мысалы, Францияға бұрынғы француз отарларынан), қаржылық шығындарды, географиялық жақындықты, межелі елде ғылым мен білімнің жоғары деңгейде дамуын және жалпы тілдің әсерінің маңыздылығын атап көрсетеді [199, р. 15-17]. Зерттеушілердің басым бөлігі, әдетте студенттер шетелде білім алу мақсатымен оқитын елді таңдаған кезде, өз елдерінің экономикалық жағдайынан төмен емес, яғни экономикалық тұрғыдан дамыған елдерді жиі таңдайды деген көзқарасты ұстанады. Алайда, мәдени жақындық маңызды айқындаушы фактор болып табылмаса да, мәдениетке деген қызығушылықтың кей тұстары трансшекаралық білім алу легінің құрылымы туралы баяндамаларда елеулі орын алады.

Шетелде оқу және тұрудың өзі практикалық жағынан өте құнды, студенттерің өз елінде қол жеткізе бермейтін, бағалы тәжірибе. Шетелде оқудың толық дипломдық бағдарламалары мен салыстырмалы түрде қысқа мерзімді, дипломсыз бағдарламалары бар. Мұның алғашқысына қарағанда соңғысы білім алушылар арасында кеңінен тараған, оның себебі шетелде өмір сүруге кететін қаржы және басқа да шығындардың салыстырмалы түрде аздығына байланысты.

Бұл Жапонияда және басқа да дамыған елдерде оқыған жағдайда өте маңызды факторлардың бірі. Жалпы білім алушылардың шетелдік ЖОО-да оқуға деген ынталары шетелде білім алу үрдісінің дамуының алғышарттарының бірі болып саналады. Шетелдік университетте оқуға деген қызығушылық тудыратын себептердің есебінен, көптеген студенттердің шетелде оқуды таңдауына әсер ететін факторлардың қатары артып келеді. Расселл Кинг [200] және Энрик Руис-Гелич халықаралық студенттер көші-қонын ұйымдастыру ісі (ұтқырлық) « ... сирек жағдайда дәстүрлі экономикалық факторлармен, алайда, көп жағдайда білім беру / ойын-сауық / туристік / іс жүзінде шараларға деген ынталанған жастардың көші-қонының кең шеңбері аясында өтеді» дейді [201, р. 231].

Трансшекаралық білім беру қызметтері – ақпараттық сипаттағы және тәжірибелік өнімдер болып саналады, сондай-ақ олардың сипаттамалық қасиеттерімен және мәселелерімен байланысты болып келеді. Басқа сөзбен айтқанда, трансшекаралық білім беру қызметі шекара асып, өзге елде білім алу және өмір сүру болғандықтан, осы қызметті тұтынғанға дейін, яғни шын мәнінде межелі елге барып, білім алғанға дейін тұтынушылар өнімді толықтай бағалай алмайды. Сондықтан тұтыну туралы шешім қабылдау барысында рейтингтер көрсеткіші, шолулар, басшылықтар құрамы мен аккредиттеу жөніндегі тәуелсіз агенттіктердің ұсынатын мағұлматтары және т.б. негізгі ақпарат көздері болып саналады. Осындай нарықтық ортада брендтердің, сенімді делдалдардың және таныс ақпараттық арналар мен платформалардың білім алушыларды қызықтыру

мүмкіндіктері кеңейеді. Белгілі бір ел жайлы кеңінен тараған Әр елдің ұлттық танымы, ерекшеліктері оның білім беру қызметтеріне деген сұранысына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Халықаралық байланыстар саласына тигізетін әсері

Студенттік ұтқырлықты ілгерілетудегі мемлекеттердің уәждемелері бірнеше жолмен тұжырымдалуы мүмкін. Бұл уәждемелер өздерінің саяси басымдықтарына, басқа сөзбен айтқанда, әрбір елдегі макродеңгейлік негіздемелеріне байланысты екенін атап өткен жөн. Найт және де Вит классикалық интернационалданудың негіздемесін төрт топқа бөледі. Олар: әлеуметтік-мәдени, саяси, академиялық және экономикалық. 2000 жылдардың басынан бастап жоғарыда аталған уәждемелер мен жіктемелердің арасында өзгерістер жасау жөнінде көптеген ұсыныстар жасалынды [67; 202; 203]. Жоғарыда көрсетілген дәстүрлі негіздемелер жоғары білім беруді интернационалдауды ілгерілету мен іске асыруда мемлекеттердің уәждемесін талдау кезінде маңызды тірек болып қала береді. Дегенмен, әлемде болып жатқан өзгерістер мен толықтыруларға байланысты негіздеменің жіктелуі сәл өзгерді. Диссертациялық жұмыста мемлекеттердің уәждемелерін Найт [187] және Покариер ұсынған жіктемеге сүйене отырып, қарастырамыз. Найттың пайымдауынша мемлекет және мекемелер деңгейінде уәждемелер келесі реттілік бойынша топталуы мүмкін: 1) адами ресурстарды дамыту; 2) стратегиялық альянс; 3) табыс алу; 4) ұлт құру; 5) әлеуметтік даму және өзара түсіністік. Покариер [204] осы аталғандарға – «ынталандырушы мемлекет» деген алтыншы уәждемені қосады. Осы жерде атап өтетін мәселе, осы уәждемелер жіберуші тараппен қатар қабылдаушы жаққа да қатысты. Төменде әрбір уәждемені жеке қарастырамыз:

- «Адам ресурстарын дамыту» уәждемесі білім алушылардың академиялық ұтқырлығына бағытталған, басқалай айтқанда студенттер өз еліне қайтқаннан кейін, сол елде адами капиталды қалыптастыруға және әлеуетті арттыруға үлес қосатындығын білдіреді. Шын мәнінде, мемлекеттер адами капитал мен зияткерлік ресурстарды дамыту және тартуға ерекше көңіл бөлуге мәжбүр. Бұл білімге негізделген экономика, демографиялық өзгерістер, жұмыс күшінің ұтқырлығы, алуан түрлі қызметтердің пайда болуы секілді т. б. факторларға негізделген. Адами капиталды қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты мәселелерді шешу үшін мемлекеттер халықаралық білім беру бастамаларын жандандыруда. Жалпы, студенттік және кәсіби ұтқырлықтың арқасында «ақыл тізбегі» («brain chain») атты үрдістің үдейе түсуі де ықтимал [205, р. 362]. Алайда, осы феномен әртүрлі шағын және үлкен, дамыған және дамытушы елдерге әрқалай әсер етеді. Себебі, дамыған елдер іріктеп алынған ең талантты мамандар мен ғылыми қызметкерлердің көші-қонынан көп пайда тапса, дамушы елдер «ғұламалардың жылыстауынан» зардап шегеді. Осылайша, көші-қон аз дамыған елден неғұрлым дамыған елге орын ауыстырумен сипатталады. Әр түрлі жағдайларда шетелдік студенттерді қабылдау саясаты агрессияшыл иммиграциялық саясатпен байланысты болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда дамушы елдерде «ғұламалардың жылыстауы» қаупі артады.

- «Стратегиялық альянс» – бұл білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық, мысалы, қос дипломды бағдарламалар мен бірлескен зерттеулер бастамасы, студенттердің, оқытушылардың, сондай-ақ бағдарламалардың халықаралық ұтқырлығы арқылы елдер арасындағы тығыз геосаяси және экономикалық байланыстарды дамыту тәсілі. Мұндай жағдайда жіберуші де, қабылдаушы тарап та ұтады.

- «Табыс ұрпағы» немесе «коммерциялық сауда» – қабылдаушы елдің немесе оқу орнының шетелдік студенттерге білім беруден көретін экономикалық пайдасын білдіреді. Покариер уәждеменің осы түрін «экспорттық түсім» (export earner) деп атайды. Ол ақылы білім беру бағдарламалары мен қызметтерінен түсетін табысты білдіреді. Білім беру қызметтері де тауарлар ретінде қарастырылатындықтан, уәждеменің осы түрі басым болған жағдайда пайда табудың экономикалық мүмкіндіктеріне көп көңіл бөлінеді. Мысалы, онлайн оқу бағдарламалары, қосымша кампустардың ашылуы, өзге оқу орындарымен франшиза бойынша келісімдер ұйымдастыру, ақылы студенттерді қабылдау және т.б. Сондай-ақ, білім беру саласы ГАТС-тің (Көрсетілетін қызметтер саудасы жөніндегі бас келісім) 12 қызмет көрсету саласының қатарына кіретінін атап өту керек. Бұл – білім беру саласының, дәлірек айтсақ, білім беру бағдарламалары мен қызметтерінің экспорты мен импорты тиімді сауда саласына айналғандығының тағы бір дәлелі.

Сьюзен Л. Робертсон бастаған авторлар ұжымының [206, р. 486] пікірінше ГАТС шеңберінде заңмен қорғалатын, көрсетілген қызметтердің сипаты тұрғысынан, білім беру саласындағы сауданың төрт негізгі санаты бар:

1. Траншекаралық жеткізу (cross-border supply), бұған қашықтықтан оқыту немесе интернет арқылы ұсынылатын кез-келген курстар, бір елдің аумағынан екінші елге жеткізілетін тестілеудің кез-келген түрлері және әр түрлі оқу материалдары кіреді.

2. Шетелде тұтыну (consumption abroad), бұл ұғым халықаралық студенттерге арналған тренингтерді білдіретін, білім беру қызметіндегі саудасаттықтың кең таралған түрі болып есептеледі.

3. Коммерциялық қатысу (commercial presence) – шетелдік инвесторлардың қабылдаушы елде болып немесе тұрып, жұмыс істеуін білдіреді. Бұған шетелдік университеттердің өзге мемлекеттерде түрлі курстар немесе ЖОО-ларды ашуы кіреді.

4. Жеке тұлғалардың болуы (presence of natural persons) – білім беру қызметтерін ұсыну үшін адамдардың елдер арасында қозғалу мүмкіндігі.

1.2.2 ЖББ жүйесінің интернационалдану толқындары

Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануын зерттеуші ғалымдардың бірі Р. Чоудаханың [207, р. 826] пайымдауынша 1999-2020 жылдар аралығында аталмыш үдерістің негізгі үш толқыны орын алды. Интернационалданудың әр толқыны әлемде болған түрлі саяси, экономикалық және өзге де өзгерістер мен жаңалықтардың әсерінен өзгеріске ұшырап отырады. Бірінші толқын 1999-2006 жылдар аралығын қамтиды және ақпараттық-

коммуникациялық технологияның (АКТ) дамуымен байланысты басталды. Нақтырақ айтқанда, 1990 жылдары АКТ-ның қолданысының кеңеюі жоғары білікті жұмысшыларды тартуға елеулі қызығушылықтың пайда болуына әсер етті. АКТ саласындағы жұмысшылар мен зерттеушілердің уақытша көші-қонының өсуі 1990 жылдары ЭЫДҰ елдерінде айтарлықтай орын алды [208; 33]. Халықаралық студенттердің бірінші толқыны экономикалық және технологиялық даму үшін жоғары білікті мамандарға деген өсіп келе жатқан сұраныстан басталды. Бұл толқын ғылым, техника және дамуға байланысты салаларға шетелдік студенттердің қабылдауының көбеюінің бірден-бір көрсеткіші болды.

АҚШ-тың Ұлттық ғылыми кеңесінің мәліметі бойынша, мықты зерттеу базасы мен қаржыландырудың көп мөлшерде бөлінуінің арқасында, әсіресе ғылым және технологиялар салалары бойынша магистратура мен докторантурада оқитын жас ізденушілер үшін АҚШ басым бағыттардың бірі болды [209]. Алайда, 2001 жылдың 11 қыркүйегінде орын алған террорлық шабуылдың әсері мен осы елде шетелдік студенттерге қойылатын визалық талаптардың қатаңдауы АҚШ-ты таңдайтын студенттер санының азаюына себеп болды [210].

Осы уақытта Болон үдерісі және Еуропалық жоғары білім кеңістігі (ЕЖБК) Еуропада студенттердің ұтқырлығын арттыру үшін салыстырмалы және жүйелі ЖББ жүйесін құра бастады. Бірінші толқынның соңына қарай Ұлыбритания, Франция, Италия, Австрия және Швейцарияны қоса алғанда, шетелдік студенттер таңдайтын 10 елдің бесеуі Еуропада болды. Оның ішінде, Ұлыбритания академиялық ұтқырлық аясында шетелден студенттердің келуі бойынша ЕЖБК және одан тыс елдерден озып шықты [211]. Шетелдік студенттерді қызықтыратын бағыттардың ішінде Еуропа, Канада және Австралиядан басқа елдер де пайда бола бастады.

Шетелге шығатын студенттер саны бойынша жетекші елдерге тоқталатын болсақ, осы топты бастайтын Қытай студенттерінің саны 231% -ға өсіп (Қосымша Ж), олардың көпшілігі Жапонияда немесе Оңтүстік Кореяда оқуды таңдады. Үндістан мен Оңтүстік Кореядан шыққан студенттердің арасынан, негізінен, болашақта ғылыммен айналысу үшін немесе техникалық мамандықтарды игеру мақсатында шетелге кететіндердің санының едәуір өскені байқалды [210].

Осы кезеңде көптеген шетелдік студенттер қарқынды зерттеулер жүргізетін ЖОО-ды таңдады және осы университеттерге қабылдану үшін жоғары қабілет қажет болды. Себебі, мұндай оқу орындарының шетелдік студенттерді қабылдау, қаржыландыру және қолдау тәжірибесі мол болды. Бірінші толқында шетелде білім алған студенттердің көпшілігі магистрлік және докторлық деңгейде оқыды, бұл олардың академиялық үміттерді бағдарлау және қанағаттандыру қабілеттерін арттырды. Шетелдік мекемелерде білім алған шетелдік студенттердің бір бөлігі, әсіресе дамушы елдерден шыққан жастар, білім алған елдерінде ары қарай мансап құруды жөн көрді, өйткені олардың көпшілігі таңдаған мамандық саласында жұмыс істеп, өзін дамыту мүмкіндіктеріне

келгенде, өз елдері мен оқыған елдерінің арасында үлкен айырмашылық болды. Алайда, кейбір елдер өз студенттерінің шетелде білім алғаннан кейін өз елдеріне қайтып келуін қолдайтын түрлі саясаттар жүргізді. Мысалы, Қытайда шетелден оқудан қайтып оралған жастарға мемлекет жақсы жағдай жасап, болашағы зор мансап құра алатын жұмыстар ұсынды. Қытай экономикасы үлкен қарқынмен дамып келе жатқан ел екенін ескерсек, жас мамандар үшін мұндай жеңілдіктер өте тиімді мүмкіндік екені түсінікті [212].

Жалпы алғанда, студенттердің академиялық ұтқырлығының бірінші толқыны 2001 жылы лаңкестік әрекеттердің орын алуына байланысты шетелдік студенттердің оқу елі ретінде Америкадан өзге елдерді таңдауымен және ғылыми зерттеулермен айналысуға деген құштарлығы мол шетелдік студенттердің ұтқырлығының артумен сипатталды.

Әлемдегі интернационалдану үдерісінің екінші толқыны 2006-2013 жылдар аралығын қамтыды. Екінші толқын АҚШ-та бастау алған жаһандық қаржы дағдарысымен тұспа-тұс келді. Ең маңызды құлдырау нәтижелерінің бірі әлемнің көптеген елдерінде жоғары білімге бөлінетін қаржының күрт қысқартылуы болды [213]. Осыған орай, ЖОО шетелдік студенттерден түсетін табысқа мұқтаж болғандықтан, шетелдік студенттерді қабылдауға деген қызығушылық артты. Оның үстіне кей мемлекеттерде, шетелдік студенттер үшін оқу ақысы отандық студенттермен салыстырғанда жоғары болатындығы да әсер етті [214, p. 310]. Рецессия АҚШ-тан Еуропа мен Австралияға көшкендіктен, көптеген университеттер шетелдік студенттерге деген қажеттілік проблемасына тап болды. Бірінші толқындағы «әлемнің әр түкпірінен таланттарды тарту» үрдісі екінші толқында «шетелдік студенттерді тартумен» алмасты. АҚШ пен Ұлыбритания сынды жетекші елдердің жоғары оқу орындары қаржылық қиындықтарға тап болған кезде, қытайлық орта табыс өкілдерінің шетелде білім алуға деген ниеті артып, сұраныс пен ұсыныстың сай келуіне байланысты, көптеген адамдар өзге елдерде оқуға мүмкіндік алды. Шамамен сол уақытта Сауд Арабиясы үкіметінің стипендияларын иемденген көптеген саудиялық студенттер де шетелге шығуды бастады.

Екінші толқынның тағы бір ерекшелігі зерттеу саласына қатысты болды. Зерттеу бағдарламаларын қаржыландырудың азаюымен, осы толқындағы студенттер арасында көпшілігі өз қаржыларына оқыды, оған қоса, бірінші толқындағы магистранттар мен докторанттар зерттеу объектісі ретінде ғылым мен технология саласын таңдаумен салыстырғанда, осы толқында әсіресе бакалавриат деңгейіндегі студенттер көбіне бизнеске қатысты мамандықтарды таңдады. Өз қаржыларына оқитын қытай студенттері мен мемлекет қаржыландыратын Сауд Арабиясының студенттері жаңа табыс көздеріне айналды. Бұл өз кезегінде әлемдегі қытайлық студенттердің санының 75% -ға күрт артуына мүмкіндік берді, ал Сауд Арабиясы студенттердің шетелге шығу ұтқырлығы бойынша алтыншы орынды иемденді. Үнді студенттері көп жағдайда шетелдік оқу орындарында білім алу қымбат болып, өздері төлей алмағандықтан, оқу мекемелерінің қаржылық көмегіне, шәкіртақыларына сүйенді [215]. Екінші толқында Вьетнам мен Нигерия сияқты елдер алғашқы ондыққа кірді, ал

ұтқырлықтың көп бөлігі сәйкесінше Австралия мен Ұлыбритания бағытында болды. Осы кезеңде Жапонияда барлық халықаралық студенттердің 75%-ын Қытай мен Оңтүстік Кореялық студенттер құрады, алайда, ішкі экономикалық проблемалардың көбеюіне байланысты, ондағы шет елдік студенттер саны азайды [216].

Жалпы алғанда, екінші толқын жаһандық қаржылық құлдырауға байланысты қалыптасып, дәстүрлі бағыттағы кейбір оқу мекемелерінің шетелдік студенттерді қабылдау саясатын агрессивті түрде жүргізуімен сипатталды.

Жаһандық интернационалдану толқынының үшінші кезеңі 2013-2020 жылдар аралығын қамтиды. Үшінші толқынның қалыптасуына әлемде болған үш оқиға әсер етті. Біріншіден, академиялық ұтқырлыққа қатысатын студенттердің ең ірі қайнар көзі болып саналатын Қытайдағы экономикалық баяулау қытай студенттерінің шет елге шығуын тежеді. Сонымен бірге, қытай студенттері қабылдаушы елдердің иммиграциялық саясаты немесе мансаптық қызметтерге институт тарапынан қолдау көрсету мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты, шетелде білім алуға қаржы жұмсауға қатысты күмән келтіре бастады [217].

Екінші маңызды оқиға – Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығу туралы референдумы немесе Брексит, үшіншісі – Дональд Трамптың АҚШ президенті қызметіне сайлануы. Шетелдік студенттерді қабылдау бойынша әлемдегі жетекші екі елдегі осы өзгерістер иммиграция саясатының қатаңдауына үлесіп, ЖОО-ны бітіргеннен кейін жұмысқа тұру және азаматтық алу мүмкіндіктеріне теріс әсер етті [218]. Осындай жағдайды иммиграциялық саясаты неғұрлым жұмсақ Канада және Австралия сияқты басқа да елдер, студенттерге жаңа мүмкіндік берді. Осыған ұқсас жағдай Еуропалық Одақта да орын алып жатыр, мысалы, қазіргі уақытта ұлыбритандық студенттермен бірдей оқу ақысын төлейтін Еуропалық Одақ студенттері жоғары ақы төлеуге міндеттелмейтін және болашақта жұмысқа тұру мүмкіндіктері көбірек, Германия мен Франция сияқты өзге бағыттарды қарастыруда [219].

Жалпы алғанда, үшінші толқын шетелдік студенттерді тартудың жаңа және дәстүрлі бағыттары арасындағы бәсекелестіктің артуына, сондай-ақ шетелде білім алу студенттердің мансап құру және жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне әсер етеді деген үміттерінің артуымен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда шет елдерде оқитын Қазақстандық студенттердің білім алатын елді таңдау барысында осы үшінші толқынға сай ерекшеліктерді байқауға болады. Студенттердің басым бөлігі шет елде білім алу барысында қаржылық шығындар мен оның болашақта ақталуын, басқалай айтқанда көздеген жұмысқа тұру мүмкіндіктеріне әсер ету ықтималдылығын ескереді.

Соңғы онжылдықта жоғары білім алу үшін шет ел асқан барлық деңгейдегі студенттердің саны төрт миллионнан асып, қарқынды түрде өсуін жалғастыруда, мұндай өзгерістер жаһандық экономикалық дағдарысқа қарамастан 2000 жылғы деректермен салыстырғанда мобильді студенттердің санының екі есеге көбейгенін көрсетеді. 2025 жылға қарай осы көрсеткіш сегіз миллионға жетеді деп күтілуде. Студенттердің санын көбейту – бұл студенттер мен елдер, жеке

университеттер арасындағы бәсекелестіктің бір түріне айналды. АҚШ студенттердің ең көп санын қабылдаған ел және осы үрдіс әлі де жалғасын тауып келеді, бірақ ЭЫДҰ мәліметтері бойынша Америкада оқитын шетелдік студенттердің әлемдегі студенттердің жалпы санына алғандағы үлесі 2000 жылғы 23%-дан 18%-ға дейін төмендеген. Австралия, Жаңа Зеландия, Қытай, Корея және Жапония сияқты басқа елдер де халықаралық студенттердің табысты нарығынан өз үлестерін алуға тырысады. Азияның бірнеше елдерінде халықаралық ұтқырлық үрдісі ерекше байқалады, бұған көптеген елдерде бала туу коэффициентінің төмендеуі бірден-бір себеп болып отыр. Оған қоса, шетелдік студенттердің келуі білім беру ұйымдарының санының азаюының алдын-алудың әлеуетті құралы ретінде қарастырылады және кейбір жағдайларда олардың толықтай жабылуынан сақтап қалады. Саваның [220] мәліметтері бойынша, соңғы онжылдықта Жапонияның жеке университеттерінің 46%-ы квоталарын толтыру үшін жеткілікті студенттер санын жинай алмай отыр.

Ғалымдардың пікірінше шетелдік студенттерді қабылдау сайысында кейбір Еуропа елдері үшін, соның ішінде Франция мен Ұлыбританияға халықаралық білім берудегі жетекші рөлді сақтау қиынға соғуы мүмкін. Соңғы жиырма жыл ішінде халықаралық студенттер саны бойынша жетістікке жеткен Жапония болашақта да қиындықтарға тап болады деп күтілуде. Де Виттің [221] мәліметтері бойынша, Еуропа елдері мен Жапония экономика саласында «... әлдеқайда күрделі проблемаларға тап болады, жоғары білім берудегі инвестицияға қарағанда бюджеттің қысқаруы көбірек орын алады, біліктілік деңгейіне қарамастан шетелдік иммиграцияға көп көңіл бөлінеді» («Questions for the Future», 6-тармақ). Сонымен қатар, халықаралық білім беру ұсыныстарының сапасын қамтамасыз ету барған сайын маңызды бола түсуде, өйткені көптеген елдер мен университеттер халықаралық білім беру және студенттер және ғалымдармен алмасу бойынша үлкен мақсаттар қойып отыр [222]. Мамандардың пікірінше әлемдегі көптеген елдер мен университеттер көбірек студенттерді тартуға ерекше назар аударып, ойлана бастайды және осы мақсатта әртүрлі стратегияларды қолданады [141, р. 47-48]. Бұл жайлы Канада университеттері мен колледждері қауымдастығының президенті Пол Дэвидсон студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығын және ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастықты басым мақсат ретінде үйлестіретін интернационалдау стратегиясын жасауда университеттердің көрегендікпен, ерекше дайындықпен қатысып отырғандығын атап өткен [224].

Қорытындылай айтқанда, интернационалдану дегеніміз – ЖББ институттарының халықаралық немесе әлемдік өлшемдерге сәйкестендірілуі, сол арқылы түрлі елдер мен ЖОО-лар арасындағы байланыстардың нығаюы, жеңілдетілуі. Интернационалдану үдерісі жаһанданудың артуына байланысты қарқынды түрде жүзеге асырылып келеді. Ерте дәуірден бастау алған аталмыш үрдістің осыған дейін бірнеше толқындары орын алған. Үздіксіз жалғасып келе жатқандықтан, бұл үдерістің түрі де, формалары да, уәждемелері де өзгеріп, жаңартылып, заман талаптарына сай толықтырыла бермек.

2 ҚАЗАҚСТАН МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1 Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерістері мен мәселелері

Қазақстан Республикасының Болон үдерісіне енуіне және халықаралық ұйымдарға мүше болуына байланысты ЖББ жүйесінде орын алған өзгерістер мен мәселелер, интернационалдану үдерісі тақырыптарын бірқатар отандық зерттеушілердің зерттеу жұмыстарында және докторлық диссертацияларында талқыланған, мәселен, С.Б. Абдыгаппарова бастаған авторлар ұжымы [225] Қазақстанның Болон үдерісіне енуімен жоғары білім беру жүйесінде болған реформалардың ішінде маңызды орын алатын кредиттік оқыту жүйесіне кеңінен тоқталған. Авторлар ұжымы ҚР жоғары білім беретін оқу орындарында кредиттік оқыту жүйесінің енуінің алғышарттары болған халықаралық құжаттардың ерекшелігі мен маңызын айқындай отырып, Қазақстанның жоғары білім беру ісінде орын алған өзгерістерді (жаңғыртуды) АҚШ және батыс еуропалық алдыңғы қатарлы мемлекетер және Жапония, Қытай секілді дамыған елдердің білім беру жүйесіндегі кредиттік оқыту технологиясының ерекшеліктерімен салыстыра отырып көрсеткен. Ал, Д. Сапарғалиев пен К. Шуленбаева [226], Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуына байланысты жоғары білім беру жүйесінің ақпараттануына басты назар аударған. Авторлардың пікірінше, жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік ақпараттандыру бағдарламасының басты қатесі әр бағдарламаның бірінші кезекте жетекші университеттерді қолдау мен техникалық инфрақұрылымды дамытуға бағытталғандығында, ол туралы зерттеушілер келесі көзқарасты ұстанады: «...мемлекеттік жоғары білім беруді ақпараттандыру бағдарламаларын іске асырудағы басты қателік – бұл әр бағдарлама ең алдымен техникалық инфрақұрылымды дамытуға және жетекші университеттерді қолдауға бағытталған. Алайда, бірінші кезекте мұғалімдерді дамыту қажет екендігі ескерілмейді. Айта кету керек, аймақтық университеттер көбінесе мемлекеттік қолдаусыз өздерінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі АКТ) инфрақұрылымын дамытуға мәжбүр болады, кейде бұл жоғары оқу орындарының басшылығының шынайы қалауынсыз жүзеге асырылады». Сондай-ақ, М. Ергебеков пен Ж. Темирбекова жаһанданудың Қазақстан сияқты дамушы елдердің білім беру жүйесіне әсерін, оның ішінде неліктен Қазақстан Болон үдерісіне қосылғанымен, оны толық жүзеге асыра алмай отыр деген мәселені қарастырған. Бұл мәселенің туындауының негізгі себептері ретінде Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің бұрынғы Кеңес Одағындағы қалыптасқан ойлау үрдісінің ықпалында қалып отырғандығымен байланыстырады. Сондықтан, Болон үдерісімен енгізілген «жаңалықтар» тәжірибеде толықтай жүзеге асырылмай, тек қағаз жүзінде қалып отырғанын» айтады [227].

А.Ә. Елеусов жоғары білімді мамандардың еңбек нарығындағы заманауи біліктілік талаптарына жауап беруін қамтамасыз ететіндей білім беру

саласындағы бақылау жүйесін жетілдіру мәселесін қарастыра келе: «Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі және жаһандану үрдісімен болатын жоғары білім берудің даму үдерісі оларға сәйкес келетін сапалы білім беру қызметтерін және бәскеге қабілетті білікті мамандарды дайындауды мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру қажеттілігін туындататынын» атап өткен [228]. Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық ұйымдарға мүше болуы, жоғары білім беру жүйесінде жүргізілген реформалар мен өзгерістердің өзара ықпалдастығын талдаған саясаттанушы М.К. Сыдыкназаров [229] Еуропалық Одақтың жоғары білім жүйесінде Еуропалық кеңістікті қалыптастырудағы саясаты мен стратегиясы мәселесін, жаһандық және аймақтық деңгейде бәсекелестікті нығайту жолында жоғары оқу орындары мен ондағы адам ресурстарын тиімді басқару мәселесіне ерекше назар аударған. Ал, тарихшы З.С. Табынбаева [230] Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастығы мәселесін зерттей келе, ЮНЕСКО-ның Қазақстанда жүзеге асырып жатқан білім беру бағдарламаларына, «Барлығына арналған білім беру» бағдарламасы аясындағы ынтымақтастығына, ЮНЕСКО кафедралары мен серіктес мектептер құру бағдарламаларына шолу жасаған. Ал К.Ж. Кондыкорова [231] халықаралық келісімдерге талдау жасап, жаһандану үдерісіне сай экономикалық, құқықтық, мәдени-ақпараттық саладағы халықаралық қатынастарда олардың алатын рөлін айшықтай келе, жоғары білім беру жүйесіндегі «интернационалдану» түсінігіне кеңінен тоқталып өткен.

Жалпы алғанда, қазақстандық ізденушілер мен зерттеушілер негізінен ЖББ саласында орын алған реформаларға, олардың орындалуы мен нәтижелеріне көбірек көңіл бөлген. Алайда, өзге елдермен және ұйымдармен серіктестік, ынтымақтастық саясатына салыстырмалы түрде аз көңіл бөлетіндігі анықталды [232].

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан бастап, басты басымдық – бәскеге қабілетті ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті адами ресурстарды дамыту болды. Осы мәселені шешуде Елбасы Н.Ә. Назарбаев 1993 жылы шетел университеттерінде білім алып, дамыған елдердің озық тәжірибелерін ел экономикасын көтеруге қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің Халықаралық «Болашақ» бағдарламасын қабылдап, аталмыш бағдарлама бүгінгі таңда да жүзеге асырылуда. Осы «Болашақ» бағдарламасы арқылы Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі алғашқы интернационалдану үдерісі жүрді деп айта аламыз. «Болашақ» халықаралық стипендиясы іске асырылған жылдары әлемнің 35 еліндегі 170 үздік ЖОО-ларда оқу үшін 12000 астам қазақстандыққа стипендия тағайындалған [233].

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» - атты Елбасының 2012 жылы Қазақстан халқына жолдаған жолдауында, әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болу үшін дамыту керек саланың бірі ретінде «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағыттары» мәселелеріне назар аударған [234].

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» [235] оқытудың жинақтаушы кредиттік

жүйесіне негізделген кадрларды даярлаудың біртұтас үш сатылы моделін жасау, экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдасу мәселелері назарға алынған. Ғалымдардың пайымдауынша: «бүгінгі күні қазақстандық жоғары білім беру жүйесі кәсіпорындардың қажеттіліктеріне бейімделуде, дегенмен, олардың өзгеру жылдамдығы экономикадағы өзгерістердің жылдамдығына сәйкес келмей отыр. Бұл отандық кәсіпорындардың жас мамандарды қайта дайындауға едәуір уақыт пен ресурстар жұмсауына әкелуде. Өз кезегінде, кәсіпорындардағы жаңа қызметкерлердің бейімделу кезеңі ұлғайып, олардың еңбек қызметіне тартылу үрдісі қиынға соғуда» [236].

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануының негізгі қадамы Болон үдерісіне сай ЖББ саласында жүргізілген реформалармен байланысты болғаны белгілі. Атап айтқанда, ЖББ жүйесінің үш сатылы құрылымға көшуі, оқу жоспарларына, бағдарламаларына, оқыту әдістеріне өзгерістер енгізе отырып, шет елдерден білікті профессорлар мен ғылыми қызметкерлерді дәріс оқу үшін шақыру, шетелдік студенттерді оқуға тарту, профессор-оқытушылар мен студенттер арасында халықаралық академиялық ұтқырлықты, халықаралық біріккен зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру т.б. жобаланған болса, бүгінгі таңда осы жоспарлар республикада орналасқан түрлі деңгейдегі ЖОО-лардың қатысуымен жүзеге асып жатқаны белгілі.

Негізінен білім беру саласының интернационалдануы мәселесінің әрбір бағыты мемлекеттік деңгейдегі маңызды құжаттарда айқындалған. Атап айтқанда, білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-да ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу арқылы, даярланатын мамандардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру; коммерциялық емес ұйымдардағы жекеменшік ЖОО-ды халықаралық тәжірибеге сәйкес трансформациялау мәселелері «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамда» белгіленген [237].

Жалпы, Қазақстанда жоғары білім беру жүйесінің интернационалдануын үш негізгі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең тәуелсіздікті алғаннан кейін бірден басталды. Бұл әлі жас мемлекеттің интернационалдау үдерісіне қатысты тәжірибесі жоқ кезең болды. Жоғары білім жүйесін интернационалдау үдерісі негізінен басқа елдердің, атап айтқанда Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-тың бастамасы бойынша жүзеге асырылды. Бірінші кезең 1991 жылдың басынан 1993 жылдар аралығын қамтыды. Алғашқы кезеңнің ерекшеліктерінің бірі бағдарламаға қатысушылардың санының аздығымен сипатталды, мысалы, «1992 жылдың сәуір айында қазақстандық 30 оқытушы Кентукки штатының (АҚШ) университетінде тағылымдамадан өтті [238, с. 14].

АҚШ пен Батыс Еуропа елдері ұсынатын тағылымдамалар санаулы адамдарды қамтыды, ал Қазақстан экономиканы көтеруге ат салысатын мамандарға қатты мұқтаж болды. Ел экономикасының басым секторлары үшін кадрлар даярлау қажеттілігін түсіне отырып, Қазақстан Үкіметі дарынды

жастарды дамыған елдердің озық тәжірибелерін үйрену үшін оқуға жіберуді шешті [239]. Осылай, 1993 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасы ұйымдастырылды. Бағдарламаның ашылуымен ЖББ жүйесін интернационалдаудың екінші кезеңі басталды. Бұл кезеңнің ерекшелігі интернационалдаудың бастамашысы – Қазақстан Республикасы болуымен ерекшеленді. Осы уақыттан бастап мемлекет өзі жастарды шетелге толық мемлекеттік қаржыландыру есебінен оқуға жіберіп отырды.

1993 жылдан 2011 жылға дейін «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бакалавр, магистратура бағдарламалары бойынша шетелде толық дипломдық білім алу үшін мүмкіндік берді. Алайда, 2011 жылдан бастап халықаралық Назарбаев Университетінің ашылуына байланысты бакалавриат бағдарламасы тоқтатылды және медициналық, инженерлік-техникалық қызметкерлерге арналған тағылымдама бағдарламасы енгізілді [239]. Қазақстандық студенттердің алғашқы тобы «Болашақ» бағдарламасы аясында 1994 жылы шетелдік университеттерге түсті, ал жалпы алғанда, 1994 жылдан 2004 жылға дейін 800-ге жуық шәкіртақы тағайындалды. 2005 жылдан бастап беделді бағдарламаның стипендиаттарының саны жылына 3000 адамға дейін өсті. Қазақстандық студенттер негізінен АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Австралия, Австрия, Венгрия, Дания, Испания, Италия, Канада, Қытай, Франция, Чехия, Швеция, Швейцария және Жапония сияқты елдерге жіберілді [240, p. 168]. 2007 жылға дейін бағдарлама бойынша стипендиаттар таңдаған ЖОО-лардың тізімі 630 университетті құрады. Алайда 2007-2008 жылғы жаһандық дағдарысқа байланысты кейбір университеттердің сапасы төмендеп, осыған орай, 2008 жылы университеттер тізімі 480-ге дейін, ал келесі жылдары 200-ге дейін қысқартылды [241, p. 122-123]. Бағдарлама алғаш ашылған кезде мамандықтар бойынша шектеу болған жоқ, сондықтан көптеген стипендиаттар гуманитарлық және әлеуметтік мамандықтарды таңдады [242]. Алайда, елдің ғылыми-өндірістік секторын көтеретін, ғылыми және техникалық бағыттағы мамандар жеткіліксіз болғандықтан, 1997 жылы ғылым мен техникалық мамандықтарды қамтитын басым мамандықтар тізімі жасалды. «Ғұламалардың жылыстауын» алдын алу үшін мемлекет стипендиаттарға жылжымайтын мүлікті кепіл ретінде ұсынуды және оқуды аяқтағаннан кейін бес жыл жұмыс істеуге міндеттеді. Бір стипендиатқа бір академиялық оқу жылында 10-24 миллион теңгеге дейін (шамамен 26500 ден 63500 АҚШ долларына дейін, 2019 жылдың 1-қаңтарындағы доллар бағамы бойынша) қаржы бөлінеді [243]. Тұтастай алғанда, санаулы мамандар тобын дайындауға көп көлемде қаражаттың жұмсалатынын ескере отырып, бағдарлама адам капиталын дайындаудың қымбат тәсілі болып тұр деп айтуға болады. Жалпы 26 жылдың ішінде, осы бағдарлама бойынша 12000-нан астам қазақстандық «Болашақ» стипендиясына ие болып, әлемнің 35 елінің 170 жетекші университеттерінде білім алды, ал бағдарлама түлектері негізінен мемлекеттік қызметте жұмыс істейді [244].

Әрине бағдарламаның жағымды жақтары да болды, мысалы: «Болашақ» түлектері арасындағы жұмыссыздықтың төмендігі, сонымен қатар,

көшбасшылық қабілеттерге ие болуы, жаңа ортаға бейімделгіш келетіндігі, адамдармен дұрыс қарым-қатынас құра алатындықтары және сыни тұрғыда ойлай білетіндіктері, т.б. Кейбір жұмыс берушілер мен министрлік қызметкерлерінің пікірінше бағдарлама қазақстандық еңбек нарығындағы қысқа және орта мерзімді міндеттерді шешудің саяси құралы десе де болады [245].

Алайда, «Болашақ» бағдарламасын сынға алғандар да болды, мысалы, бағдарлама бойынша адами капиталдың еліміздің екі үлкен қаласы – Астана және Алматыда шоғырлануы [245-246], әсіресе бағдарламаның алғашқы жылдарында, саяси тұрғыдан байланысы бар адамдардың алынуы, т.б. Кейбіреулер мұны ақпарат пен жариялылықтың жетіспеушілігінен деген көзқарасын білдірді, десек те осындай ойлар бағдарлама жайлы теріс пікірдің қалыптасуына және іріктеу процесінің әділдігіне қатысты сынның айтылуына себеп болды [242].

Жалпы, «Болашақ» халықаралық бағдарламасы Қазақстанның ЖББ саласын интернационалдауға оң әсерін тигізді. Бағдарламаның арқасында еңбек нарығында шет тілдерін білетін, жаңа идеялары мен шетелдік тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар пайда болып, олар жақсы жұмыс орындарына орналасты. Қоғамда орын алып жатқан мұндай өзгерістер басқа студенттердің шетелде білім алуға деген ұмтылысын арттыруға ықпал етті. Білім беру саласында жұмыс істейтін түлектер арқылы еуропалық білім беру кеңістігі Қазақстанның білім беру жүйесіне оң әсер ете бастады.

2005 жылға дейін Қазақстанның білім беру жүйесі бакалавриат пен магистратураны қамтитын бесжылдық бағдарламаға кеңестік жүйені сақтап қалды. 2005 жылы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды [235], оған сәйкес жоғары білім берудің үш деңгейлі құрылымы енгізілді (бакалавр, магистратура және докторантура).

ЖББ жүйесін интернационалдаудың үшінші кезеңі Қазақстан Үкіметі тарапынан Қазақстанның халықаралық білім беру үдерісіне енуімен, студенттерді шет елге жіберуден бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау орталығын елде құруға және Қазақстанның барлық ЖББ жүйесін өзгертумен, мемлекеттік бюджет есебінен академиялық ұтқырлықты жандандыруда ерекше белсенділік танытуымен сипатталады.

Боллон үдерісіне ену

2010 жылы Қазақстан Болон декларациясына қол қойып, Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде алғашқы болып Болон үдерісіне қатысушы мемлекет болды. Нәтижесінде Еуропалық жүйеге аударылатын және кредиттердің жинақтау жүйесіне (ECTS) ұқсас кредиттік жүйе қабылданып, академиялық ұтқырлық бағдарламасы басталды [247]. Болон үдерісінің параметрлерін енгізуді ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-аналитикалық сүйемелдеу үшін 2012 жылы Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық орталығы құрылды [248]. Қазақстанда академиялық ұтқырлық екі негізгі жолмен жүзеге асырылады: мемлекеттік бюджет есебінен және мемлекеттік бюджеттен тыс жүзеге асырылатын баламалы қаржыландыру есебінен. Баламалы қаржыландыру

дегеніміз – студенттердің өз қаражаты, университеттер арасындағы алмасу, жоғары оқу орындарының қаражаты, түрлі шетелдік стипендиялық бағдарламалар, гранттар, қос диплом бағдарламалары, басқа мемлекеттердің квоталары және т.б.

Халықаралық деңгейдегі Назарбаев университетінің құрылуы

2010 жылы Қазақстан үшін құрылымы мен форматы бойынша жаңа Назарбаев Университеті ашылды. Оның миссиясы Қазақстанның білім, ғылым және индустриясын интеграциялаудың үлгісі болып, елдің дамуы үшін қажетті адам ресурстарын дайындап, әлемнің озық тәжірибелерін үйрену болып есептеледі [32, р. 169]. Назарбаев Университеті ашылған сәтінен бастап бірден Қазақстанның ЖОО арасында көшбасшылыққа ие болды және интернационалдау үдерісі университеттің алғашқы құрылған күнінен бастап жүргізіліп келеді. Профессорлық-оқытушылар құрамының 85%-ын шетелден шақыртылған сарапшылар құрайды, барлық пәндер ағылшын тілінде оқытылады. Университеттің өзі Кембридж университеті, Дьюк университеті және тағыда басқа әлемнің ең үздік университеттерімен ынтымақтастықта жұмыс істейді [249, р. 9]. Назарбаев университетінің ашылуы Қазақстанның ЖББ жүйесін интернационалдауда айтулы оқиға болып саналады. Алайда Назарбаев Университетін елдің басқа ұлттық немесе жеке университеттерімен салыстыруға болмайды, өйткені ол озық университет және университетті қаржыландыру мәселесі басқа ЖОО-лардан бөлек қарастырылады.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының халықаралық студенттік ұтқырлыққа ықпалы және Академиялық ұтқырлық стратегиясы

Академиялық ұтқырлықты дамытудың негізгі нормативтік базасы 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) болды. Аталмыш құжат бойынша 2020 жылы әрбір бесінші студент академиялық ұтқырлық бойынша серіктес университетте білім алады деп қарастырылған болатын. 2012 жылы аталған Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2012-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы академиялық ұтқырлық Стратегиясы қабылданды [250]. Стратегияны жүзеге асыруда академиялық ұтқырлықты дамытуда төмендегі мәселелерге баса назар аударылады деп күтілді:

- 1) ішкі ұтқырлықты жандандыру;
- 2) шетелге шығу ұтқырлықтың сапасын арттыру;
- 3) Қазақстанға келетін шетелдік оқытушылардың, зерттеушілердің, студенттердің сапасын арттыру (академиялық ұтқырлық бойынша шетелден келуі);
- 4) көптілді білім беру қағидаттарын жүзеге асыру;
- 5) қазақстандық ЖОО-лардың шетелдік серіктес ЖОО-лармен және халықаралық ұйымдармен тікелей байланысын кеңейту. Стратегияны жүзеге асыру барысында 2020 жылға қарай студенттердің 20% академиялық ұтқырлықтан өтеді деп жоспарланды [250, с. 6-7, 11].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаттары экономиканың тұрақты өсуі үшін сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адами капиталды дамыту. Сондай-ақ әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу; еңбек нарығының қажеттілігін, елдің индустриялық-инновациялық даму міндеттерін, жеке тұлғаны қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес келетін білім беру сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу; өмір бойы оқыту жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады. 2020 жылға қарай мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі міндеттер шешілуі қажет деп жоспарланды: еуропалық жоғары білім аймағына енуді қамтамасыз ету; өмір бойы оқу үшін жағдай жасау, барлығына білім беру және тағы да басқалар. Міндеттерге қол жеткізудің нысаналы индикаторлары ретінде келесі көрсеткіштер қарастырылды: кредиттерді ауыстырудың еуропалық жүйесінің үлгісі (ECTS) бойынша кредиттерді қайта есептеудің қазақстандық үлгісін енгізген ЖОО-лардың үлесі – 100%, 2015 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары магистратурада, докторантурада, бакалавриатта – бір семестрден бір академиялық жылға дейін білім алады немесе ғылыми тағылымдамадан өтеді – 100%, мамандықтар бойынша жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім берудің типтік оқу жоспарларында таңдау компоненттерінің көлемін кеңейту – 80% дейін, жоғары импакт-факторы бар ғылыми журналдарда жарияланымдары бар Назарбаев Университетінің магистранттары мен докторанттарының үлесі – 30%, үздік әлемдік университеттер рейтингінде белгіленген Қазақстанның ЖОО-лардың саны – 2, ЖББ жүйесіндегі шетелдік студенттердің, оның ішінде коммерциялық негізде оқитындардың үлесі – 3% дейін; халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық институционалдық аккредиттеуден өткен ЖОО-лардың үлесі – 65%.

Академиялық ұтқырлықты дамыту ретінде Болон үдерісінің параметрін орындау жолымен жоғары білімнің еуропалық аймаққа енуін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылар жалпы оқу кезеңінде, кемінде бір академиялық кезеңде шетелде, оның ішінде «Болашақ» президенттік бағдарламасының гранты есебінен оқитын болады деп жоспарланды. Сонымен қатар, Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық орталығы құру да жоспарға енгізілді [251].

«Білім беруді дамыту – 2050 мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес 2010 жылдан бастап «Болашақ бағдарламасы студенттерінің 100% магистратура және докторантура бағдарламасында оқиды немесе бір семестрден бір академиялық жылға дейінгі ғылыми тағылымдамадан өтеді» деп күтілді [252, 147 б]. Халықаралық жағдайда студенттердің ұтқырлық мәселесіне жүргізілген зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей 2020 жылға қарай студенттердің ұтқырлығы 5,8 млн., ал 2025 жылға қарай 8 млн. адамға артады деп күтілуде. Бүгінгі таңда студенттердің ұтқырлығы негізінен алты елдің аумағында жүзеге асуда. Олар: АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Австралия, Жапония. Еуропа негізінен шетелдік студенттерді қабылдайтын аймақ болса, ал Азия шетелге студенттерін жіберетін аймақтардың тізімін бастап келеді, әрі ЭЫДҰ

(OECD) құрамындағы елдерде оқитын шетелдік студенттердің 43% құрап отыр [253, с. 12]. Ресей ғалымдарының пікірінше ТМД аумағында білім беру ісінің интернационалдануында Қазақстан мен Татарстан алдыңғы орында тұр. Оның айқын көрсеткіші ретінде 2000-2010 жылдар аралығында қазақстандық түлектердің басым бөлігі (27 833 адам) жоғары білімді Ресей университеттерінде алуымен айқындалса, келесі бір себебін 2012-2020 жж. арналған академиялық ұтқырлық стратегиясының қабылдануымен байланыстырады [254, с. 31].

Кесте 3 - Шетелде оқитын қазақстандық студенттердің саны (ерлер мен әйелдерді қосқанда) 2012-2017 жж. [35]

Шетелде оқитын қазақстандық студенттердің саны (ерлер мен әйелдерді қоса алғанда)						
Жылдар	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Оқитын аймағы	-	-	-	-	-	-
Барлығы	42499	54172	66998	78259	90212	84681
Араб елдері	564	699	761	847	874	735
Орталық және Шығыс Еуропа	32040	41481	53399	64182	75321	70778
Орталық Азия	3260	4660	4873	5195	5706	5310
Шығыс Азия және Тынық мұхиты	1046	1656	-	-	-	-
Латын Америкасы	1	3	3	3	3	3
Солтүстік Америка және Батыс Еуропа	5557	5645	5711	5899	6088	5856
Оңтүстік және Батыс Азия	30	28	33	41	27	30
Субсахаралық Африка	3	1	1	1	2	2
Ескерту: деректер ЮНЕСКО ресми сайтынан алынған. Кестені құрған Рүстемова А.						

Бағдарлама мен стратегияның жүзеге асырылуы академиялық ұтқырлыққа үлкен серпін берген және шетелде оқитын қазақстандық студенттер саны 2012 жылғы 42 499 адамнан 2013 жылы 54 172 адамға дейін өскенін байқаймыз (3-кесте; Қосымша II). Яғни, бір жылда 11 673 студентке көбейгенін байқаймыз. Кестелерде келтірілген мәліметтерде назар аударатын келесі маңызды мәселенің – ол қазақстандық студенттердің көпшілігінің Орталық және Шығыс Еуропа елдерін таңдайтындығы. Ал екінші орын Батыс-Еуропалық аймақ пен Солтүстік Америкадағы университеттердің еншісінде. Бұл үдеріс мемлекеттік бағдарламаның сипаттамасында да байқалады, өйткені бағдарламалық стратегияның өзі Қазақстандағы жоғары білімнің Еуропа аймағына енуіне бағытталған.

Білім беруді дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының нәтижелері 2020-2025 жылдарға арналған жаңа Мемлекеттік бағдарламасында баяндалған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми есебінде берілгендей, ЖББ жүйесінің интернационалдануы және ЖОО-дың дүниежүзілік рейтингтерге қатысуы

маңызды көрсеткіштердің бірі ретінде саналады. Білім беруді дамытуға арналған Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру барысында 2016-2019 жылдары ЖББ жүйесіндегі шетелдік студенттердің үлесі 4%-ға дейін өсті. Қазақстандық ЖОО-ларын алғаш Times Higher Education рейтингтік басылымы мойындады. QS WUR рейтингінде белгіленген қазақстандық ЖОО саны 10-ға жетті. Дегенмен, жоғары білім беруде Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі 2019-да «түлектердің дағдылары» индикаторы бойынша Қазақстан 141 елдің ішінде 95-ші орында тұр. Қазақстандағы жоғары білім сапасы жұмыс берушілерді қанағаттандыра бермейді, бұл жастардың шетелдік ЖОО-ларға кетулерінің бір себебі ретінде айқындалып отыр. Қазақстанда соңғы 7 жылда шетелге шығатын студенттердің саны 2 есеге өсті. 100 мыңнан астам қазақстандық әлемнің 130 елінде жоғары білім алуда. Аталған проблемаларды шешу үшін Үкімет кәсіптік бағдар беру қызметіне бірыңғай тәсілдерді әзірлеу, мамандарды даярлау үдерісіне жұмыс берушілерді тарту және кәсіби білім беруді интернационалдау қажет деп санайды. Бағдарламада көрсетілгендей, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің әлсіз жақтарының бірі ішкі академиялық ұтқырлық кезіндегі кедергілер болып табылады. Атап айтқанда, университеттер арасындағы оқу ақысының әр түрлі болуы, профессор-оқытушылардың шетел тілдерін меңгеруі деңгейінің төмендігі. Білім беру жүйесін дамытуға және бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіретін қатерлер қатарына: қазақстандық білім берудің шетелдік студенттерді қызықтыра алмауы, жоғары және орта білімнен кейінгі білім беретін ресейлік оқу орындары тарапынан белсенді бәсекелестік және басқа да бәсекелестер тарапынан жүргізілетін жұмыстарды жатқызуға болады [255].

Жоғары білім беруді дамыту Стратегиясын жүзеге асыру үшін әрбір ЖОО өз жоспарларын жасады. Солардың бірі – М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университеті. Университет Эразмус Мундус халықаралық бағдарламасы бойынша Польша, Испания, Греция, Германия, Португалия, Швеция, Австрия, Қазақстан, Өзбекстан елдерінің 18 жоғары оқу орны мен 6 қауымдастырылған мүшесі қатысатын «Трансферт знаний, навыков и идей в Центральную Азию-TOSCA2» жобасын жүзеге асыруға қатысуда [256].

Ұлыбритания мен Қазақстан үкіметінің бастамасымен 2014 жылы басталып бес жылға жоспарланған «Ньютон-Эл-Фараби» серіктестік бағдарламасы: энергетика, денсаулық сақтау және әл-ауқат, ауылшаруашылығы технологиялары, төтенше жағдайлардан кейін қалпына келтіру қабілетін қалыптастыру, экология мен қоршаған орта, азық-түлік және су жүйесіне қатысты бірлескен ғылыми-зерттеулер мен мамандармен алмасуға бағытталған [257, с. 29].

Негізінен Қазақстандағы университеттер академиялық ұтқырлықтың екі түрін жүзеге асырады: шетелге шығу (халықаралық) және ішкі (мемлекеттің аумағында). Сонымен қатар, Тараз декларациясы негізінде ішкі кредиттік академиялық ұтқырлық та жүзеге асуда. Оған 2014-2015 жылдары 1020 білім алушы қатысқан. Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі интернационалдану экспорт-импорт формуласында жүзеге асуда. Оның көрінісі ретінде, 2014-2015

жылдары Қазақстанға бір айдан бір семестрге дейінгі уақытқа Қытай, Ресей, Өзбекстан, Үндістан, Моңғолия елдерінен 9077 шетелдік білім алушылар келгенін айтуға болады. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдармен салыстырғанда біршама өскенін көрсетеді [257, с. 27-28].

Академиялық ұтқырлық бойынша шетелден келуі

Білім алушылардың академиялық ұтқырлық бойынша шетелге шығуымен салыстырғанда шет елдерден келуі аз дамыған. Бұл қазақстандық ЖОО-лардың халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің болмауы, техникалық қамтамасыз етудің төмен деңгейі және ыңғайлы қызмет көрсету, инфрақұрылым үшін жағдайлардың жасалмауы, ағылшын тілінде оқытылатын курстар санының аз болуы сияқты бірнеше факторларға байланысты. Болон үдерісі орталығының мәліметтеріне сәйкес 2013-2019 жылдар аралығында барлығы 4006 адам Қазақстанға оқуға келген. Негізгі ағым ТМД және Азия елдерінен келген студенттерден тұрады. ТМД елдері азаматтарының көпшілігінің орыс тілін меңгеретіндіктеріне байланысты, олардың Қазақстанда орыс тілінде білім алуларына мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар, Ресеймен және Еуропаның басқа елдерімен салыстырғанда Қазақстанда тұруға және оқуға кететін қаржылық шығындардың салыстырмалы түрде аздығы. ТМД елдерінің ішінде Қазақстанға студенттерін оқуға жіберетін елдердің көшбасын Өзбекстан бастап тұр. ЮНЕСКО-ның мәліметтеріне сүйенсек, 2019 жылы Қазақстанда Өзбекстаннан келген 9641 студент білім алды. Азия елдері арасында, академиялық ұтқырлық аясында шетелден келетін студенттер саны бойынша, Үндістан 2019 жылы 3719 студент көрсеткішімен көшбасшы болып тұр [36]. Үндістаннан келген студенттердің басым бөлігі диплом алу үшін медициналық мамандықтарда оқып, оқуын аяқтағаннан кейін өз елінде жұмысқа орналасады.

Профессор-оқытушылардың ұтқырлығы

2009 жылдан бастап «Шетел ғалымдарын тарту» бағдарламасы аясында Қазақстанның университеттері жыл сайын әлемнің жетекші университеттерінен 300-ден астам ғалымдарды шақырды. Грант пәтер жалдау және өзге іссапар шығындары мен басқа да төлемдерді қамтиды. Бағдарлама басталғаннан бері Еуропа, АҚШ, Азия және Ресейден шамамен 7000 профессорлар Қазақстанға келіп, университеттерде дәріс жүргізді. Осы кезеңде 209 бірлескен ғылыми жоба іске қосылып, 86 дана оқу, ғылыми және әдістемелік әдебиеттер шығарылды. Шетел ғалымдарын тарту бағдарламасының негізгі қаржыландыруы «Болашақ» Президенттік стипендиясы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, Эрасмус Мундус және Темпус бағдарламалары арқылы жүзеге асты [241, р. 171]. Қазақстандық және Германия, Польша, Швейцария, Ұлыбритания, Түркия, АҚШ елдеріндегі университеттері арасындағы серіктестік аясында 600-ге жуық қазақстандық оқытушылар шетелге дәріс оқуға кеткен [257, с. 28]. Сондай-ақ, 2011 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен республикадағы ЖОО-ның педагогикалық мамандықтары оқытушыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы негізінде, 2012-2015 жылдары 933 оқытушы «Өрлеу» БАҰҚ АҚ-ның серіктес шетелдік ЖОО-да (Ньюкасл университеті, Ұлыбритания; Цукуба университеті, Жапония;

Валенский политехникалық университеті, Испания; Порта жоғары техникалық университеті, Португалия; Менеджмент және технологиялар халықаралық академиясы, Германия) аралас оқыту әдісі негізінде біліктіліктерін арттырған [257, с. 23].

Қазақстанның ЖББ жүйесін интернационалдаудың тағы бір аспектісі – оқытушылардың ұтқырлығы. Мемлекеттік бағдарлама мен Стратегия қабылданғаннан кейін оқытушылардың академиялық ұтқырлығы жанданды. Академиялық ұтқырлық орталығының мәліметтеріне сүйенсек, 2012-2019 жылдары барлығы 8743 шетелдік маман тартылған, оның 40% мемлекеттік қаржыландыру есебінен шақырылған. Ең жиі шақырылатындар – еуропалық елдердің сарапшылары, олар жалпы санының 43%-ын құрады. Ал екінші орында 29% көрсеткішпен ТМД елдерінің сарапшылары, үшінші орында Азия елдерінің профессорлары [258]. Шақырылған профессорлар дәріс оқу және семинарлар өткізу үшін көбіне қысқа мерзімге келеді. Сондықтан Қазақстанның жоғары білімін интернационалдану сапасын жақсарту үшін осы әдістің тиімділігі мен нәтижелері туралы айту қиын.

«Қос дипломды білім» бағдарламасын жүзеге асырып отырған аймақтық университеттердің бірі – Yessenov University. Теңіз саласындағы мамандарды дайындайды. Бұл университет Әзірбайжан мемлекеттік теңіз академиясымен (ӘМТА) ынтымақтаса отырып, «Қос дипломды білім» бағдарламасына сәйкес Yessenov University студенттері бірінші курстың екінші семестрінен бастап оқуды ӘМТА-да жалғастырып, сонымен қатар Yessenov University оқу орнында қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқуларын жалғастыру мүмкіндігіне ие. Ал университеттің профессор-оқытушылар құрамы Халықаралық конвенция талаптарына сай түрлі шетелдік оқу орындарында біліктіліктерін арттырып отырады.

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану тарихының қорытындысы

Жалпы алғанда, Қазақстанның жоғары білім беруді интернационалдау үдерісін талдай отырып, қазіргі уақытта жүйе бәсекеге қабілетті студенттерді даярлауға бағытталған деп айтуға болады. Бүгінгі таңда интернационалдану қарқынды жүріп жатыр және Қазақстан Үкіметі осы үдерістің бір бөлігі ретінде академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру үшін күш салуда. Қазақстандағы ЖББ интернационалдаудың ерекшеліктерінің бірі ретінде, ЖББ Қазақстанда барлығы орталықтандырылғанын, сондай-ақ, ЖББ интернационалдау үдерістері негізінен Үкіметтің Мемлекеттік бағдарламалар нысанындағы бастамасының арқасында іске асырылып отырғанымен айқындалады. Университеттер өздігінен белсенділік танытудан гөрі, негізінен Білім және ғылым министрлігі көрсеткен бағдарламаларды орындауға тырысады. Көптеген елдерде академиялық ұтқырлық университет серіктестігінде білім алу тегін, бірақ студент өзінің тұрғын жайы мен көлік шығындарын төлеуі тиіс. Алайда, қазақстандықтардың басым бөлігі төмен табыс салдарынан мұндай мүмкіндікті пайдалана алмайды. Сондықтан үкімет мемлекеттік бюджет есебінен 90 күнге дейінгі (магистранттар мен докторанттар үшін) академиялық ұтқырлықтың арнайы қысқа мерзімді

бағдарламаларын жасады. Айта кету керек, бұл студенттер үшін бірегей мүмкіндік.

Алайда, интернационалдауда да бірқатар мәселелер бар. Атап айтқанда, Болон үдерісінің шарттарын орындауға бағытталған керексіз рәсімділіктер мен есептер. Бұл әр елдің мәдени ерекшеліктерін ескермей, еліктеу нәтижесінде жүргізілген «көшірулермен», қажетті базаның жоқтығымен, психологиялық жағынан «көрсету үшін жасау» немесе «сандық көрсеткіш үшін жасау» және үдеріске қатысушылардың тарапынан өздерінің уәждемелерінің төмен болуымен байланысты.

Қазақстандық ЖОО интернационалдау уәждемесін көбіне дәстүрлі интернационалдандыруға жатқызуға болады, себебі университеттер бірінші кезекте бәсекеге қабілеттілікті, мәртебесін арттыруды, білім сапасын жақсартуды және одан әрі дамыту үшін стратегиялық одақтастарды табуды қалайды. Академиялық ұтқырлық аясында шетелден келетін студенттер санының тұрақты өсуі дәстүрлі дамушы ел уәждемелерінің бар екендігін көрсетеді, оның ішінде: білім беру сапасын жақсарту, студенттер қоғамдастығының мәдени құрамының әралуандығын арттыру, пайда табу т.б.

2.2 Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану кезеңдері

Жапондық жоғары білімнің тарихи дамуын талқыламас бұрын, оның кейбір негізгі сипаттамаларын егжей-тегжейлі қарастырған жөн. Жапондық жоғары білім беру жүйесінің жоғары оқу орындары мен онда білім алатын студенттердің саны жағынан бір ерекшелігі – оның жекеменшік мекемелерінің көптігінде. Бұл Еуропа мен Америка Құрама Штаттары білім беру жүйесі мен Азияның ірі елдеріндегі жоғары білім беру жүйесіндегі жалпы айырмашылық [259]. Жапондық жоғары білім жүйесінің мемлекеттік секторы екі түрге бөлінеді: ұлттық үкімет қолдауымен ұлттық университет және префектуралар немесе қалалар сияқты аймақтық әкімшіліктер қаржыландыратын жергілікті қоғамдық университеттер. 2017 жылғы статистикалық деректерге сәйкес, колледждер мен университеттер секторында барлығы 780 мекеме жұмыс істейді, оның ішінде 604-і (77%) жекеменшік оқу орындарын құрайды. Төрт жылдық бакалавриат студенттерінің саны бойынша жеке колледждер мен университеттерде 2 007 207 (78%) студент білім алады [260]. Жапонияның білім министрлігінің сүйенсек, 2017 жылда мемлекеттік ЖОО-лар санын 86 ұлттық университет және 90 жергілікті мемлекеттік университет құраған.

Ұлттық университеттерде шамамен 600 000 студент бар, оның ішінде төртінші курс студенттері, аспиранттар және аудит бойынша студенттер – жергілікті мемлекеттік университеттерде төрт есе көп, олардың саны шамамен 150 000 студент. Магистратура деңгейінде ұлттық университеттер басым, өйткені олардың құрамына ғылыми зерттеулер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлетін университеттер кіреді. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың шамамен 60% -ы ұлттық университеттерге түседі.

Жапонияның еуропалық алдыңғы қатарлы елдердің үлгісінде мемлекетті қайта құруы Мэйджи дәуірінен (1868-1912) басталады. Осы тарихи кезеңде оқшауланған, феодалдық жапон мемлекеті батыс елдерімен өзара қарым-қатынастарды дамуы үшін және жапондықтардың жеке басын қорғау үшін ел ішінде ұлтшыл идеологияларды таратып, соның негізінде халықаралық саясатты жүргізді [146; 261]. Мэйджи дәуірінде білім беру саласында да көптеген реформалар жүзеге асырылды, соның арқасында жапондық білім беру жүйесі дамып, бүгінгі қалпына енді. Жаңадан дамыған эгалитарлық білім жүйесі бұрынғы екі деңгейлі білім беру жүйесін, ең болмағанда қағаз жүзінде, таратып жіберді, самурайлар мен қарапайым адамдар арасындағы айырмашылық жойылды [262]. Дәл осы кезеңнің алдында қазіргі Білім министрлігі құрылды. Жапонияда таптық жүйенің құлдырауымен және феодалдық қоғамның жойылуымен, білім таптық эквалайзер болуы керек еді. 1871 жылы құрылған Білім министрлігі басты мақсатының бірі – оқулықтардан бастап оқу бағдарламаларына дейінгі оқу үдерісін реттеу жұмыстарын жасау болды. 2001 жылы Білім министрлігі бұрынғы ғылыми-техникалық агенттікпен біріктіріліп, қазіргі МEXT құрылды.

БМ жапондық білім берудің орталық басқармасы болды және жапон студенттеріне ұлттық мәдени, тарихи ерекшеліктерді бойына сіңіре отырып, көпұлтты ортаның үйлесімділігін насихаттауды ұйымдастырды. Мэйджи дәуірі Жапондық саяси жүйенің әлемдік деңгейде ықпалды мемлекет ретінде дамуы үшін халықаралық қауымдастық шеңберіндегі байланыстарды дамыту керектігін мойындаған алғашқы кезең [263]. Мэйджи дәуіріне дейін Жапонияда сакоку (sakoku) – жабық есік саясаты болды, мемлекет әлемдік қауымдастықтан бөлек, оқшаулану саясатын жүргізді. Сакоку саясатының маңызы зор, өйткені Жапония тек саяси оқшауланып қоймай, арал елі ретінде де географиялық тұрғыдан да оқшауланды. Мэйджи дәуіріне дейін және сол кезеңде бұл екі элементтің үйлесуі «ерекше оқшауланған ұлт менталитетінің» қалыптасуына ықпал етті [146, p. 461]. Жапонияның сакоку саясатын ұстануы барысында ұлт ретінде жапондықтардың қаншалықты жабық болғандығы жайлы әт түрлі пікірталас болғанымен, оқшауланған ұлттың менталитеті Жапонияда Мэйджи кезеңінен бастап білім беру саясатының дамуына әсер етеді. Бұл менталитеттің негізінде біз жапондық болу дегеннің тазалығын сақтауға деген байламды таба аламыз, бұл мәдени сәйкестікті дамыту мен сақтау арасындағы қарама-қайшылыққа ықпал етті.

1930 жылдары ұлтшылдық идеологиялар бүкіл әлемге тарала бастаған кезде, жапондық білім беру саясатында сол кездегі милитаристік және әсіреұлтшыл идеологиялар тағы көрініс таба бастады [264, p. 7-8].

Жапондық жоғары білім беру жүйесі ХІХ ғасырдың аяғында ұлттық (сол кездегі империялық) университет секторының құрылуымен пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жеке меншік жоғары оқу орындарының көбеюі жоғары білімнің кеңеюінде үлкен рөл атқарды. Көптеген ірі және кешенді ұлттық университеттер алдыңғы қатарлы ғылыми зерттеулер мен магистрлердің ғылыми тағылымдамасын қамтамасыз етуде, әсіресе докторантурада басты роль атқарды. Жергілікті мемлекеттік сектор жоғары білім алуға деген аймақтық сұранысты

қолдады. Осылайша, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жапондық жоғары білім жүйесінің негізгі құрылымы, негізінен студенттердің білім алу мүмкіндіктеріне жол ашқан жеке меншік жоғары оқу орындарынан құралды. Өз кезегінде, жоғары білім саласындағы жеке сектор студенттер мен ата-аналар тарапынан қолдау тапты. Дегенмен жалпы білім беру нарығын үкімет толығымен бақылап, реттеп отырды [265, p. 42-43].

Жапондық жоғары білім беру жүйесінің тағы бір ұлттық ерекшелігі ретінде – үкімет тарапынан жүргізілетін бақылауды атауға болады. Американдық жоғары білім саласының маманы, К. Мок [266] жоғары білім жүйесін халықаралық салыстырмалы тұрғыдан талқылаған еңбегінде жапондық жоғары білім нарыққа негізделген деп мәлімдеді. Бұл ішінара дұрыс, өйткені Жапонияда жоғары білімнің өндірушілері де, тұтынушылары да негізінен жеке бастамалардан тұрады. Алайда, жоғары білім алу мүмкіндіктерінің 80% жеке сектормен қамтамасыз етілгенімен, шын мәнінде, жапондық жоғары білім жүйесі үкіметтің реттеуші бастамаларына тәуелді.

Жапония шетелдік студенттерді қабылдау бойынша әлемде сегізінші орын алады, бұл әлемдегі студенттердің жалпы ұтқырлығының шамамен төрт пайызын құрайды [267]. Салыстыра қарасақ, жалпы халық саны Жапония халқының төрттен бірін құрайтын Канада, әлемде шетелдік студенттердің саны бойынша жетінші орынды иемденеді, ал осы елде білім алатын шетелдік студенттердің саны 80 000 жетеді. Кей ғалымдардың пайымдауынша, жапондық жоғары білім бірқатар жаһандық және ішкі итермелеуші және ынталандырушы факторлардың әсерінен «түбегейлі өзгеріс дәуіріне» енді, онда университеттер «бәсекеге қабілетті болу үшін интернационалдауды белсенді түрде жүзеге асыруда» [268, p. 194]. Атап айтқанда, «әлемдік деңгейдегі» университеттерді құру мақсатында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік саясат, сонымен қатар жапон студенттерінің аздауы университеттердің шетелдік студенттерді біртіндеп қабылдауына үлкен ықпал етті.

Азиядағы студенттік ұтқырлықтың жаһандануы басқа аймақтардың ЖББ жүйесінде көрініс тауып жатқан өзгерістермен ұқсас тұстары да өзгеше тұстары да бар. Сугимураның пікірінше [269, p. 46] қазіргі студенттермен алмасу басқа елдермен өзара түсіністік пен достық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған күш қана емес. Керісінше, «студенттерді шетелге жіберу немесе шетелдік студенттерді қабылдау мемлекеттердің халықаралық қарым-қатынастарын ілгерілетуге және білім беру мен мәдени алмасу аймағы ретінде дамуға жол ашады». Шынында да, мұндай уәждер, әсіресе Жапонияда кеңінен тараған университеттер рейтингіне деген құмарлықтан байқалады. Негізінен, жапондық ЖОО-лар көбінесе олардың тарихына, беделіне және хэнсачи (へんさち) баллдары бойынша бағаланып келген [270]. Мұндағы хэнсачи дегеніміз – университеттердің қабылдау емтихандарының қиындығы, университетті таңдаушы абитуриенттердің санының көптігі мен бітіруші түлектердің жетістіктері бойынша анықталатын ЖОО-лардың рейтинг жүйесі.

Алайда, қазіргі таңда университеттердің халықаралық рейтингілерінде қойылатын талаптарға сай, жапондық ЖОО-лар рейтингті анықтау барысында

көңіл бөлетін көрсеткіштер мен мәселелерге қатысты көзқарастарын өзгертуге мәжбүр.

Бірқатар жапондық және шетелдік бақылаушылар Жапонияның жоғары біліміндегі негізгі проблемалар ретінде бірнеше мәселелерді атап өтеді, оның ішінде білім берудегі есеп берудің көптігі және білім беру сапасын бағалаудың тиімді әдістерінің аздығы, оқу процесі мен оқушылардың білімінен гөрі зерттеуге басым назардың бөлінуі, күрделі қабылдау емтихандарына ғана негізделіп құрылған, өзге әдістерге көңіл бөліне бермейтін университеттердің қабылдау жүйесі және т.б. [147; 271]. Мұндай проблемалар білім сапасын қамтамасыз етуге қатысты халықаралық шаралармен үндеседі, алайда Жапонияда әсіресе соңғы жылдарда аталмыш мәселелерге үлкен назар аударылып, талқылана бастады. Білім беру саласындағы халықаралық ортақ мақсаттар мен білім беру ұсыныстарының сапасы Хорие, Лассегард, Ямада [272; 273] сияқты бірқатар зерттеушілер тарапынан талқыланған және олар белгілі бір дәрежеде өзара байланысты болып келеді.

Кокусайка (kokusaika – жапон тілінен аударғанда «интернационалдану» деген мағынаны білдіреді) термині алғаш рет 1970 жылдары пайда болып, 1980 жылдан бастап премьер-министр Я. Накасоненің құрған кабинетінің (1982 жылы) қызметінің арқасында кеңінен таралды. Кокусайка академиялық ұтқырлық аясында шетелден келетіндердің санының артуы, мысал ретінде 1983 жылы жарияланған «100 000 шетелдік студентті қабылдау жайлы жобаны» айтуға болады. Кокусайка жапондық бірегейлікке, ұлттық бірлікке және экономикалық күшке қауіп төндіреді деген қоғамда пікірталас та бар. Дегенмен, бұл термин қабылданған кезінен бастап қазіргі таңға дейін жапондық білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып келеді және ағылшын тілін оқытуға әсерін тигізіп отыр. Гробарука (gurobaruka – жапон тілінен аударғанда жаһандану деген мағынаны білдіреді) термині де жапондық жоғары білімінің ажырамас сипаты. Бұл термин алғаш рет 1990 жылдардың соңында пайда болғанымен, 2000 жылы «Премьер-министрдің Жапонияның 21-ші ғасырдағы мақсаттары жөніндегі комиссиясы» баяндамасында бұл термин алғашқы рет бағдарламалық құжат деңгейінде қолданысқа енгізілді. Бұл термин сөзсіз Жапонияға әсер еткен факторлардың бірі ретінде сипатталып, бейімделуге тиіс құбылыс деген тұжырым алға тартылады.

Жапонияда ЖББ жүйесінің интернационалдану жобалары Қазақстанмен салыстырғанда көбірек болғанына қарамастан, жапониялық интернационалдану үдерісін де негізінен үш үлкен кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең шетелдік студенттерді қабылдауға бағытталған саясаттың жүзеге асырылуымен сипатталады және 1983 жылы «100 000 шетелдік студентті қабылдау жайлы жобаның» [15] мақұлдануымен басталып 2006 жылға дейін жалғасады. 2003 жылы 100 000 шетелдік студент жобасы өз межесіне жеткеннен кейін МEXT-ке қарасты Орталық білім кеңесі (中央教育審議会) сол жылдың желтоқсан айында «Шетелдік студенттерді қабылдаудың жаңа саясатын дамыту туралы» (「新たな留学生政策の展開について」) [16] баяндама жасап, ол бойынша шетелдік студенттердің санына емес сапасына көңіл бөлу қажеттілігі аталып өтілді.

2003 ж. мемлекеттік жоспарға сәйкес халықаралық студенттерді тарту бойынша басталған бастамалар мен ақпараттық саясат қаншалықты «жеміс беруде» екендігі МЕХТ-тің құжаттарындағы мәліметтерден көрінеді [274-279].

Кесте 4 - Дамыған елдердегі жоғары оқу орындарына қабылданған шетелдік студенттердің саны

Мемлекет	АҚШ	Ұлыбритания	Германия	Франция	Австралия	Жапония
Категория						
ЖОО қабылданған студенттер саны *1 (мың адам)	9 010 (15 312)	1 386	1 799	2 175	945	3 656
Қабылданған шетелдік студенттер саны *2	565 039 (2004)	344 335 (2004)	246 334 (2003)	244 589 (2004)	228 555 (2004)	121 812 (2005)
Мемлекеттік шәкіртақы негізінде қабылданған шетелдік студенттер *3	1 361 (2004)	6 245 (2004)	5 195 (2003)	10 938 (2004)	3 108 (2004)	9 891 (2005)
ЖОО қабылданған шетелдік студенттердің үлесі	6,3	24,8	13,7	11,2	24,1	3,3


Деректер көзі: 1. Жапонияның білім, мәдениет, спорт, ғылым және технологиялар министрлігінің статистикалық деректері (МЕХТ) (Австралияның статистикасын қоспағанда). Жақшаның ішінде көрсетілген американдық студенттерге алуға қажетті кредиттердің жартысын алатын студенттер де кіреді. АҚШ пен Германияның деректері 2000 жылғы. Әр елдің деректері сәкесінше әр жылдарға тиесілі: Ұлыбритания мен Францияның – 2002 жыл, Жапония – 2005 жыл, Австралия – 2004жыл.

2. АҚШ: Халықаралық білім институты «OPEN DOORS»; Ұлыбритания: Жоғары білім статистикалық агенттігі 2004/2005; Германия: Федеративтік статистика бюросы; Франция: Білім министрлігі; Австралия: Білім, ғылым және оқу департаменті; Жапония: МЕХТ.

3. АҚШ: Халықаралық білім институты «OPEN DOORS»; Ұлыбритания: Британия консулдығы; Германия: DAAD; Франция: Жапониядағы Францияның елшілігі; Австралия: Білім, ғылым және оқу департаменті; Жапония: МЕХТ.

Мұның көрсеткіші ретінде Жапонияға оқуға келген шетелдік студенттердің саны Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін үнемі өсіп отырғандығын айтуға болады. МЕХТ-тің деректеріне сүйенсек 1960 жылы жапондық жоғары оқу орындарында оқитын шетелдік студенттердің саны 4 703 адамға жеткен, бұл 1980 жылғы (15 008) көрсеткіштен жеті есе және 2005 жылғы көрсеткіштен (104 427) 22 есе төмен болған (Сурет 1) (2006е). 2005 жылы Жапониядағы шетелдік студенттерінің саны 94 521 адам болды, олардың 91,8% Азиядан, 3,2% Еуропадан, 2,0% Солтүстік Америкадан, 1,0% Орталық және Оңтүстік Америкадан, 0,9% Африкадан, 0,6% Таяу Шығыстан, 0,5% Тынық мұхиты аралдарынан келген. Жалпы алғанда Жапониядағы шетелдік студенттердің үлесі жапондық студенттерге қарағанда аз. Өзге дамыған елдермен салыстырғанда Жапониядағы шетелдік студенттердің көрсеткіші салыстырмалы түрде әлі де болса төмен (4-кесте).

Алдыңғы қатарлы елдердің шетелде оқыған студенттерінің санына назар аударсақ, Жапония (1,5%) Германия (2,6%) және Франциямен (2,6%) салыстырғанда осы санаттағы студенттердің саны бойынша төмен екенін байқаймыз. Алайда, Жапонияда осы санаттағы студенттердің үлесі Ұлыбританияның (1,4%) және АҚШ-тың (0,3%) үлестерінен асып түседі. 2003 жылы шет елдерде оқитын жапон студенттерінің саны: Америка Құрама Штаттары – 40 835, Қытай – 12 765, Ұлыбритания – 5729, Австралия – 3462, Франция – 2490, Германия – 2438, Тайвань – 1825, Канада – 1460, Оңтүстік Корея – 938 және Жаңа Зеландия – 566 адам құрады. Осылайша, шетелде оқып жатқан жапон студенттерінің шамамен 80%-ы Еуропа мен Америка Құрама Штаттарында оқыды.



Сурет 1 - Жапонияда халықаралық студенттерді қабылдау үрдісі* [207]

2008 жылдың маусым айында жапон үкіметі экономика және салық саласындағы реформаларды жүзеге асыруға бағытталған «Экономикалық және салық реформасы жайлы негізгі саясат - ашық ел, барлығының қатысуымен өсу, қоршаған ортамен бірге өмір сүру» [17] немесе «Мықты саясат – 2008» («骨太方針 2008」について) [18] саясатын қабылдады. Осы саясаттың қабылдануы Жапониядағы интернационалданудың екінші кезеңінің басталуына жол ашты. Аталмыш саясаттың 2 және 5 тарауларында жоғары білімге, оның ішінде шетелдік студенттерді қабылдауға ерекше көңіл бөлінген. Бұл саясатқа және «Экономикалық өсу стратегиясына» сүйене отырып «Global 30» [19] (интернационалданудың шоғыры болатын 30 университет) бағдарламасын бастау жайлы және сол жылдың шілде айында МЕХТ-пен өзге министрліктердің

* Ескерту: әр жылы мамырдың 1-не университеттерге, арнайы дайындық колледждеріне немесе өзге де оқу орындарына қабылданған шетелдік студенттердің саны.

бірлескен отырысында «300 000 шетелдік студенттерді қабылдау жоспарын» [20] 2020 жылға дейін жүзеге асыру жайлы Министрлер кабинеті шешім қабылдады. Квотаға негізделген осы жоспарлардың қабылдануы мен жапон студенттерінің санының азаюы, Жапонияда «жоғары білімді интернационалдау енді таңдау немесе ойланып көрерлік мәселе емес» [268, p. 195], керісінше қажетті, мәжбүр қадам деген түсініктің қалыптасуына ықпал етті. Осыған қарамастан, жоғары білімнің интернационалдануының өзектілігі, сонымен қатар студенттердің ұтқырлығының артуы жапондық жоғары білімнің тиісті реформалары тұрғысынан парадигманың кең көлемде өзгеруіне әлі ықпал ете қоймады. Егер Жапония халықаралық білім беруде әлемдік көшбасшы болуға дайын болса, бұл өзгерістер өте қажет екені анық.

Үшінші кезең 2010 жылдың соңынан бастап қазіргі кезге дейінгі аралықты қамтиды. Осы кезеңде қабылданған бағдарламалар мен құжаттар адами ресурстарды дамытуға бағытталған аймақтық алмасу, халықаралық серіктестік пен білімнің дамуына бағытталды. 2010 жылы премьер министр Хатояма Жапония, Корея және Қытай үкіметінің бас қосқан саммиті барысында «Кампус Азия» [11] («Campus Asia») концептісін ұсынды [10]. Ол бойынша бірлескен ұтқырлық бағдарламасына сәйкес үшжақты студенттермен алмасу жобасы жүзеге асырылады деп күтілді. 2010 жылы Жапонияның Экономикалық ұйымдар ассоциациясының ұйымдастырған конференциясының нәтижесінде даярланған «Әлемдік адами ресурстарды дамыту бойынша ұсыныстар» атты баяндамасында ЖББ жүйесін интернационалдау жобаларын қолдау жайлы мәлімдеме жасалды. Нәтижесінде көптеген жобалар жүзеге асырыла бастады. 2011 жылы МЕХТ студенттерді екі бағытта ұтқырлығын дамытуға бағытталған және ғаламдық адами ресурстарға деген қажеттіліктен туындаған «Re-inventing Japan» («Жапонияны қайта құру») [12] жобасын іске қосты. 2012 жылы басталған «Go Global Japan» жобасы жапон студенттерінің қауымдастығын интернационалдау мақсатында Жапонияның сыртқы ұтқырлығын жандандыруға бағытталды. Азиялық қақпа бастамасының кеңесі [21] «Жапонияның Азиядағы әлем адамдарын байланыстыратын орталыққа айналуы үшін шетелдік студенттерге арналған саясатты қайта құру: жаңа ұлттық стратегияны қалыптастыру үшін мүдделі тараптарды жұмылдыру» және «университеттерді халықаралық болуға ынталандыру үшін білім беру орталықтарын бағдарлауды» мақсат тұтты. 2013 жылы Абэ әкімшілігін 2020 жылдың басына дейін жапондық он университетті әлемдегі ең үздік 100 университеттің қатарына қосуға ұмтылатыны туралы баяндады. Бұл «TGUP» (Top Global University Program – Әлемдік жетекші университет) атты «Жапонияның жоғары білімінің халықаралық үйлесімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру» және «жапон университеттерінің интернационалдануына жетекшілік ететін әлемдік деңгейдегі және инновациялық университеттерге басымдық беру» үшін жасалған ірі инвестициялық бастаманың қолға алынуына үлесті [22].

Үшінші кезеңде қабылданған интернационалдану жобалары саны жағынан көп және көлемі жағынан ауқымды болғандықтан, осы уақытта жүргізілген әр

жобаны біз келесі тараушада жеке-жеке қарастырып, оны студенттердің академиялық ұтқырлығымен байланыстыра талдайтын боламыз.

Жапон университеттеріндегі халықаралық рейтинг мәселесі

Жаһандану және интернационалдану Жапонияда ЖББ саласында реформалардың жүргізілуіне белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Жапонияның үшінші тараптың жоғары білім беруді бағалау ұйымы «халықаралық білім алмасу білім беру мен зерттеу сапасы туралы мәселені қамтуы керек» деп мәлімдеді [280, р. 3]. Уокердің айтуынша [281, р. 174] 1990 жылдары қазіргі кезеңмен салыстырғанда жапондық студенттердің арасында шетелдік университеттерде білім алуға деген талпыныс басымырақ болған. Оның себептерінің қатарында ішінара жапондық білім беру жүйесіне деген көңіл толмаушылық, университеттердің қабылдау емтихандарының қиындығына қатысты студенттер мен ата-аналардың наразылығы, ЖОО-лардағы таңдау мүмкіндіктерінің шектеулігі мен университет деңгейлерінің төмендігі сияқты факторлар кірген. Алайда, қазіргі таңда жапондық студенттердің басым бөлігі өз елдерінде білім алуды жөн көреді, сол себепті шетелде білім алатын жапондық студенттердің саны да салыстырмалы түрде азайған. Ғалымдардың пайымдауынша мұндай өзгерістердің орын алуына әсер етуші факторлардың бірі – жапон университеттеріндегі білім беру сапасының жақсаруы [282]. Ямаданың айтуынша [273, р. 84] «...Жапон университеттері енді бакалавриат деңгейінде жоғары сапаны қамтамасыз етуге міндетті енді «сапаны қамтамасыз ету» мәселесі ЖОО-лардың оқу ісі мен бағдарламаларын, жалпы педагогикалық реформаларды тездетуіне себеп болды, бұл университеттерді жаһандық білім беру стандарттары сияқты жаппай білім беру талаптарына бейімделуге мәжбүр етуде».

Қазіргі уақытта жапон университеттерінің әртүрлі типтерінде біртіндеп реформалар жүргізіліп жатқаны белгілі, бірақ бұл бағыттың қаншалықты кең таралғандығын анықтау қиын, себебі осы реформалардың ішінара әсер етуін бағалаудың тиімді құралдары жоқ. Ота [283] айтқандай, «жапон университеттері үшін шешуші міндеттердің бірі – олардың интернационалдануға жұмсаған күш-жігерін тиімді бағалау үдерісін жасау». Мұндай бағалаудың болмауына байланысты жапон университеттерінде жапондық емес студенттер мен оқытушылардың саны мен пайызы сияқты сандық көрсеткіштерге және сандық мақсаттарға баса назар аударылады. Бұрынғыдай ЖОО-лардың білім беру қызметін ішкі рейтингтер мен салыстырулар сапа үшін бағдар ретінде қызмет етсе де, МЕХТ және жапон университеттерінің өздері халықаралық рейтингте қалай бағаланатыны жайлы көбірек ойланады деген уәж айтылады. Мысал ретінде, 2013 жылы Абэ әкімшілігін 2020 жылдың басына дейін жапондық он университетті әлемдегі ең үздік 100 университеттің қатарына қосуға ұмтылатыны туралы хабарлауын айта аламыз [284].

Негізі белгілі бір университетте ұсынылатын білім беру бағдарламалары мен оқу бағдарламаларының оның ішкі рейтингте алатын орнына тигізетін әсері шамалы. Алайда, жаһанданған әлемде студенттер мен оқытушылардың халықаралық алмасуларының саны мен дәрежелері Таймс Хай Эдукейшн (Times

High Education) рейтингі сияқты университеттердің халықаралық рейтингтерінде маңызды рөл атқарады [285]. 1990 жылдардың алдыңғы жартысынан бастап жоғары білім салсында орын алып жатқан өзгерістер мен интернационалдану үдерісінің қолға алынғанынан, Жапонияда білім берудегі сапаға қатысты көзқарастың өзгере бастағаны байқалады. 1994 жылдан бастап «Университет рейтингісі» деген сериясын шығарған «Асахи шимбун» газетінде қазіргі уақытта университеттердің рейтингісін бағалау үшін 84 түрлі көрсеткіштер негізге алынады, соның ішінде шетелдік студенттер мен оқытушылардың саны [286] және шетелге оқуға баратын отандық студенттердің саны ескеріледі. Сонымен қатар, отандық университеттер үшін рейтингтік бағалау әдістері жасалды, атап айтсақ, «Йомиури шимбун» газеті 2008 жылдан бастап шығара бастаған «Дайгаку-но джицурёку» (大学の實力 – қазақша мағынасы университеттердің нақты күші) журналында, білім сапасы, қамтамасыз ету, оқытуды жақсартуға және оқу жоспарларын жасауға негізделген рейтингілік бағалау жүйесі қолданылады [287].

Негізінен үкіметтің қаржыландыруы бойынша жұмыс істейтін, зерттеуге бағытталған ұлттық университеттерде рейтингтік мақсаттар үшін сандық мәліметтерді жинау оңайырақ. Жеке университеттер оқыту мен оқуға көбірек бағытталған, ал кейбіреулері өздерінің қаржылық мәліметтерін жария етпейді. Бұл университеттер оқу ақысын алдыңғы қатарлы ұлттық университеттермен бәсекеге түсе алу үшін көтермей, ұстап тұрады. Ұлттық университеттермен салыстырғанда жеке ЖОО-ларда қол жетімді қаржы қорларының шектеулі болуы «білім деңгейі жоғары шетелдік студенттерді тарту үшін білім беру ісінің сапасын жоғарылату мүмкіндігіне айтарлықтай шектеу қояды» [287, р. 172]. Шетелдік студенттерді маңызды табыс көзі ретінде қарастыратын АҚШ, Ұлыбритания немесе Австралиядағы оқу орындарынан айырмашылығы, жапондық университеттер жуық араға дейін шетелдік студенттерді қаржылай үлкен пайда көзі ретінде қарастырмаған [288]. Керісінше, Ишикаваның айтуынша [268, р. 205] «шетелдік студенттердің көп болуы (жапон) университеттеріне үлкен қаржылық қиындықтар туғызады» дейді. Жапонияның ЖОО-ларына қабылданған шетелдік студенттердің басым көпшілігі Азиядағы дамушы елдерден шыққан, сол себепті олар көбіне Жапон үкіметінің немесе жапондық университеттердің қаржылық қолдауы болмаса, Жапонияда өмір сүріп, білім алуды өте қиын деп санайды. Рицумэйкан Азия Тынық мұхиты университеті (Ritsumeikan Asian Pacific University (APU)) сияқты кейбір ЖОО-ларда, халықаралық студенттердің 95%-ы оқу ақысын төмен бағамен төлейді немесе мүлдем төлемейді, ал жапон студенттері халықаралық академиялық білім алу мүмкіндігіне ие болу үшін, сол айырмашылықты төлеп, оқуға келіседі. Басқалай айтқанда, жапондық студенттермен салыстырғанда шетелдік студенттерге жеңілдіктер көбірек қарастырылған. Аталмыш университеттің студенттерінің жартысы шетел азаматтары, ал ұсынылатын курстардың жартысы ағылшын тілінде оқытылады [289].

Осыған қарамастан, халықаралық рейтингтер, атап айтқанда рейтингтік бағалау жүйесінде халықаралық студенттер мен ғалымдардың санының ескерілуі

жапон университеттерінің кампустары мен олардағы білім беруді «интернационалдау» немесе «жаһандандыру» күш-жігеріне ықпал етуін жалғастыруда. Йонезаваның [287, р. 181] айтуынша: «Жапон университеттері жаһандық мәртебесін көтеруге тырысады» ал «... рейтингтер Жапонияның үздік университеттерінің институционалды мінез-құлқына әсер ете бермек». Демек, Жапонияға халықаралық студенттерді көптеп тартуға ұмтылу жапондық жоғары білімнің негізгі, басым бағыттарының бірі болып қала бермек.

Жапон үкіметі жоғары білім беру саласының интернационалдануын экономиканы дамытудың бір әдісі ретінде қарастырады, ал кейбір университеттердің халықаралық студенттерді тарту стратегиялары жаһандық адами ресурстарға немесе глобалу дзинзайға (*グローバル人材* – жапон тілінен аударғанда жаһандық адами ресурс деген мағынаны білдіреді) қол жеткізу мүмкіндіктерін арттырудың құралы болып табылады. Бұл қазіргі жапондық ЖББ саласында жиі қолданылатын сөз, сонымен қатар жапондық экономиканың жаһандану үдерісінің күн санап артып отырған жағдайында үкімет жапондық студенттердің жұмыс істеуге дайындалуына көмектесу мақсатында олардың академиялық қабілетін арттыру жөніндегі жүргізіп отырған шараларын да меңзейді [290; 147]. Ота [283] осы соңғы үрдісті кіріс әкелетін тәсілмен үйлесетін білікті көші-қон әдісі деп атайды – әсіресе Қытайдан келген студенттер үшін тиімді болып отырған бұл әдіс – халықаралық ұтқырлық пен алмасуда, Жапонияның осы уақытқа дейінгі халықаралық (немесе ғаламдық) ЖББ саласындағы ерекшелігі болған, дәстүрлі ынтымақтастық пен өзара түсіністік әдісін біртіндеп алмастыруда. Ынтымақтастық пен өзара түсіністікпен сипатталатын алдыңғы тәсілде азиялық халықаралық студенттерді қабылдау шетелде дамудың көмек түрі немесе ДРК ретінде қарастырылды. Бұл Жапония үшін біршама пайда әкелгенімен, шетелдік студенттердің саны жоғары қарқынмен көбейе бастаған кезде оның шығынын қамтамасыз ету мемлекет үшін тиімді болмады.

2.3 Жапонияның жоғары білім беру жүйесіндегі интернационалдану жобалары

2012 жылы жапон университеттеріндегі барлық шетелдік студенттердің саны шамамен 138 000 жетті. ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында шетелдік студенттердің саны тұрақты түрде өсіп отырды және 2011 жылы солтүстік Жапонияда болған жойқын жер сілкінісі мен цунами осыған дейін де түрлі проблемалардың әсерінен орын ала бастаған экономикалық құлдырауға ықпал етті. Алайда, 2012 жылға қарай жоғары білім берудегі көрсеткіштер жер сілкінісіне дейінгі деңгейге жетті, сондықтан табиғи апат Жапонияға келетін шетелдік студенттер ағымына ұзақ уақыт әсер ете қоймады [292].

Жалпы 2012 жылы азиялық студенттер жапондық университеттердегі халықаралық студенттердің басым бөлігін құрады және олардың көпшілігі қысқа мерзімді алмасуларға емес, толық дипломды бағдарламаларға келген студенттер болды. Негізі қысқа мерзімді бағдарламаларға (*tanrigō*) студенттердің қатысуын дамыту және кеңейту – жапондық жоғары білім берудің маңызды бағыты,

ұтқырлықтың бұл түріне 2012 жылы 11000-нан астам студент қатысты, бұл студенттердің жалпы санының 12% құрап, 2011 жылмен салыстырғанда 22% артқандығын көрсетеді [293].

Көптеген ұлттық және жеке университеттер қысқа мерзімді жаңа бағдарламалар құру арқылы шетелдік студенттерді тартуға үміттенді, ал кейбіреулері оқуға түсу үшін түрлі стипендиялар ұсынды. Мұндай бағдарламалардың көптеп пайда болуының себебі – Жапонияға алғашында қысқа сапармен келген студенттер, тілді және мәдениетті үйренуді жалғастыру үшін кейін қайтып оралуға ниет білдіреді немесе толық дипломды бағдарлама, оның ішінде магистратураға оқуға келеді деген университет әкімшілігінің үміті.

Академиялық ұтқырлық аясында шетелден келетін студенттердің артуына оң әсерін тигізген тағы бір өзгеріс – Жапонияның көптеген ірі университеттерінде академиялық кредит ретінде ұсынылатын ағылшын тілі курстарының санының тез артуы. Мұндай курстар негізінен қысқа мерзімді алмасу бойынша келген студенттерге арналғанына қарамастан, өзге факультеттердің студенттері де қатыса алатын, әрі кредит ретінде есептелетін болды. Азия елдерінен келген кейбір шетелдік студенттер жапон және ағылшын тілдерін жетік біледі, сондықтан олар бірнеше факультеттерде курстарға еркін қатыса алады. Бұған дейін оқу бағдарламалары мен факультеттерге қатаң талаптар қойылып келгендіктен, басқа факультеттің студенттері де қатыса алатын бағдарламалар өте сирек кездесетін, сондықтан мұндай мүмкіндік әрқашан бола бермейтін. Осылайша, ағылшын тілін оқыту тілі ретінде енгізу, сонымен қатар шетелдік және жапондық студенттерге әртүрлі тілдерде және көптеген жағдайларда академиялық кредит алу курстарында салыстырмалы түрде еркіндік беру нәтижесінде аудиторияда қатысушы жапондық және шетелдік студенттердің саны артып келеді [141; 272].

2009 жылы МЕХТ премьер-министр Фукуда бастаған «Global 30» («Әлемдік 30») жобасын іске қосты және 2020 жылға қарай шетелдік студенттер санын 124 000-нан 300 000-ға дейін көбейту жоспарын жасады. «Global 30» жобасы жапондық ЖОО-лардағы академиялық ортаны интернационалдау мен шетелдік студенттерді қабылдауға бағытталған, Жапонияның үкіметі тарапынан қаржыланатын мемлекеттік жоба. Осы жобаны жүзеге асыру мақсатында Жапонияның алдыңғы қатарлы 13 университеті таңдалды. Жобаға қатысушы әр университет академиялық жүйе мен кампустары интернационалдауда түрлі әдістерді пайдаланды, мәселен, шетелдік ЖОО-лармен студенттермен алмасу бағдарламаларын ілгерілету арқылы университет аралық байланыстарды нығайту, шетелдік университеттерде өз офистерін ашу және т.б.

Ағылшын тілінде оқытылатын курстарды дамытуды негізгі міндеттерінің бірі ретінде жариялаған «Global 30» бағдарламасы 2008 жылдан 2013 жылға дейін созылды. Қатысушы ЖОО-ларға МЕХТ-тің қойған талаптарының бірі – студенттерге тек ағылшын тілінде өтетін курстарды таңдау арқылы, толық дипломдық дәреже ала алатын академиялық бағдарламаларды жасау болды [294]. «Global 30» бағдарламасына дейін Жапониядағы барлық шетелдік студенттердің шамамен 12% -ы осы 13 университетте оқыған. Алайда, бұл пайыздың күрт арта

түсетіні сөзсіз, өйткені болашақта 13 университеттің көпшілігі халықаралық студенттер санынан екі есе артады деп күтілуде. Мәселен, «Global 30» құрамына кіретін Васэда университеті 2020 жылға қарай шетелдік студенттер санын кем дегенде 8000-ға жеткізуді жоспарлап отыр, бұл 2012 жылмен салыстырғанда екі есе көп. «Global 30» және басқа университеттердің мақсаты шетелдік студенттердің үлесін студенттердің жалпы санына шақандағы пайыздық көрсеткішін көбейту, ал бағдарлама басталған кезде бұл көрсеткіш көп жағдайда 2%-дан аз болған [268].

Көптеген шетелдік студенттерді қабылдайтын университеттер, әдетте, Жапонияның ең көне және ең беделді университеттері болып келеді және олар шетелдік студенттердің жалпы санының үштен бір бөлігін қабылдайды. Алайда, басқа да беделді емес, бірақ Жапонияның ірі жеке университеттері көптеген шетелдік студенттерді қабылдайды. 5-кестеде көптеген шетелдік студенттерді қабылдайтын университеттердің саны көрсетілген (кейбір «Global 30» ұлттық университеттері бұл тізімде жоқ). Бағдарлама жүзеге асырылу барысында көп жағдайларда университеттердегі шетелдік студенттердің саны 2011 жылы Жапонияның солтүстігіндегі орын алған табиғи апат жылымен салыстырғанда қалпына келді, кейбіреуі тіпті көбейді. 300 000 шетелдік студенттерді қабылдау жобасын орындау барысында, Жапонияның жетекші университеттеріндегі шетелдік студенттердің үлесі алдыңғы жылдардан да көбейе түсті.

Кесте 5 - Қабылдаушы кейбір ірі университеттердегі шетелдік студенттердің саны (2012 ж.)

ЖОО (ұлттық-N/жеке-P)	Global 30/ Global 30 емес (NG)	Шет елдік студенттердің саны
Васэда университеті(P)	G30	3771 (3393)
Жапон экономика университеті (P)	NG30	3135 (3378)
Токио университеті (N)	G30	2873 (2877)
Рицумейкан Азия Тынық мұхиты университеті (P)	G30	2526 (2692)
Кюсю университеті (N)	NG30	1931 (1866)
Нагоя университеті (N)	G30	1611 (1556)
Нихон университеті (P)	NG30	1378 (1340)
Кейо университеті(P)	G30	1203 (1072)
Дошиця университеті (P)	G30	1131 (877)
Мейджи университеті (M)	G30	1089 (1046)
София университеті (P)	G30	757 (520)
Ескерту: Жақшадағы сандар 2011 жылғы көрсеткіштер.		

«Global 30» жобасына іріктеліп алынған университеттерге қатысты айтылған сындардың бірі – олардың халықаралық білім саласындағы нақты жетістіктері негізінде емес, ауқымы немесе академиялық рейтингі бойынша таңдалуы болды [290, p. 441]. Кей зерттеушілер «Global 30» бағдарламасын қатты сынға алып, бұл бағдарламаның астарында шын мәнінде «ұлтшыл»

мақсаттар жатыр дей келе, оның халықаралық уәжіне күмән келтіретіндігін айтады. Басқа сындардың арасында ағылшын тілін (негізінен жапондық студенттер үшін) үйрену бағдарламасының міндеттелгенін, сондай-ақ шетелдік студенттер мен жергілікті жапон студенттерінің өзара әрекеттесу мүмкіндігінің аздығын айтады.

Осыған қарамастан, «Global 30» жобасының құрамына кірмейтін көптеген басқа жапон университеттері аз да болса «Global 30» мақсаттары мен саясатына сай келетін бағдарлама жасап, соны қабылдауға күш салуда және олар шетелдік студенттердің санын арттыру, жапондық студенттерді шетелге оқуға жіберу әдістері арқылы интернационалданудың ұқсас жоспарларын құруда. Мұндағы жапондық студенттерді шетелде білім алуға ынталандыру «Global 30» жобасынан кейінгі интернационалдану бағдарламаларының тағы бір маңызды құрамдас бөлігі болды, бұл шараның пайда болуына шетелге шығатын жапон студенттерінің санының күрт төмендеуі себеп болды. Негізі үкіметтің ғаламдық адами ресурстарды дамыту жөніндегі күш-жігерінің маңызды бөлігі жапон студенттерінің шетелде білім алуына бағытталған шығындардың өсуін ақтауға бағытталған.

2014 жылы ЖББ саласындағы халықаралық байланыстар мен білім беруге бөлінетін қаржы көлемінің артуы, МЕХТ-тің интернационалдауға ерекше көңіл бөле бастағанының бір айғағы болды. Премьер-министр Абэ өзінің 2013 жылғы мәлімдемесінде әлемдегі ең үздік 100 университеттің қатарына он жапон университетін қосуды мақсат ететінін баяндап, осы мақсатқа жету үшін қаржыландыру деңгейінің өсуі тездетілді. МЕХТ ұсынған бюджеттік ұсыныс бойынша ЖОО-ларды интернационалдауға және жаһандық адами ресурстарды дамытуға бағытталған алмасу бағдарламаларына 48,2 миллиард йен (шамамен 472 миллион АҚШ доллары) жұмсау жоспарланды, бұл өткен жылға қарағанда қаржының біршама өскенінің көрсеткіші [295].

Атап айтқанда, 2014 жылға және кейінгі кезеңге арналған жоспарларда қаржыландырудың бірнеше бағыттар бойынша жүргізілетіні көрсетілген. Бірінші негізгі санат «Университеттік білім берудің жаһандық дамуын күшейту» «Super Global University» (Супер әлемдік университет) бастамасы, ол бойынша отыз университетті қаржыландыруға 9,9 миллиард йен бөлінді. Келесі санат, ЖОО студенттерінің халықаралық алмасуын жеделдетуге бағытталғандықтан, бюджеттің негізгі бөлігін құрайды. Шетелдік студенттерге қолдауды күшейтуге, сондай-ақ озық, қабілетті шетелдік студенттерді негізінен стипендиялар есебінен шақыруды көздейтін «Үлгерімі өте жақсы шетелдік студенттерді стратегиялық қабылдау» (優秀な外国人留学生の戦略的な受け入れ) санатына 35,5 млрд йен қаржы бөлінді [295, p. 1].

Үздіксіз бөлінетін қаражат, бір жағынан, үкіметтің халықаралық білім берудегі мақсатына жету үшін тұрақты қаржыландыру қажеттілігін түсінетінін білдіреді. Қаржыландыру бастамаларының жан-жақты сипатын зерттей келе, Жапония билігі халықаралық білім беру саясатының үйлесімді және интеграцияланған түрде жүзеге асырылуы керек екенін мойындай бастағандығы

байқалады. Дегенмен, қаржыландыруға таңдалған 30 университет әлі де болса ЖББ секторының аз бөлігін құрайды.

Жеке университеттер Жапонияның барлық университеттерінің 75% құрайды және олардың көпшілігі ұлттық университеттер сияқты беделді емес, сондықтан жоғары бағалана бермейді. Дегенмен, жеке университеттер «Global 30» университеттерімен бірдей көп студенттер қабылдауға қатысты қысымға түсуі мүмкін. Қазіргі таңда жапондық жеке ЖОО-лардың 46% қабылдауға міндетті талапкерлердің сандық көрсеткішін орындай алмай келеді, ал шетелдік студенттер университеттердің ары қарай өз істерін жалғастыру үшін бос дәріс залдарын толтырудың әлеуетті құралы ретінде қарастырылады [296]. Кейбір төмен деңгейдегі университеттер студенттерді жұмысқа қабылдау үшін арнайы агенттіктердің көмегіне жүгінеді, алайда бұл студенттердің білімі мен академиялық қабілеттеріне қатысты алаңдаушылық тудырады.

Жапонияның ЖББ жүйесіндегі интернационалдау үдерісіне қатысты мәліметтерді табу қиын емес. Алайда, кей деректерден мамандар пікірлерінің өзара қайшылығы да байқалады. Университет ректорларының көптеген сауалнамалары шетелдік студенттер мен оқытушылар санының ұлғаюы, сондай-ақ, шетелге жапондықтардың көбірек жіберілуі тұрғысынан интернационалдау үдерісінің белгілі бір дәрежеде жүзеге асырылып келе жатқандығын және жыл сайын көрсеткіштердің өсіп келе жатқанын мәлімдейді. Алайда, жекелеген факультеттердің және олардың профессор-оқытушыларының баяндамалары интернационалдау туралы мүлдем басқаша және жиі қайшы пікірлердің барлығын меңзейді, мұндай пікірлер әсіресе оқу бағдарламаларын реформалауға қатысты айтылады [297]. Хуаң [298, р. 155] бірнеше мәселелер бойынша мұғалімдер арасында жүргізген сауалнамалардан төмендегідей мәліметтерді келтіреді:

- Менің кәсіби қызметім үшін шетелдік ғалымдармен алмасу маңызды;
- Менің оқытатын пәнімді одан әрі жетілдіру үшін шетелдік кітаптар немесе журналдар оқу керек;
- Университеттер шетелдік студенттермен немесе оқытушылармен тәжірибе алмасуға жәрдемдесуі керек;
- Менің университеттегі оқу жоспарым халықаралық деңгейге сай жетілдірілуі керек.

Барлық төрт пункт бойынша 1997-2007 жылдар аралығындағы 10 жылдық мерзім ішінде осы пікірлермен келіскен профессор-оқытушылар құрамының үлесі азайған. Негізінде, оқытушылардың төрттен бір бөлігі оқу жоспарын халықаралық деңгейде жетілдіру керек деген пікірді қолдаған.

«Re-inventing Japan» («Жапонияны қайта құру») жобасы

«Global 30» жобасы жүзеге асырылып жатқан кезде, 2011 жылы МЕХТ тағы бір интернационалдау жобасын іске қосты, ол – студенттердің екі бағыттағы ұтқырлығын дамытуды көздеген және ғаламдық адами ресурстарға деген сұраныстың көбеюінен туындаған «Re-inventing Japan» немесе «Жапонияны қайта құру» жобасы. «Re-inventing Japan» жобасы белгілі бір географиялық аймақтағы стратегиялық серіктес университеттермен ынтымақтастық қарым-

катынасты орнатуға арналған және осы оқу орындарындағы халықаралық академиялық ұтқырлық бойынша шетелден келетін студенттер мен шетелде оқитын жапон студенттерінің санын көбейтуге жыл сайын, тұрақты түрде қаражаттың бөлінуін қамтамасыз етеді. Жоба бойынша негізінен екі санат бар, олардың бірі – Жапониядағы және әлемдегі университеттермен консорциум құру бағдарламасы. Екінші санат АҚШ университеттерінде оқитын жапон студенттерінің санының 40% қысқаруына байланысты [299] «Ниппон дискавэри студенттермен алмасу» («Student Exchange Nippon Discovery») (SEND) сияқты бағдарламалар арқылы серіктестікке қаражат бөлу. Жоба жүзеге асырылатын аймақ әр жылда өзгеріп отырады, мысалы: 2011 жылы бұл Жапония / Қытай / Оңтүстік Кореяның «CAMPUS Азия» бағдарламасы болса, 2012 жылы АСЕАН елдері, 2013 жылы «АСЕАН студенттеріне арналған халықаралық ұтқырлық» («Asian International Mobile Students») (AIMS) бағдарламасы, 2014 жылы Ресей мен Үндістан университеттері, ал 2015 жылы 20-дан астам жапон университеттерінің Латын Америкасы, Кариб бассейні мен Түркияның 60-тан астам университеттерімен серіктестік орнатуының арқасында іске асырылған 11-ден астам бірлескен жобалары жатады.

Тіл үйрену мақсаты тұрғысынан алғанда бұл бағдарлама шетелде оқу үшін ағылшын тілін жетілдірудің маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, студенттер мен оқытушылардың ағылшын тілінен басқа тілдерді игеруіне аз көңіл бөлді. «Global 30» жобасы сияқты, бұл жоба да шетелдік студенттерге жапон тілі мен мәдениетін үйренудің қажеттілігін атап өтті. Осыған қарамастан, «Re-inventing Japan» жобасы академиялық ұтқырлық бойынша студенттердің шетелге шығуы мен шетелден келуіне ерекше назар аударды, оның бір себебі шамамен бір уақытта жүзеге асырылған ««Global 30» жобасының әсері де болуы мүмкін. «Re-inventing Japan» жобасы «ғаламдық адами ресурстар арқылы жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттыру» қажеттілігін атап өтті және интернационалдау арқылы, халықаралық талаптарды қанағаттандыратын, отандық студенттер қауымдастығын дамытуға баса назар аударды. Осылайша, бұл саясат «Global 30» айтарлықтай ерекшеленді, өйткені ол екі бағыттағы студенттердің ұтқырлығына айрықша назар аудара отырып, жапон университеттері мен шетелдік университеттер арасында институционалдық ынтымақтастықты (бірлескен білім беру бағдарламаларын) ілгерілету үшін шетелдік студенттерді тартуға бағытталды.

«Go Global Japan» («Жапониядан әлемге аттану») жобасы

«Go Global Japan» жобасы «Re-inventing Japan» жобасы іске қосылғаннан бір жыл кейін, 2012 жылы басталып, 2016 қаржы жылының соңына аяқталуы тиіс болды. Бастапқыда «Адам ресурстарын дамыту жаһандық жобасы» («Project for Promotion of Global Human Resource Development») деп аталғанымен, 2014 жылы жоба атауы өзгертілді. Жоба «жаһандық таланттарды» немесе «жаһандық адами ресурстарды» дайындауға баса назар аудара отырып, шетелде оқитын жапон студенттерінің санының төмендеуіне қатысты шара ретінде ұйымдастырылды. Осыған байланысты «Go Global Japan» жобасы жапон студенттерінің қауымдастығын интернационалдау мақсатында, нақтырақ айтқанда шетелге шығу ұтқырлығын жандандыруға (жапон студенттерін шетелге оқуға жіберуге)

бағытталған. «Re-inventing Japan» жобасы серіктес университеттермен бірлесіп жұмыс атқаруға бағытталған болса, «Go Global Japan» жобасы әлем азаматтарын даярлау және қалыптастыру мақсатымен белгілі болды.

Жоба Жапониядағы ең ауыр апаттардың бірі – Тохоку жер сілкінісі мен цунамиден кейін, оған ілесе орын алған Фукушима атом станциясындағы жарылыстың салдары жалғасып жатқан кезде басталд. Осындай табиғи апаттар шетелде оқып жатқан көптеген жапон студенттері еліне оралып, шетелдерден Жапонияға келетін студенттер санының азаюына ықпал етті [300]. Аталмыш жоба 42 университетті қаржыландырды, оның ішінде 11 «А типтегі» университеттер, олар шетелде оқу бағдарламаларын ілгерілету үшін университеттік бағдарламаларды кеңейту және жапон студенттерінің ұтқырлығын арттыру мақсатында 140-260 миллион йен қаржылай көмекке ие болды. Ал, 31 «В типтегі» университеттер, шетелде оқу бағдарламаларын ілгерілетуге, шетелге шығу ұтқырлығы үшін ең жақсы тәжірибелерді жасауға бағытталған факультеттерге/бөлімдерге арналған бағдарламаларды даярлауға 120 миллион йен алды.

Жобаның мақсаты оған қатысушы университеттердің халықаралық білім беру бойынша ұсыныстарын әзірлеу және шетелде оқитын жапон студенттерінің санын көбейту болды. Бір қызығы, бұл саясат ағылшын тілінде оқыту бағдарламаларын құруды немесе ағылшын тілінде бағдарламаларды әзірлеуді нақты көздемеді, керісінше университеттерді «интернационалдау» қажеттілігін атап өтті. Алайда, көп жағдайда бұл мақсат «ағылшын тілді» университеттер және «ағылшын тіліндегі» бағдарламалар ретінде талқыланды. Аталмыш саясаттың «Global 30»-дан бір айырмашылығы – қаражаттың қолданыстағы бағдарламаларды қоса, академиялық ұтқырлық аясында шетелге шығу бағдарламаларын дамытуға жұмсалыуымен, жобаның халықаралық студенттер нарығына бағытталған жаңа бағдарламалар құруды мақсат тұтуымен айқындалды.

«TOBITATE! Young Ambassador» («ТОБИТАТЕ! Жас елші») бағдарламасы

Соңғы бес жылда Жапония үкіметі халықаралық студенттерді қабылдау және жапон студенттерін шетелге жіберу үшін шәкіртақы жүйелерін күшейте бастады. Шетелдік студенттерге арналған мемлекеттік шәкіртақылардың бірнеше түрі бар, олардың ішінде ең кең таралғаны толық дипломды бағдарламаларға түскен, жоғары білімді студенттерге арналған МЕХТ-тің мемлекеттік шәкіртақысы; өз қаржыларына оқитын, үлгерімі жақсы студенттерге арналған МЕХТ-тің құрмет шәкіртақысы және Жапонияға студенттермен алмасу бағдарламаларымен келген бір жылдан кем оқитын студенттер арналған шәкіртақы. Шетелде оқитын жапон студенттеріне арналған шәкіртақы түрлері ұзақ мерзімді (бір жылдан астам) және қысқа мерзімді (бір жылдан кем) болып екіге бөлінеді. Осы шәкіртақы бағдарламаларына қоса, үкімет 2014-2020 жылдар аралығында «Тобитате! Жас елші» бағдарламасын жүзеге асырды. Бұл жеке сектордың көмегімен жүзеге асырылатын, қаржылық мәселелер, шетелде оқығанға дейін және одан кейін оқу және тағылымдамадан

өту тұрғысынан қолдау көрсететін шәкіртақы бағдарламасы. Осы бағдарлама бойынша шетелдік тәжірибенің бірнеше түрі қарастырылған, мысалы, екі жылға дейін шетелде оқу, тағылымдамалардан өту немесе еріктілер тобына қатысып, түрлі шараларда белсенділік таныту, т.б. [151, p 57].

«Asian Gateway Initiative» («Азия қақпасы бастамасы») жобасы

Жапон үкіметі жоғары білімді интернационалдауға өз үлесін қосу мақсатында түрлі бастамаларды жүзеге асырды, солардың бірі – Жапонияны Азия елдерімен байланыстыратын, жапон қоғамын ашып, көрші мемлекеттермен байланысын нығайтуға, басқа Азия елдерінің өркендеуін қамтамасыз ететін қақпаға айналуға ұсынатын, жан-жақты саяси және экономикалық стратегия – «Азия қақпасы бастамасы» болды. «Азия қақпасы» саясаттың он негізгі басымдықтарын ұсынды, оларға 2007 жылы білім берудің екі нақты мақсаты кірді. Осы мақсаттардың біріншісі: «Жапонияның Азиядағы адамдар желісінің орталығына айналуы үшін халықаралық студенттерге арналған саясатты қайта құру: жаңа ұлттық стратегияны қалыптастыру үшін мүдделі тараптарды жұмылдыру» [301, p. 13] және екінші міндет: «университеттердің халықаралық ынтымақтастығын арттыру үшін білім беру орталықтарын бағдарлау және университеттердің мәртебесін көтеру» [302, p. 16]. Осы мақсаттарға жету үшін іс-әрекеттің жеті негізгі жоспары ұсынылды [301, p. 13-15].

1) Әлемдік нарықта шетелдік студенттер санының кенеттен артуына байланысты, ең болмағанда шетелдік студенттердің үлесін қазіргі көрсеткішінен арттыру (шамамен 5%) және зияткерлік пен әлемдегі ықпалын сақтап тұру үшін дарынды жастармен қамтамасыз ету;

2) Жапондық студенттердің шетелде білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған стратегия – бұл университеттік бағдарламалар мен шетелде қысқа мерзімді оқу бағдарламаларын жасау, сонымен қатар жас зерттеушілерді шетелге жіберу жүйесін жетілдіру, жастармен алмасу бағдарламаларын кеңейту және студенттер мен мамандардың стратегиялық маңызды елдерге жіберілуін жеңілдету;

3) ЖОО-лар мен өнеркәсіп арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру. Студенттердің мансаптық мүмкіндіктерін есепке алу, халықаралық таланттарды жалдауды жеңілдету және олардың кәсіпкерлік рухын пайдалану үшін резидент мәртебесін беру жүйесін қайта қарау;

4) Жапонияның қақпаларын әлемнің барша бөлігіне жақындату, ашу және шетелдік университеттермен ынтымақтастық пен қарым-қатынасты ынталандыру. Шетелдегі дипломатиялық институттар, Жапонияның студенттерге қызмет көрсету ұйымы, Жапон қоры сияқты ұйымдар мен университеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Сонымен қатар, франшиза жүйесін қолдана отырып, жапон тілін оқытуға арналған шетелдік сайттар санын түбегейлі көбейту;

5) Жапон поп-мәдениеті сияқты жапон мәдениетінің қызығушылық тудыратын тұстарын пайдалану;

6) мемлекет қаржыландыратын халықаралық студенттік бағдарламаларды жетілдіру;

7) қысқа мерзімді студенттермен алмасу бағдарламаларын кеңейту және дамыту, шетелдік студенттерге баспана мәселесі бойынша қолдау көрсету.

«Top Global University Program» (бұдан әрі TGUP) («Әлемдік жетекші университет») бағдарламасы

Алғашында «Супер әлемдік университет жобасы» («Super Global University Project») деп аталған бұл жоба «Жапонияның жоғары білімінің халықаралық үйлесімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру» және «жапон университеттерінің интернационалдануына жетекшілік ететін әлемдік деңгейдегі және инновациялық университеттерге басымдық беру» үшін жасалған ірі инвестициялық бастама [22].



Сурет 2 - TGUP жобасының эскизі*

TGUP бағдарламасы бойынша әлемдегі ең үздік 100 ЖОО-лардың қатарына кіруге шешім қабылдаған жоғары деңгейлі «А типіндегі» 13 университетін және жапон қоғамын интернационалдауға қабілетті инновациялық университеттер ретінде қарастырылатын «В типіне» жататын «жаһандық тарту типіндегі» 24 университетін қаржыландыру жоспарланды (Сурет 2). 13 жапон университетін қаржыландырған және 2014 жылы аяқталған «Global 30» жобасы ағылшын тілінде жүргізілетін курстар (English medium instruction (EMI) мен оқу бағдарламаларын құруға бағытталған болатын. «Go Global Japan» бастамасы арқылы 42 университетті қаржыландырып (А типі: 11 жалпы университеттік бағдарламалар және В типі: 31 факультеттік бағдарламалар), халықаралық білім беру ұсыныстарын әзірлеу және шетелде оқитын жапон студенттерінің санын көбейтуді көздеді. Ал, TGUP бағдарламасы университетаралық ынтымақтастықты орнатуға бағытталған «Re-inventing Japan» жобасынан бір жылдан кейін басталды. Жапонияның Білім министрі жоғарыда аталған барлық саясаттың бір-бірімен байланысты екенін атап өткенімен [303], «Go Global Japan»

* Сурет MEXT ресми сайтынан алынды. Ақпарат 2016 жыл сәуірдің 1 жарияланған.

жобасы 3-диаграммада көрсетілгендей TGUP бағдарламасымен тікелей байланысты. Екі жобада сипатталған жаһандану мақсаттары ұқсас, әрі бір-бірінің жалғасы болып келеді.




Диаграмма 3 - Go Global Japan мен TGUP өзара байланысы

«Top Global University» жобасына таңдалған 37 университеттің мақсаттары:

1. Интернационалдану

1.1 Шетелдік университеттердің толық дипломды бағдарламаларын бітірген, күндізгі ауысымда сабақ беретін шетелдік оқытушылар мен профессорлар құрамының пайыздық көрсеткіші

1.2 Халықаралық студенттердің үлесі

1.3 Шетелде оқу тәжірибесінен өткен (кредит алған) жапон студенттерінің пайызы

1.4 Университетаралық келісімдер бойынша шетелде оқитын жапон студенттерінің пайыздық көрсеткіші

1.5 Шет тілдеріндегі пәндердің пайызы

1.6 Шет тілдеріндегі дипломдық бағдарламалар бойынша оқитын студенттердің пайызы

1.7 Шет тілі стандарттарына сәйкес келетін студенттердің пайызы

1.8 Оқу жоспары ағылшын тіліне аударылған пәндердің пайызы

1.9 Шетелдік студенттерге арналған жатақханаларда тұратын жапон студенттерінің пайызы

1.10 Икемді академиялық күнтізбе (оқу кестесі)

2. Басқару

2.1 Жылдық жалақы жүйесі

2.2 Мерзімсіз келісімшарт бойынша жұмысқа қабылданған оқытушылар пайызы


2.3 Әкімшілік кадрлардың үздіксіз білім алуы (шет тілдері стандарттарына сәйкес келетін әкімшілік қызметкерлерінің пайызы)

3. Білім беру реформасы

3.1 Курстың нөмірленуі

3.2 Қабылдау емтиханы кезінде TOEFL сияқты университет қабырғасында тапсырмайтын, сыртқы ұйымдардың өткізген тест нәтижелерін пайдалану пайызы

3.3 Студенттердің көзқарасы бойынша пәндердің бағалану үлесі



Сурет 3 - TGUP жобасындағы басты мәселелердің реттілігі*

Академиялық ұтқырлық тұрғысынан алып қарағанда, TGUP академиялық ұтқырлық аясында шетелдік студенттер мен оқытушылардың келуіне баса назар аудару арқылы, «Go Global Japan» жобасының жаһандық адами ресурстарды тарту арқылы интернационалдау мақсатын тағы да айқындайды. TGUP бағдарламасы аясында интернационалдау мақсаттары сөзсіз жақсы түсіндірілген, онымен салыстырғанда «Global 30» бағдарламасының бірнеше шикі тұстары болған, мысалы «Global 30» тек шетелдік студенттердің санын көбейтуге ғана бағытталған, оның үстіне бағдарламаның мақсаттарын жүзеге асыруда кедергі болатын бірден бір мәселе – ағылшын тілінде ұсынылатын бағдарламаларды дамытуға қажетті дайындыққа аса мән берілмеген. «Global 30» бағдарламасының қорытындылау сәті TGUP-дың басталуымен тұспа-тұс келді, негізі TGUP мақсаттары алғашқы бағдарламаның мақсаттарымен әсіресе жапондық ЖОО-ларда шетелдік студенттер мен оқытушылардың санын арттыру тұрғысынан, және осыған қатысты үлкен көрсеткіштерді көздейтінімен сәйкес келеді. TGUP-дың өзге жобалардан ерекшелігі шетелдік студенттердің санын көбейтуге назар аударып қана қоймай, межеленген көрсеткішке жету үшін әр университеттің жағдайына сай келетін бағдарламаларды жасау арқылы қол жеткізуге көңіл бөлуінде. Сондай-ақ, шетелдік кадрлардың санын көбейтуге ерекше назар аударылатындықтан, бұл өз кезегінде университеттерге шетелдік оқытушылар

* Ескерту: ақпарат МЕХТ ресми сайтынан алынды. TGUP (Top Global University Program) мен өзге бағдарламалардың айырмашылығы [Қосымша К]

үшін көбірек лауазымдарды даярлауға мүмкіндік береді. Шетелдік оқытушылар мен студенттердің санын көбейтудің маңыздылығына қатысты, Жапония Премьер-Министрі Шиндзо Абэнің 2014 жылы Ұлыбритания мен Жапония университет басшыларының конференциясында: «Университеттегі шетелдік студенттердің саны оның жетістігін анықтайды» деген сөзі мысал бола алады [304].

Жапондық университеттердегі студенттік ортаны интернационалдау мақсатында академиялық ұтқырлық бойынша шетелге шығуына назар аудару, шетелде оқып жатқан жапон студенттерінің санын көбейту, шет тілдерін меңгерген және коммуникациялық қабілетін жақсы дамытқан, көшбасшылық қабілеті бар, халықаралық деңгейде жетістікке жету ниеті мен ұмтылысы бар жаһандық адами ресурстарды дамытуды мақсат тұтуы тұрғысынан алғанда «Re-inventing Japan», «Go Global Japan» және «Top Global University» жобалары ұқсас келеді әрі бірін-бірі толықтырып отырады. «Re-inventing Japan» жобасы жапон студенттерін қабылдайтын және өз студенттерін жапон университеттеріне жіберетін шетелдік университеттермен серіктестікті дамытуға бағытталған, ал «Go Global Japan» жобасы «жаһандық таланттарды» дайындауды мақсат тұтады. Қорытындылай айтқанда, бұл екі жоба шетелде оқуға даярлау және болашақ әлемдік көшбасшылар ретінде белсенді рөл атқарулары үшін жергілікті студенттер арасында ағылшын тілін дамытуды мақсат етті.

Өз кезегінде TGUP осыған дейін ұсынылған интернационалдауға қатысты барлық үш жобалардың мақсаттарын біріктіретін жиынтық күш болып есептеледі. Ағылшын тілінде білім беруге қатысты, жапондық студенттердің ағылшын тілін меңгеруі мәселесін қарастыра отырып, ағылшын тілінде жүргізілетін курстардың да болуына мән берді. Жоба құжаттарында барлық «шет тілдер» деп көрсетілгенімен, бағдарламаның ұсақ бөлшектері Жапонияның ЖББ жүйесін интернационалдауда: әсіресе шет тілін меңгеруде, халықаралық және жергілікті студенттерге арналған ағылшын тілінде оқытылатын жапондық университеттердің бағдарламаларына да қатысты ағылшын тілінің негізгі жетекші рөл атқаратынын айқындайды. Бұдан байқайтынымыз, жоба құжаттарында нақты көрсетілмегенімен, В типті университеттерде бағдарламаны енгізу оқу орындарында ағылшын тілінің қолданысын кеңейту, сонымен қатар ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламалар санының көбеюі түрінде көрініс табуы мүмкін.

Жалпы айтқанда, TGUP алдыңғы үш саясаттың мақсаттарын кеңейтіп, ғылыми зерттеулерді жетілдіруге бағытталған. А және В типті университеттердің жеке мақсаттары жапондық университеттерді интернационалдаудағы зерттеулердің рөлін көрсетеді. В типті университеттер (және кампусстар) жапон қоғамының интернационалдануына жауапты, ал, А типті университеттер «әлемдегі 100 үздік университеттің» қатарына енулері тиіс. А типті университеттерде оқу мақсатында студенттердің ұтқырлығы мен инновациялық жобаларға қажетті қаражаттың бөлінуімен қатар, алдыңғы қатарлы халықаралық зерттеушілердің қатысуын көздейтін әртүрлі үдерістер арқылы өз мақсаттарына жету талап етіледі. А типті университеттерден

ағылшын тіліне нақты көңіл бөлу талап етілмегенімен, қазіргі үрдістер ағылшын тілінің қолданысының кеңеюі оқу орындарындағы зерттеу жұмыстарының жүргізілуіне жанама әсері екенін көрсетеді. Қазіргі уақытта ағылшын тілінде ғылым әлемінде жарияланған зерттеулер басым көпшілік [305-306], сондықтан ағылшын тілі А типті университеттердің ғылыми-зерттеу беделін арттыруда басты рөл атқарады.

Мысалы, Чикаго университеті TGUP бағдарламасына қатысу арқылы өздерінің «әлемдік білім мен зерттеулерді алға тартатын университет» болуға арналған бастамаларын жүзеге асыратындығын мәлімдеді. Мэйджи университеті сияқты басқа ЖОО-лар «университетте инновациялық білім беру мен зерттеулерде үлкен жетістіктерге жетуді» көздейтінін атап өтті. «А» типті университеттердің көпшілігі зерттеу нәтижелерін университеттің әлемдік рейтингісін арттыру жөніндегі жоспарларымен байланыстырды. Осака университеті осы мақсаттарға жету үшін ақша жұмсаудың нақты жолдарын көрсетті. Мысалы, олар өздерінің 22 зертханасын 100 зертханаға дейін өсіру арқылы, профессор деңгейіндегі шетелдік зерттеушілерді жұмысқа алуды мақсат тұтатындығын жариялады. Зерттеу нәтижелері кейде халықаралық ынтымақтастық және халықаралық деңгейде оқытушыларды тартумен байланысты болса да, бұл ынтымақтастықтағы ағылшын тілінің рөлі бастапқы құжаттамада тікелей көрсетілмеген.

Ағылшын тілін жоспарлауға келетін болсақ, 37 университеттің 17-сі ғана интернационалдау бойынша университеттің жоспарындағы ағылшын тілінің рөлін нақты талқылаған. Бұл алдыңғы саясатпен салыстырғанда интернационалдауды үдеткіш құрал ретінде ағылшын тілін ұстанудағы айырмашылықты көрсетеді. Дегенмен, көптеген университеттер ағылшын тілінде оқытылатын бағдарламалардың дамуын талқылады. Бірақ олардың «Global 30» бастамасына қарағанда өзіндік ерекшелігі болды. Негізінен бұл курстар жергілікті студенттерге шетел студенттерімен бірге ағылшын тілін үйренуге мүмкіндік беру тұрғысынан қарастырылған. София университеті сияқты кейбір оқу орындарында ағылшын тілінде өткізілетін курстардың үлесін 13,6%-дан 22,8%-ға дейін көбейту сияқты нақты сандық көрсеткіштер жарияланды. Хирошима университеті бүкіл университет бойынша «шет тілін оқыту курстарын» 50%-ға дейін арттыруға ұмтылды.

Екі университет, Акиита халықаралық университеті және Чикаго университеті «ағылшын ауылдары» атты бастаманы қолға алды. Ол бойынша ана тілі ағылшын тілі болатын оқытушылар шағын топтарға ағылшын тілінің сабақтарын жүргізуге, студенттер шетелдік ағылшын тілді университеттерде білім алып келуге міндетті болды. Мұндай бастамалар басқа университеттердегі ағылшын тіліне қатысты ұстанымнан өзгеше болды. Мысалы, Риккё университеті ағылшын тілін жалпы курстарды, қос дипломды бағдарламаларды кеңейтуге және ағылшын тіліндегі түлектерге арналған халықаралық бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған құрал ретінде қолданды. Бір қарағанда, бұл «Global 30» мақсаттарын еске салатын секілді. Алайда, оны мұқият зерттеу барысында бұл курстардың неғұрлым жаһандық бағдары

байқалады. Ағылшын тілінде оқытылатын курстарды сол тілді ана тілі деп танытын профессор-оқытушылардың жетекшілігімен білім беру процесін ұйымдастырудың орнына, Риккё университеті Африка, Таяу Шығыс және АСЕАН елдерінің студенттеріне арналған бағдарлама жасайтындығын мәлімдеді. Сонымен қатар, қос дипломды бағдарламалар ағылшын тілді аймақтарға жатпайтын елдердің оқу орындарымен әріптестікте ұсынылатыны мәлімделді. Мысал ретінде Францияның университетімен бірлестікте жүзеге асыратын халықаралық бизнес бойынша магистратура бағдарламасы мен ондағы ағылшын тілі курсы келтірді. Риккё университеті Чиба университетімен салыстырғанда ағылшын тілін тек шетелде үйренуге ғана емес, сонымен қатар жапондық студенттердің өз кампустарында, дәріс залдарында және студенттік жатақханалар сияқты тыс жерлерде де, пайдаланатын лингва-франк позициясы тұрғысынан қарастыратындығы хабарланды.

Университеттердің тағы бір тобы студенттер екі немесе одан көп тілдерді меңгеруі үшін ағылшын тілінің өзге тілдермен бірге, құрамдас бөлік ретінде оқу бағдарламасына енгізілетінін атап өтті. Мәселен, Токио университеті барлық оқу жоспары бойынша курстар ағылшын тілінде қолжетімді болса да, оқыту мен зерттеудің жоғары деңгейі жапон тілінде жүргізілетіндігін мәлімдеді. Сонымен қатар, университет ағылшын тілінен басқа да тілдерде де өткізілетін курстардың ұйымдастырылатындығын айтты. Халықаралық христиан университеті ағылшын және жапон тілдерінде екі тілді білім беру дәстүрін атай отырып, олар жапондық студенттерге ағылшын тілін оқытумен қатар, интернационалды ортадан келген білім алушыларына жапон тілін оқытатындығын жариялады. Токио шет тілдер университеті TGUP-ды «әлем тілдерін меңгерген студенттерді даярлауға» бағытталған өздерінің ағымдағы жоспарларын кеңейтуге көмектесті деп хабарлады.

Кесте 6 - Жапонияға келетін шетелдік студенттердің саны [39]

Жылдар	2019	2018	2017	2016	2015	2014	2013	2012
Аймақ	Студенттер саны							
Барлығы	336 915	337 017	311 516	277 344	246 691	214 539	193 075	180 929
Азия	316 931	316 938	292 743	260 459	230 884	200 102	180 218	168 826
Еуропа	11 044	11 454	10 250	9 038	8 484	7 736	6 888	6 297
Қырғызстан	163	172	156	152	130	101	82	87
Қазақстан	138	153	146	131	127	112	100	87
Түркменстан	23	21	18	15	15	15	15	20
Тәжікстан	71	76	68	57	47	43	36	31
Өзбекстан	2 180	2 366	1 759	868	583	477	352	284
Африка	2 522	2 604	2 665	2 375	1 998	1 561	1 306	1 289
Солтүстік Америка	4 322	3 932	3 934	3 724	3 590	3 383	3 219	3 182

Кестенің жалғасы 6

Оңтүстік Америка	1 200	1 144	1 004	896	993	1 030	802	695
Тынық мұхиты аймағы	880	932	904	836	731	716	631	627
Азаматтығы жоқ адамдар	16	13	16	16	11	11	11	13
Ескерту: деректер Жапонияның ресми статистика порталынан алынды. Кестені дайындаған: Рүстемова А.								

Үкіметаралық келісімдер негізінде жұмыс істейтін университеттер.

Жапония үкіметі тарапынан шетелдегі көші-қонға қатысты ЖББ-ны интернационалдау бойынша түрлі жобалар іске асырылды. Жапония бірнеше шетелдік мемлекеттердің үкімет басшылығымен бірқатар екіжақты институттар құрды. Бірінші мысал – 2009 жылы басталған Египет-Жапония ғылым және технология университеті (бұдан әрі Е-ЖҒТУ) (Egypt-Japan University of Science and Technology (E-JUST)) жобасы. Бұл – Жапониямен серіктестікте, Александрияда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мен бакалавриат бағдарламалары бойынша құрылған, Египеттің мемлекеттік университеті. Екі мемлекеттің басшылары осы жобаны жүзеге асыру арқылы аймақта және бүкіл әлемде адамзаттық дамуды ілгерілету үшін ұзақ уақыттық серіктестік құру мен өзара әрекеттесуді көздеп отыр. Египеттің және Жапонияның университеттерімен білім беру саласында серіктестік мәселесіне ерекше назар аударатындықтан, Е-ЖҒТУ ұлттық және халықаралық деңгейде танылған университет мәртебесіне ие, сондықтан бұл университеттің студенттерінің көптеген озық ғылыми және зерттеу тәжірибелерімен танысу мүмкіндігі бар. Е-ЖҒТУ миссиялары:

- 1) Египеттің ЖОО-дан кейінгі білім беру және ғылыми-зерттеу мекемелері үшін үлгі болу;
- 2) жапондық, жергілікті және халықаралық аккредиттеу органдары мойындайтын, аккредиттеу мәртебесі бар ғылыми дәрежеге ие болуы;
- 3) аймақтағы адами ресурстардың көбеюіне ықпал ету;
- 4) Е-ЖҒТУ қызмет ететін елдер мен аймақтардағы жапондық өнеркәсіптер мен ұйымдар, олардың серіктестері арасындағы мықты іскерлік, техникалық және коммерциялық байланыстарды ілгерілету.

Е-ЖҒТУ бірқатар университеттердің қатысуымен құралған «Жапондық қолдаушы университеттер консорциумы» (Japanese Supporting University Consortium (JSUC) ұйымына мүшелікке ие. Екінші мысал – 2012 жылы құрылған Малайзия мен Жапонияның халықаралық технологиялар институты (бұдан әрі МЖХТИ) (Malaysia and Japan International Institute of Technology (MJIT)). Бірлескен ЖОО құру идеясы 2001 жылы екі елдің премьер-министрлерінің кездесуі барысында мақұлданып, басталған. Екі мемлекет арасында бұған дейін Малайзия үкіметінің жүргізіп келген «Шығысқа қарау саясаты» бар, оның

мақсаты – малайзиялық студенттерді Жапонияға білім, технологиялар мен жұмыс этикасын үйренуге жіберу. МЖХТИ малайзиялық студенттерге осы білімді Малайзияда алуға мүмкіндік беретін институт ретінде құрылды. МЖХТИ-дың мақсаттары: қоғам мен индустрияның тұрақты түрде дамып отыруын қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар электроника, экология және жасыл инженерия, технология салаларында, академиялық және ғылыми зерттеулерде жетекші мамандар дайындау үшін, Малайзияның ұлттық ерекшелігін ескере отырып, Малайзия студенттеріне жапон стиліндегі инженерлік білім беру. Осы институтты ашуға қатысты екі үкімет арасындағы келіссөздер 2010 жылға дейін созылып, сол жылы МЖХТИ Малайзияның негізгі ұлттық университеттерінің бірі Малайзияның технология университеті (Universiti Teknologi Malaysia (UTM)) базасы негізінде құрылатын болып шешілді. МЖХТИ МEXТ-тен бөлек, Сыртқы істер министрлігі, Экономика, сауда және өнеркәсіп министрлігі, Жапонияның сауда-өнеркәсіп палатасы және Жапонияның халықаралық ынтымақтастық агенттігі (JICA) тарапынан көмекке ие болды. МЖХТИ электроникаға, дәлдікке, экология мен жасыл инженерияға және технологияға баса назар аударады. Ол түлектерге Малайзияның ғана емес, сонымен қатар АСЕАН қауымдастықтарының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті білім дағдылары мен ашық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Аймақтағы өмір сүру сапасын жақсарту үшін, АСЕАН аймағының адами капиталын дамыту мақсатында және осы қауымдастықтың алдында тұрған адам капиталының жаһандық мәселелерін шешуге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін МЖХТИ өз түлектеріне тиісті білім беріп, ұтқырлық мүмкіндіктерін ұсынып, қажетті дағдылар мен ашықтықты үйретуді көздейді. Екінші жағынан, жапондық тарап бұл институт АСЕАН адами капиталын дамытуға ықпал етеді, ол өз кезегінде Жапония мен АСЕАН арасындағы серіктестікті тереңдете түседі, әсіресе ғылыми-зерттеу және әлеуметтік жобалар арқылы Жапонияның өнеркәсіптері мен кәсіпорындарын Малайзияның өндірістері және агенттіктерімен байланыстыра алады деп үміттенеді. МЖХТИ Малайзияның интернационалдануға деген ұмтылысына сәйкес келеді, ол тарап студенттерін кем дегенде 40% шетелдік студенттерден құрылуы тиіс деген көрсеткішке ұмтылып отыр. МЖХТИ-дағы академиялық бағдарламаларды жиырма тоғыз ЖОО-дан құралған Жапон университеттерінің консорциумы барынша қолдайды, ал кейбір жапон зерттеушілері мен мүше университеттердің оқытушылары Малайзияның жергілікті оқытушылары мен қызметкерлерімен бірге жұмыс істейді. Сонымен қатар, Малайзияның технология университеті мен жапон университеттеріне тән дағдыларды жапон өндіріс орындарымен үйлестіре отырып, МЖХТИ біртұтас және берік жұмыс мәдениетін құруға үміттеніп отыр. Біріккен жұмыстар нәтижесінде қол жеткізген жетістіктер жаһандағы үздіксіз өсіп отыратын қажеттіліктер мен талаптарды қанағаттандыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Жапония үкіметі басқаратын, екі ел басшылығының қолдауымен құрылған үшінші институт – 2016 жылы ашылған Вьетнам-жапон университеті. Университеттің бастамасы 2010 жылы Жапонияның ынтымақтастығымен

Вьетнамда жоғары сапалы университет құру туралы жапон-вьетнам бірлескен мәлімдемесінде алғаш талқыланды. Бұл жоба бірлескен жапон-вьетнам адам ресурстарын дамыту бағдарламасы болады. Жобаны жүзеге асыру барысында ЛСА тарапынан жан-жақты көмек көрсетілді, атап айтар болсақ: оқу жоспарларын әзірлеу, магистрлік бағдарламаны жасау үшін оқытушылар құрамын іріктеу және университет басшылығы даярлау, т.б. Атқарылған жұмыстар Вьетнам-жапон университетінің жаңа озық тәжірибенің орталығы ретінде қалыптасуының алғашқы тұжырымдамасы болды. Университетте әдебиет пен ғылымды қамтитын пәнаралық білім беру бағдарламасы қабылданды. Жапондық университеттер оның оқу жоспарларын құруға, нақты оқу және зерттеу жұмыстарын жасауға көмек көрсетеді, оған қоса пәндердің жартысын жапон оқытушылары жүргізеді. Сонымен қатар, жапон мәдениеті мен жапондық бизнес стилі туралы жергілікті халықтың түсінігін тереңдету үшін оқу бағдарламасына жапон тілі курстары және жапондық компанияларда өтетін тағылымдамалар енгізілген, мұндай компаниялардың кейбірі Вьетнамда орналасқан. Үкімет басқаратын осы ЖОО-лардың ортақ тұстары бар: біріншіден, олар адам ресурстарын дамыту үшін әлемдік деңгейдегі жоғары білікті университеттерге айналу мақсат етеді. Екіншіден, олар ғылым мен технологияға баса назар аударады. Үшіншіден, бұл білім саласындағы халықаралық ынтымақтастық жобалары, төртіншіден, екі ел арасындағы байланыстар нығаяды және тіпті өз аймағында көпжақты қатынастардың құрылуына қолдау көрсетеді деп күтілуде [151, р. 36-37].

Ұлттық университет жүйесінің реформасы

Жоғарыда аталған жобалардан өзге, жапондық ЖББ саясатында интернационалдауға бағытталған басқа да реформалар жүзеге асырылуда. Жапония үкіметі 2015 жылы ұлттық университеттерді жіктеу үлгісін ұсынды. Жіктеу бойынша атқаратын функцияларына сәйкес ұлттық университеттердің үш түрі бар: 1) өздерінің жақсы жетілген салалары, бағыттары бойынша жергілікті дамуға үлес қоса алатын университеттер; 2) ұлттық және халықаралық бағдарламаларды насихаттай алатын университеттер; 3) әлемдік деңгейдегі университеттермен бәсекеге түсе алатын және серіктестікте жұмыс істей алатын университеттер. Әрбір ұлттық университеттен бір санатты таңдап, сол бағдарламада сәттілікке жету үшін бағдарламаларын реформалау қажет болды. Осы тұста ұлттық университеттердің гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарының бакалавриат бағдарламаларын қайта құру даулы мәселе болып тұр. МЕХТ 2013 жылы «Ұлттық университет реформасы» (「国立大学改革方針」) [307] атты реформалар жоспарын жариялады және 2015 жылғы маусымда «Ұлттық университеттердің корпорацияларын ұйымдастыруды және жалпы қызметін қайта құру» жайлы ЖОО-ға хабарлады. Жоспарда университеттік білім беру жүйесі сапалы қайта қарауларды талап ететіндігі айтылған, бұл жаңалық ғылыми қоғам мен топтар арасында даудың туындауына түрткі болды. Министрдің ескертуі қоғамда әртүрлі түсініліп, кейбір пайымдаушылар, гуманитарлық және әлеуметтік ғылым факультеттері мен ЖОО-лардан кейінгі білім саласы қайта қаралуы қажет немесе жаратылыстану ғылымдарының

провайдерлеріне айналдыруды талап етіп отыр деп қате түсінгендер де болды. МЕХТ бұл түсінбеушілікті жоққа шығарып, шынында әр университеттің білім мен ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру мақсатында бакалавриат және магистратура бағдарламаларын қайта ұйымдастыруды белсенді түрде шешкенін қалайтындығын түсіндірді. Бұл пікірталастың басталуына жапон қоғамының әлемде тез орын алып, бірін-бірі алмастырып жатқан өзгерістерге тап болғандығы негізгі себеп болды. Жапония әлемдегі бәсекеге қабілеттіліктің маңыздылығы арта түскенін түсінді және жас ұрпақтың құзыретін дамытуға тырысып бағуда. Үкімет жоспарын жүзеге асыруда кейбір университеттер өздерінің гуманитарлық және әлеуметтік ғылыми бағдарламалары мен оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарын қайта құрып жатыр.

Қорытындылай айтқанда Жапон үкіметі ЖББ жүйесін интернационалдау мақсатында бірнеше жобаларды қабылдап, жүзеге асыруда. Ол жобалар өзара байланысып, бірін-бірі толықтырып отыр. Олар шетелдік студенттердің санын арттыру, жапондық студенттерге шетелдік ЖОО-ларда білім алуға мүмкіндік беру, шетелдік мамандарды жұмысқа алу, әлемдік стандарттарды енгізу, оқу жоспары мен мазмұнын қайта қарау сияқты тұстарда ұқсас келгенімен, өзара айырмашылықтары да бар. Ол ерекшеліктерге: шетелдік университеттермен серіктестік орнату, белгілі бір аймақтың оқу орындарымен ғана байланыс орнатуды көздеу, әлемдік рейтингтердегі алатын орнын жоғарылату сияқты жақтарын атауға болады.

Жапонияның ЖББ жүйесіндегі интернационалдау үдерісін талдау барысында, жүзеге асырылып отырған жобалар көбіне Азия мемлекеттері бағытында жүргізіліп отырғандығын байқаймыз.

Жапонияда интернационалдау кең мағынасында жүзеге асып отыр, оған академиялық ұтқырлықтан өзге ЖББ жүйесіндегі басқару, сапаны жақсарту сияқты іргелі әрі күрделі мәселелер қамтылып отырғаны мысал бола алады.

3 ҚАЗАҚСТАН МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІГІ

3.1 Қазақстан-Жапония арасындағы білім мен мәдениет саласындағы қарым-қатынастардың қалыптасуы мен даму кезеңдері

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін сыртқы саясатында көпвекторлы сыртқы саясатты ұстана отырып, түрлі мемлекеттермен жан-жақты байланыстар орната бастады. Жапония – моноұлтты аралдар мемлекеті. Ал Қазақстан – Еуразия континентінің орталығында орналасқан, көптеген ұлт өкілдері мен түрлі мәдениетер түйіскен мемлекет. Бүгінгі таңда еуразияшылдықтың идеясын ұстанатын, табиғи ресурстарға бай Қазақстан халықаралық ынтымақтастық үшін өзге мемлекеттердің қызығушылығын тудыратын елдердің бірі.

Қазақстан мен Жапония арасындағы қарым-қатынас мәселесі бүгінгі таңда зерттеушілер тарапынан аз зерттелген. Сондықтан, екі ел арасындағы өзара ықпалдастық мәселесін жан-жақты талдау қажеттілігі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Екі елдің арасындағы саяси, сауда-экономикалық, экологиялық, мәдени байланыстар мәселесі әлі де болса тәуелсіздік алғаннан бүгінгі күнге дейін жүйелі түрде қарастырылмаған. Осыған дейінгі зерттеулерде ғалымдар тарапынан екі ел арасындағы өзара ынтымақтастық мәселесі жекелеген бір сала аясында ғана қарастырылған. Атап айтқанда, Ф.П. Уразаева Қазақстанның сыртқы саясатындағы Жапонияның рөлін айқындай отырып, түрлі салалардағы Қазақстан-Жапония қатынастарына шолу жасаған. Ал О. Дүйсебаев Қазақстан мен Жапония елдері арасындағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени, экологиялық, денсаулық сақтау салалары бойынша өзара ықпалдастық мәселелерін қарастырған. Сонымен қатар, Жапонияның Орталық Азия мен Қазақстанға қатысты ұстанатын саясатын қарастырған отандық ғалым Р.Садыкова Жапония Орталық Азия елдерінің энергетикалық ресурстарына қызығушылық танытады деген пікірді алға тарта отырып, осы қажеттіліктердің негізінде Жапония «Орталық Азия плюс Жапония» аймақтық форумы және аймақ елдерімен екіжақты қатынастар аясында Орталық Азия аймағында болу саясатын жалғастырады деп топшылайды [110]. Қазақстан мен Жапонияның саяси партиялық жүйесін салыстырып, Жапонияның Қазақстандағы мүдделері мен Орталық Азияда имиджінің қалыптасуын зерттей келе Ж.Ашинова ұзақ мерзімді перспективаға бағытталған және нақты нәтижелерге жетудің орнына қолайлы ортаны қалыптастыруға бағытталған жұмсақ күш саясатының ерекшеліктеріне байланысты оның тиімділігін өлшеу қиын екендігін атап өтеді. Жұмсақ күш өзара тиімді қызығушылық тудыратын басқа факторлардан мысалы, экономикалық, қолдау тапса тиімді болады және ол дипломатияның басқа компоненттерімен бір жиынтықта қарастырылуы қажет деген тұжырым жасайды [111, с. 158].

Шетелдік әріптестірімен қатар Жапония мен Орталық Азия елдерінің дипломатиялық байланыстарын қарастырған отандық ізденуші А. Диссюковтың

пікірінше, «Орталық Азия плюс Жапония» диалогының көпжақты саясаттың орнауында алатын орны маңызды.

Н.Ж. Шаймарданова Қазақстан мен Жапонияның саяси жүйесінің жаңғыруын қарастыру барасында, екі мемлекеттегі аталмыш үдерістің әр кезеңдеріне жеке тоқталып, талдау жасаған. Сонымен қатар, әр елдің саяси жаңғыру үдерісіндегі ерекшеліктерін зерделеп, Жапонияның саяси жүйесін демократияландыру үдерісіндегі негізгі саяси институттардың рөлін талдап, Қазақстан үшін саяси жаңғыруды ілгерілету үшін үлгі ретінде ұсынған. Бұған қоса, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапонияның экономикалық реформалары, 1947 жылғы Конституциясы сараланып, екі елдің париялық жүйесінің жаңғыру ерекшеліктері талқыланған. Жапонияның саяси жаңғыруы, оның Қазақстанда демократияландыру реформаларын жүзеге асыру үшін тәжірибелік маңызы тақырыбын жалғастырған, Б.Қ. Ақын Жапонияның неолибералды дамуы жолындағы дәстүрлер мен жаңғырудың бірлігі жапондық дүниетанымның үйлесімділігі мен ортақтығын білдіретін «Ва» қағидаты негізінде жүзеге асырылғандығын атап өтеді. Өз кезегінде Қазақстанның, түркілік өзегін сақтай отырып, басқа әлемге ашық болу қабілеті қоғамдағы неолибералды өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік ашады деген ой түйеді. Отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстарына көз жүгірте отырып, Жапонияның сыртқы саясатындағы Орталық Азия елдеріне қатысты стратегиясын аймақтық контекстінде зерттеу және Жапония мен Қазақстанның саяси құрылымдарын салыстыру тән екенін байқаймыз. Алайда, сыртқы саясаттың ішінде ЖББ саласындағы байланыстарға бөлінетін көңіл зерттеушілердің назарынан тыс қалып отырған.

Жапонияның Орталық Азия, оның ішінде Қазақстанға қатысты саясаты мен стратегиясына қатысты сөз қозғағанда, осы саланың жетекші ғалымдарының бірі болып табылатын жапондық және шетелдік зерттеушілердің еңбегін ерекше атап өту қажет. Әсіресе, қазақ халқының ұлт зиялыларын бүге-шүгесіне дейін зерттеп жүрген Т. Уяманың пікірінше, Жапонияның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасын орнатуда нақты бір стратегияның жоқтығы, оның тарихындағы ақтаңдақтарымен байланысты, дегенмен Жапония үкіметі үлкен стратегияға мән бермей, Орталық Азия мемлекеттерімен жан-жақты байланыстарды дамытуға және жапондық мүмкіндіктер мен олардың қажеттіліктері сәйкес келетін нақты салаларда ынтымақтастық орнатуға ұмтылады деген пікірді ұстанады [116, p 185]. Алайда, Т. Дадабаевтың пікірінше Орталық Азияда Жапонияның ықпалы Қытай, Оңтүстік Кореямен салыстырғанда әлсіз болып отыр. Оның негізгі себептерінің бірі ретінде, Жапонияның Орталық Азияға қатысты стратегиясының анық емес, бұлыңғыр болуында деген ойды алдыға тартады. Бұл тұста зерттеушілердің пікірлерінің қайшылығын байқаймыз. Осы мәселеге қатысты Юаса Такеши, жоғарыда аталған екі зерттеушіден өзге көзқарасты ұстанады. Т.Юасаның айтуынша, Жапония бірнеше рет Орталық Азия аймағына қатысты үлкен саяси стратегияларды пысықтап, тұжырымдауға тырысқан, және бұл тек экономикалық көмек көрсетуге қатысты ғана емес, сонымен қатар дипломатиялық стратегия саласында да көрініс табады. Жапонияның осы

аймақтағы байланыстарын анықтайтын негізгі екі саяси стратегия «Еуразиялық дипломатия» және «Орталық Азия плюс Жапония» диалогы арқылы, зерттеуші Жапонияның Орталық Азия аймағына қатысты саясатының даму процесін көрсеткен. Аталмыш екі саяси диалогқа анализ жасау арқылы Жапонияның Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасын талдауға тырысқан К. Лен Жапонияның экономикалық тұрғыда алып отырған үлесі аз болғанына қарамастан, аймақтың инвестициялық мүмкіндіктерінің дамуына өте үлкен үлес қосып отырғандығын айтады. Сонымен қатар, Жапонияның Орталық Азия аймағына қосып отырған үлесін түсіну үшін, оның қаржылай көмектері болмаған жағдайда аймақтың даму деңгейі қандай жағдайда болатындығын елестетіп көрудің өзі жеткілікті деген пікірді ұстанады [308].

Жоғарыда аталған шетелдік зерттеушілердің жұмыстарынан түйетініміз, Жапонияның Орталық Азия елдеріне қатысты саясаты бөлек бір мемлекетке ғана қатысты емес, толық бір аймаққа бағытталған стратегия, сондықтан қай салада болмасын қазақ-жапон серіктестігін қарастырғанда аймақтық контекстіні ескере отырып талдау жасау маңызды. Екіншіден, Жапонияның Орталық Азия елдеріне қатысты саясаты мен серіктестігі негізінен дипломатиялық тұрғыдан жан-жақты талқыланған, дегенмен осы стратегияның мәселен ауыл шаруашылығы, ЖББ сияқты жекелеген салалардағы көрінісіне арнайы тоқталмаған.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы ашықтық қағидаттары білім беру және мәдениет салаларында өзге мемлекеттердің білім беру жүйелерімен байланыс орнатуға мүмкіндік туғызды. Халықаралық байланыстардың орнауы жоғары білікті мамандарды дайындауға үлкен үлес қосып келеді.

1994 жылғы 6-9 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жапонияға сапары қазақ-жапон қатынастарының негізін қалауға үлкен ықпал жасады. Сапардың қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдемеге қол қойылып, КСРО мен Жапония арасындағы шарттар мен келісімдерді тану туралы жазбалармен (нота) алмасу болды. Саяси құжатта Жапония Қазақстанның жүргізіп жатқан реформаларын қолдайтындығын атап өтті. Елбасының ресми сапары нәтижесінде Жапония үкіметі Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтуды қолдау мақсатында Дамуға ресми көмек бағдарламасы арқылы техникалық және қаржылай көмек көрсететін болып шешті.

Жоғары білім саласында екі ел арасындағы серіктестіктің негізгі акторлары ретінде білім министрліктері мен мемлекеттік ұйымдарды, университеттер, академиялар мен институттарды атауға болады. Осы акторлардың түріне қарай, Қазақстан мен Жапонияның білім саласындағы серіктестігін бірнеше деңгейде бөліп қарастыруға болады:

1. Мемлекет деңгейіндегі серіктестік
2. Мемлекеттік ұйымдар арқылы серіктестікті дамыту
3. Мемлекеттік және жеке меншік ЖОО-ларды қоса алғандағы университет аралық серіктестік
4. Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) және коммерциялық емес ұйымдарды (КЕҰ) қосқанда, жеке деңгейде білім беруді қолдау жобалары.

Бірінші топқа ЖББ саласындағы мемлекетаралық келісімшарттар, екі мемлекеттің бірлескен университеттері жатады. Алайда, Қазақстан мен Жапония арасында мемлекеттік деңгейде ЖББ саласында ынтымақтастық орнатып, ресми құжаттармен бекіту тұстары әлі де болса ақсаңдап тұр. Сондықтан бұл деңгейдегі серіктестік көбіне біржақты дамыған. Мысалы, студенттердің академиялық ұтқырлығы және толық дипломды бағдарламаны игеруі тұрғысынан алып қарағанда, жапон үкіметі тарапынан қолдау көрсетіледі. Мәселен, МЕХТ жыл сайын талантты жастарға Жапонияда білім алуға мүмкіндік беретін стипендиялық бағдарламасын ұсынады. Қазақстандағы Жапония елшілігінің қолдауымен өткізілетін бұл бағдарлама, бір жылдық жапон тілін үйренуге арналған курстан бастап, кәсіптік білім және толық дипломды бакалавр, магистратура және докторантура бойынша шәкіртақы ұсынады. Қазақстан тарапынан «Болашақ» бағдарламасы магистратура және докторантура бойынша қазақстандық жастарға білім алуға жағдай жасап отыр.

Екінші топқа Japan Foundation, JICA, JASSO сияқты Жапонияның мемлекеттік ұйымдары арқылы ынтымақтастықты дамытып, серіктестікті орнату жобаларын жатқызуға болады. Japan Foundation (бұдан әрі Жапон қоры) – бүкіл әлем бойынша мәдени өзара алмасудың кешпенді бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған Жапонияның мемлекеттік ұйымы. Қор Жапонияның тұрғындары мен басқа елдер арасындағы өзара түсіністікті тереңдету мақсатында әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру, ақпараттық қызмет көрсету, адамдардың араласуына мүмкіндік жасау бойынша жұмыс жасайды. Жапон қоры негізінен төрт салада түрлі бағдарламалар ұсынады, олар:

- 1) «Өнер және мәдениет саласындағы алмасулар»;
- 2) «Шетелде жапон тілін үйрету»;
- 3) «Жапонтану және интеллектуалды алмасулар»;
- 4) «Азиядағы мәдени алмасуды нығайту».

Мұның ішінде соңғы бағдарлама АСЕАН құрамына кіретін он мемлекеттің азаматтары мен ұйымдарына арналған. Осы аталған әр бағыт бойынша қордың ұсынатын бағдарламалары бар және оларға жеке адамдармен қатар ұйымдар да қатыса алады. Қазақстанмен байланыс саласында жоғарыда аталған бағыттардың алғашқы екеуі тұрақты түрде іске асырылып келеді.

«Өнер және мәдениет саласындағы алмасулардың» өзі бірнеше бағыттарға бөлінеді, мәселен: 1) жапондық өнер иелері мен ұйымдарға шетелдік ісшараларға қатысуға қаржылай көмек көрсету; 2) шетелдік өнер және мәдениет ұйымдарына жапондық дәстүрді ғұрыптау немесе сонымен таныстыру шараларына қолдау көрсету. Соңғысы төрт санатқа бөлінеді театрларға қаржылай көмек көрсету; музей және басқа да ұйымдарға жапондық көрмелерді ұйымдастыруға қолдау көрсету; жапондық өнер мен жинақтарды дәріптеу мақсатында шетелдік музейлердің инфраструктурасына көмектесу; жапон тілінде жазылған шығармаларды аудару мен басып шығаруға шетелдік басылымдар мен аудармашыларға қаржылай көмек көрсету. Өнер мен мәдениет саласы бойынша біршама істер атқарылып келеді, әсіресе жапондық өнер бұйымдарының көрмелерінің тұрақты түрде ұйымдастырылуын атап өтуге болады. Мәселен,

2019 жылы Жапон қоры және Жапония елшілігінің ұйымдастыруымен, ағаштан жасалған заманауи нэцкэ көшпелі көрмесі ашылды. Көрме Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында өтті. Жапон мәдениетінде нэцкэ Эдо дәуірінен бастау алды. Бастапқыда бұл ерлер кимоносының утилитарлық заты, дәрі-дәрмек немесе темекі қораптарына арналған кішкене ілмек болған. Уақыт өте келе, нэцкэ дербес көркемдік құндылықтар мен коллекциялардың объектісіне айналып, шынайы өнер деңгейіне жетті. Осындай көрмелердің қатарына 2017 жылы Жапон қорының ұйымдастырған 100 экспонаттан тұратын «Заманауи 100 жапон дизайны» атты көшпелі көрмені де қосуға болады. Экспонаттардың ішіне жиһаз, тұрмыстық техника, кеңсе тауарлары, ыдыс-аяқ, киім, көлік құралдары және т.б. заттар кірді. Осындай күнделікті қолданыстағы заттардың дизайны жапондықтардың талғамы мен өмір сүру салтының айнасы болатындықтан, көрме қонақтары жапондық мәдениеттің соңғы үрдістерімен және ерекшеліктерімен танысу мүмкіндігіне ие болды. 2016 жылы Жапон қоры, Жапония елшілігі және Қазақстанның Ұлттық музейінің ұйымдастыруымен «Бас суретші – бес құбылыс: дәстүрлер мен жаңашылдық» атты заманауи жапон суретшілерінің көрмесі өткізілді. Көрмеде металл, каллиграфия, дәстүрлі лак өнері, жапондық дәстүрлі «Нихонга» кескіндеме суретшілерінің еңбектері халық назарына ұсынылды.

Жапон қорының «Шетелде жапон тілін үйрету» бағыты бойынша келесі шаралар іске асырылады:

- 1) жапон тілін үйрететін шетелдік білім орталықтарына грант бөлу;
- 2) шетелдік мамандардың ішінен жапон тілі оқытушыларын даярлау (Сайтама префектурасындағы институт негізінде);
- 3) жапон тілінің оқытушыларын онлайн даярлау;
- 4) мәдени және академиялық салаларда шетелдік оқытушылар мен мамандарды даярлау (Осака қаласындағы институт базасы негізінде).

Бұл бағдарламаларға қазақстандық жапонтанушы мамандар мен жапон тілін үйрететін қазақстандық университеттер жиі қатысады. Олардың ішінде жапонтанудың ең ірі орталығы болып саналатын ҚазҰУ-дың бірлескен жобалары мен алған гранттарын атауға болады. Мысалы, 2017 жылы Жапон қорынан ҚазҰУ оқытушыларына төрт жобаға көмек көрсетілген. Бұл, сол жылы университет қатысқан халықаралық жобалар мен гранттардың 8% құраған [48, с. 97]. Пайыздық көрсеткіші жағынан бұл ҚазҰУ-да жүзеге асырылған Erasmus+ жобаларынан ғана кем. Мұндай жетістіктер аталмыш қор мен ҚазҰУ арасындағы тығыз байланысты аңғартады. Жобалардың ішінде шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы М.Шадаеваның жетекшілік еткен «Nihongo Projects – Tour of Japanese Class in Kazakhstan» атты жобасын атауға болады. Жоба 2015-2017 жылдар аралығында жүзеге асырылған, ал 2017 жылы бөлінген қаржылай көмек көлемі 452,4 мың теңгені құраған [46; 48, с. 103]. 2016 жылы да Жапон қорының қолдауымен ҚазҰУ оқытушылары төрт жобаны жүзеге асырған. Жоғарыда аталған жобамен қатар шығыстану факультетінің оқытушылары Г.Н. Бахаутдинова мен Н. Рыспекова жетекшілік еткен «Short Term Training Program for Foreign Teacher of the Japanese Language»,

С.К. Боранкулова жетекшілік еткен «Развитие японского языка в Казахстане» жобаларын мысал ретінде келтіруге болады. Осы жобалар Жапон қорының шетелде жапон тілін дәріптеу мақсатында құрылған «JF Nihongo Network («Sakura Network»))» желісімен де тікелей байланысты. Қазақстанда «Sakura Network» желісіне мүшелікке ҚазҰУ мен Қазақ-жапон адами ресурстарын дамыту орталығы ғана кіреді.

Шетелдік мамандардың ішінен жапон тілі оқытушыларын даярлау бағыты бойынша Жапон қоры жылда қазақстандық жапон тілі мамандарын Сайтама префектурасында орналасқан Урава жапон тілі институтында өткізілетін дайындық курстарына шақырады. Институт ұсынатын курстар бірнеше топқа бөлінеді және негізінен жапон тілін үйрету әдіснамасымен қатар жапон мәдениеті және қоғамымен таныстыру дәрістерін де қамтиды. Осы курстарға жыл сайын 6 апта мен 6 ай аралығында ҚазҰУ мен Абылай хан атындағы ХҚЖӘТУ-дің оқытушылары қатысады.

1990 жылдардың басынан 2010 жылдардың ортасына дейін Жапон қоры жапон тілін, мәдениетін және тарихын оқытатын қазақстандық жетекші ЖОО-ға өздерінің мамандарын жіберіп отырды. Ондағы мақсаты, Қазақстанда жапонтанушы мамандарды дайындауға және жапонтану мектебінің қалыптасуына ат салысу еді. Жиырма жылға жуық тарихы бар қазақстандық жапонтану мектебінің іргесі қаланып, өз бетінше дами алатын дәрежеге жеткендіктен, қазіргі таңда Жапон қорының жапон тілі мамандары жіберілмейтін болды. Ол мамандардың орынын жапондық серіктес университеттерден келген мамандар ауыстырды.

Мәдени және академиялық салаларда шетелдік оқытушылар мен мамандарды даярлау бағдарламалары, зерттеу жүргізуге немесе жұмыс жасауға жапон тілін игеру қажет болып есептелетін мамандық иелеріне арналған жапон тілі курстарын ұсынады. Сонымен қатар, жапон тілі студенттеріне арналған 2 және 6 апталық күзгі және көктемгі курстар бар. Қазақстаннан қатысатын студенттерді 2 апталық курстарға көбіне Қазақ-жапон орталығы ұсынса, 6 апталық бағдарламаға ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті ұсынады.

Жапон тілі мен мәдениетінің Қазақстанда дамуына бағытталған жобаларға қолдау көрсеткен жапондық ұйымдардың қатарында One Asia қорын да атап өту қажет. 2012-2016 жылдар аралығында осы қордың қаржылай көмегі арқасында ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің оқытушысы Чан Бенг-Сун жетекшілік еткен «Asian Community» жобасы және философия және саясаттану факультетінің профессоры Г.О. Насимова бастаған оқытушылар ұжымының жобалары жүзеге асырылды [43-48].

Екі ел арасындағы білім саласындағы байланыстардың нығаюына өз үлесін қосып келе жатқан жапондық ұйымдардың ішінде JICA-ның рөлі де ерекше. JICA (Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігі) Жапонияның ДРК бойынша көрсететін көмегін ұсынатын жалғыз мемлекеттік мекеме. Аталмыш агенттік дамушы елдердегі экономикалық және әлеуметтік өсуге және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу мақсатында құрылған. JICA-ның елімізде өз қызметін атқаруға берік заңды негіз бар, ол 2004 жылы қол

қойылған «Қазақстан республикасы мен Жапония арасындағы техникалық ынтымақтастық жайлы келісім». Бұл келісім 20 маусым 2005 жылғы Қазақстан Республикасының №61-III заңымен ратификацияланған. Жапонияның Қазақстанға ДРК бойынша инфраструктура, энергетика және өзге де салаларда көрсетілген көмектері осы агенттік арқылы жүргізіліп келді. Жапонияның ресми деректеріне сәйкес, Қазақстанға көрсетілетін ДРК-ның негізгі саясаты – Қазақстанның даму мақсатында алдына қойған мәселелерін шешуге көмектесіп, еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуын қолдау, атап айтқанда:

1. Елдегі нарықтық экономиканы одан әрі ілгерілету, экономикалық дамуды қолдау және макроэкономикалық тұрақтылық пен мемлекеттік сектордың тиімділігі арқылы көмек алу қабілетін нығайту.

2. Тұрақты экономикалық өсу арқылы халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған өзіндік күш-жігерді қолдау мақсатында жергілікті экономиканы көтеруге бағытталған қолдауды қамтамасыз ету.

3. Қазақстанның меншігін және елдің экономикалық жағдайын қолдауды жалғастыра отырып, елдегі адам ресурстарын дамытуға баса назар аудару.

4. Аз мөлшерде қолдауды көздегенмен, жоғары нәтиже береді деп күтілетін «Kusaponе» адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шағын әлеуметтік жобаларға өтеусіз көмек грантын тиімді пайдаланып, Жапонияның ДРК бағдарламасын Қазақстанда кеңінен тарату үшін күш-жігер жұмсау. Бағдарламаның мақсатында анық жазылғандай, ДРК бойынша көмек негізінен өндіріс, инфраструктура, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, экология салалары бойынша көрсетілген. 1990 жылдардың басынан қазіргі кезге дейін жүзеге асырылған 40 жуық шаралардың ішінде білім беру, адам ресурстарын дайындауға бағытталған жобаның жалғыз болуы да соның дәлелі болмақ.

Мемлекеттің сырқы саясатында гуманитарлық, мәдени және білім бойынша көмек көрсетуінің саяси астарында, бейбітшілдікке деген талпыныспен қатар, аймақтағы немесе әлемдегі ықпалын арттыру, беделін көтеру сияқты мақсаттың да болатындығы зерттеушілер тарапынан кеңінен талқыланып келген мәселе [309-310]. Жапонияның ДРК арқылы Қазақстанның экономикалық дамуы мен адам құқықтарының қорғалуы, демократияның үдере түсуіне ықпал етуімен қатар, өзінің экономикалық және энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мамандарды дайындау арқылы, мәдениетімен таныстыру арқылы достық байланыстардың тереңдете отырып, өзінің беделін нығайту мақсаттары да байқалады [308, 107-117 б.].

ДРК аясында білім беру саласында орын алған елеулі шара – JICA мен Т. Рысқұлов атындағы қазақ экономикалық университетінің (Т. Рысқұлов ат. ҚЭУ) серіктестігі арқасында Қазақ-жапон адам ресурстарын дамыту орталығының құрылуы болды. Орталықтың ашылуы жайлы хаттамаға 2000 жылы қол қойылды [311]. Орталықтар Алматы және Астана қалаларында ашылды. Орталықтың негізгі мақсаты: нарықтық экономикаға көшу жолында амади ресурстарды даярлау және ақпаратпен алмасу арқылы екі ел халықтары арасындағы өзара түсіністікті тереңдету. Орталық іскерлік басқарудың арнайы курстарын, жапон тілі курстарын ұйымдастырады. Қазақ-жапон орталығында

студенттермен қатар оқытушылар, кәсіпкерлер Жапония жайлы және екі мемлекет арасындағы мәдениет және білім саласы бойынша түрлі ақпараттар ала алады. 2002 жылдан бастап орталықта орта және шағын бизнеске арналған оқу бағдарламасы жүргізіліп келді. 2010 жылдардан бастап бұл бағдарламалар жапон тәжірибесіне негізделген, жоғары білікті мамандардың үйретуімен өтетін қысқа мерзімді, модульді семинарлардан тұратын Кайдзен курстарына ұласты. JICA-ның ұйымдастыратын «Жапонияның практикалық бизнес курстары» аясында кайдзен тренингтеріне қатысушылар Жапониядағы жапондық өндіріс орындарына бару мүмкіндіктеріне де ие. Ол жерде іс жүзінде өндіріс үдерісін оңтайландыруды үйреніп, басқару, маркетинг, қызметкерлерді дайындау және т.б. тақырыптар бойынша түрлі дәрістер алып, мамандармен кездеседі. Орталық құрылғалы бері 200-ден астам кайдзен курстары өткізіліп, оған 4000-нан астам адам қатысқан. Оның ішінде 20-дан астам кеңесшілер мен тренерлер Жапонияда өткізілген тренингтерге қатысқан [312, с. 18].

Қазақ-жапон орталығы Жапон қорымен бірге өткізетін маңызды шаралардың ішінде жапон тілінің деңгейін анықтайтын «Нихонго Ноурёкушикэн» емтиханы да бар. Емтихан жылына екі рет өткізіліп, нәтижесінде сертификат беріледі. Сонымен қатар, Орталық Азия студенттері мен абитуриенттеріне арнап, «Жапонияда білім алу» көрмесін ұйымдастырады. Көрмеге Жапонияның жеке және мемлекеттік университеттері, жапон тілі мектептері қатысады.

Қазақ-жапон орталығы Қазақстандағы Жапонияның мәдениет күні, икебана, оригами, кимоно, шәй церемониясы, каллиграфия, Ёсакой билері сияқты түрлі мәдени шараларды тұрақты түрде ұйымдастырып отырады. Алматы қаласындағы Қазақ-жапон адам ресурстарын дамыту орталығы ашылып, дамыту жобасы екі жақтың бірлесе жұмыс атқаруы он жылға жуық уақытқа созылды. Жергілікті жерлердегі тұрақты дамытуды қамтамасыз ету мақсатында, 2012 жылдан бастап бұл орталық Т. Рысқұлов ат. ҚЭУ құрамына өтіп, қазіргі таңда білім беру, мәдениет және өзге де салаларда екі мемлекет арасындағы байланыстырушы ұйымдардың бірі болып келеді.

JICA жапонтанушы мамандарды даярлайтын қазақстандық ЖОО-ға да тікелей көмек көрсеткен, мысалы, лингафон кабинеттерін ұйымдастыру, қажетті құрылғылармен жабдықтау, оқу материалдарымен қамтамасыз ету және т.б.

JICA-ның ынтымақтастық түрлеріне даму жобаларын зерттеу (бас жоспарды жасау т.б.), техникалық даму жобаларын жүзеге асыру, жапондық сарапшыларды жіберу және дамушы елдердің мамандарын Жапонияға тағылымдамаға шақыру жатады. Соңғысы бойынша JICA инженер-техник мамандарын және әкімшілік қызметкерлерін Жапонияға шақырып, жас көшбасшыларды дайындау мақсатында әр саланың соңғы технологиялары мен еңбек дағдыларын үйретеді. Жапонияда алған білім мен технологияны пайдалана отырып, Қазақстанның дамыуына үлес қосуға бағытталған осы бағдарлама екі ел достастығының тереңдеуіне үлкен серпін беріп келеді. JICA-ның Қазақстанда өз қызметін бастағалы бері мамандарды даярлау бағдарламасы бойынша бүгінгі күнге дейін 1100-ден астам мемлекеттік қызметкерлер, жеке меншік секторы мен

мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері Жапонияда экономика, қаржы, су сапасын бақылау, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және басқа да салаларда кәсіби дайындықтан өткен. 2010 жылы наурыз айында осы дайындық курстарының түлектері Қазақстандағы JICA түлектерінің қауымдастығын құрды. Қауымдастықтың басты мақсаты Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына, Жапонияда алған білім мен технологиялармен бөлісу арқылы екі ел арасындағы достық байланыстардың нығайуына үлес қосу болып табылады. Қауымдастық құрамына 200-ден астам адам кіреді, болашақта мүшелікке кіретін мамандардың санын бұдан да арттыру көзделіп отыр. Түлектер қауымдастығының атқаратын жұмыстарының ішінде JICA-мен бірге жапон технологиялары бойынша түрі семинарлар ұйымдастыру, Жапонияның мәдениетімен таныстыратын шаралар ұйымдастыру, «Япония – Қазақстан: Мосты дружбы» атты хабаршы шығару, т.б. атап өтуге болады [312, с. 14].

JASSO (Жапонияның студенттерге қызмет көрсету ұйымы) 2004 жылдың 1 сәуірінде Japan Scholarship Foundation (Жапония стипендия қоры) ұсынатын стипендиялық несиелік бағдарламаларын қайта құру және интеграциялау арқылы құрылған тәуелсіз әкімшілік агенттік. Ұйымның басты мақсаты халықаралық өзара түсіністікке ықпал ету және болашақ ұрпаққа өз үлесін қосатын жасампаз адами ресурстарды тәрбиелеуге қолдау көрсету, ЖОО-ларда оқитын студенттерге қолайлы орта жасау. Агенттіктің бағдарламаларын негізінен үш үлкен топқа бөліп қарастыруға болады, олар: 1) жапондық студенттерге арналған шәкіртақылар мен несиелер; 2) шетелдік студенттерге арналған шәкіртақылар; 3) студенттерге көмек көрсету бағдарламалары, оның ішінде мансап жасауда қолдау, мүмкіндігі шекеулі студенттер сияқты ерекше қажеттіліктері бар студенттерге арналған бағдарламалар [313]. JASSO-ның ресми өкілеттігі елімізде болмағандықтан, Қазақстандағы Жапония елшілігі арқылы құжаттарды тапсыруға болады. Десек те, JASSO-ның шәкіртақыларына қазақстандық студенттер өздері оқитын ЖОО-мен серіктес жапон университеттері арқылы ие бола алады. Бұл қазіргі таңда ең кеңінен таралған әдіс.

Мемлекеттік және жеке меншік ЖОО-ларды қоса алғандағы университет аралық серіктестік білім саласындағы серіктестіктің ең дамыған түрі. Сол себепті бұл тақырыпты толығырақ осы тараудың екінші параграфында кеңінен қарастырамыз. Жалпы университетаралық серіктестіктің бірнеше түрлерін атап өтуге болады, олардың ішінде:

- Студенттер мен оқытушыларды қоса алғандағы академиялық алмасу (ұтқырлық);
- Біржақты оқу немесе зерттеу гранттарын ұсыну;
- Бірлескен ғылыми және оқу шараларын өткізу, мысалы, конференциялар, семинарлар;
- Бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Ұжымдық ғылыми еңбектерді (мақалалар) жариялау, т.б.

Жалпы алғанда, Қазақстан мен Жапония арасындағы білім және мәдениет саласындағы қатынастары алғаш дипломатиялық байланыстарды орнатқан сәттен басталып, қазіргі таңда жаңа деңгейге жетті деп айтуға толық негіз бар.

Университеттер мен мемлекеттік ұйымдардың тығыз жұмысының арқасында біршама істер жүзеге асырылып, нәтижесін беріп отыр. Десек те, арнайы заңнамалық негіздің жасалуы, бұл байланыстарға үлкен серпін берері сөзсіз. Қазіргі таңда жекеленген университеттердің бастамасы мен жалпылама бағдарламалардың бір бөлігі ретінде орындалып келген шаралар, білім және мәдениет саласындағы байланыстардың әлеуетін толықтай аша алмай отыр.

3.2 Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігінің қазіргі үрдістері

Қазақстан мен Жапонияның ЖББ саласындағы серіктестігі осыған дейін зерттеушілер тарапынан қарастырылмаған. Алайда, жапондық зерттеушілер тарапынан Қазақстанның білім беру жүйесін зерделеген ізденушілер аз да болса бар. Олардың ішінде Масаки Ивано мен Томоми Обаның бірлескен «Жапония мен Қазақстандағы жоғары білім беруді реформалау: ағылшын тілін оқыту мен оқыту құралы ретінде пайдаланудың әлеуеті» [314] атты еңбегін атауға болады. Аталмыш мақалада, жаһандану және интернационалдану үдерістері қарқынды жүріп отырған қазіргі заманда Жапонияда білім беру саласында орын алып отырған екі мәселе: бірі – ағылшын тілі мен жаһандық адами ресурстар арасындағы байланыс, екіншісі – халықаралық стандартталған тестілерді қолдану деп көрсетеді. Зерттеушілер осындай мәселелердің өзге елдерде, оның ішінде Қазақстанда ұсынылған шешімдерінің бірі ретінде іске асырылып отырған үштілділік саясатының маңызы мен берер мүмкіндіктеріне талдау жасаған. Одан өзге, Орталық Азия оның ішінде Қазақстанның білім беру жүйесі, экономикасы мен қоғамын зерттеумен айналысатын ғалым Нацуко Ока [315] Қазақстан нарықтық экономикаға көшкенімен, әлі де болса бюрократиялық иерархия мен сыбайлас жемқорлықтың орын алып отырғанын атап өтеді.

Орталық Азия елдері мен Жапония арасындағы жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық 2004 жылы «Орталық Азия + Жапония» форумы барысында талқыланды. Онда жапондар тарапы Орталық Азия елдерінің студенттері мен мамандарына жапон оқу орындарында білім беру мүмкіндіктерін ұсыну мәселелесін қарастырды [23].

Қазіргі таңда Қазақстанда ресми тіркелген 120 жуық ЖОО-лар ішінде шамамен 10-нан астамы Жапониямен серіктестік байланыс орнатқан. Олардың арасында көп бейінді университеттерден әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Назарбаев университеті, гуманитарлық университеттердің ішінде Абылай хан ат. ХҚЖӨТУ, менеджмент мамандығы бойынша Алматы менеджмент университеті (AlmaU), экономикалық мамандықтарға негізделген университеттердің ішінде Нархоз университеті мен КИМЭП университеті және техникалық университеттердің ішінде Қазақ-Британ техникалық университеті, Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті бар. Сонымен қатар медициналық университеттердің ішінен С.Д. Асфендияров атындағы қазақ медицина университеті мен Семей медициналық университетін атауға болады.

Қазақстан мен Жапония арасындағы үкіметаралық шарттардың болмауына және серіктестікке негіз болтын құжаттардың жекелеген ЖОО-лар арасындағы келісімшарттармен шектелуіне байланысты, екі ел арасындағы жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық өзге салалармен салыстырғанда әлі де артта қалып отыр. Жапон ЖОО-ларымен серіктестік орнату үшін білім беру базасы мен қаржыландыру қажет, сондықтан тек ірі қазақстандық ЖОО-лар ғана олармен әріптестікте жұмыс істейді.

Жапон ЖОО-ларына студенттердің академиялық ұтқырлық бойынша баруы үш жолмен қаржыландырылады:

- 1) Қазақстан немесе Жапония мемлекеттік бюджеті есебінен;
- 2) жапон ұйымдары немесе жапон ЖОО-ларының жеке стипендиялық бағдарламалары есебінен;
- 3) білім алушылардың өз қаражаты есебінен.

Қаржыландырудың бірінші тәсілі екі елдің Білім министрліктерінің мемлекеттік бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады, оны студенттер өздері оқитын университеттердің немесе серіктес университеттері арқылы иелене алады. Мысалы, Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі жыл сайын қазақстандық ЖОО-лардың магистранттары мен докторанттарының шетелдік тағылымдамасына қаражат бөледі. Осы бағдарлама бойынша білім алушылар шетелдегі серіктес университетте қысқа мерзімді зерттеулер жүргізе алады. Жапония үкіметі МEXT, JASSO және т.б. бағдарламалары бойынша шетелдік студенттерге гранттар ұсынады. Жапондық мемлекеттік бағдарламалардың гранттары жапондық ЖОО-лармен келісімшарт негізінде жұмыс істейтін серіктес қазақстандық ЖОО-ға беріледі. Сондықтан тек жапондық ЖОО-мен ресми құжатпен бекітілген байланыстары бар қазақстандық ЖОО-лардың студенттері ғана аталған стипендияларға өтініш беріп, ие болған жағдайда академиялық ұтқырлық бағдарламасын толық тегін өту мүмкіндігін алады.

Қаржыландырудың екінші түріне – Хейва Накаджима қоры (Heiwa Nakajima Foundation) және Мицубиши корпорациясының жеке шәкірақысы (Mitsubishi Corporation personal scholarship), Мацумаэ халықаралық қоры (The Matsumae International Foundation) сияқты тағыда басқа стипендиялық бағдарламаларды жатқызуға болады. Қаржыландырудың бұл түрінде бөлінетін орын саны шектеулі болады және олар да серіктес университеттер немесе ұйымдар арқылы беріледі [316].

Жапондық ЖОО-ға академиялық ұтқырлық бойынша бару мақсатында өзін-өзі қаржыландыру ең аз таралған және көбіне ол қаржыландырудың бірінші немесе екінші түрінің қосымша құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асуы мүмкін.

1990-шы жылдардың соңынан 2010-шы жылдардың басына дейін Жапония мен Қазақстан университеттері арасындағы ынтымақтастық жапонтанушыларға арналған МEXT, Жапон қоры (Japan Foundation) сияқты жапондық стипендиялық бағдарламалармен және Цукуба, Нагасаки университеттері сияқты жекелеген университеттермен ұсынылған бір семестрлік немесе бір жылдық тағылымдамалармен шектеліп келген. Қазақстандық студенттер тағылымдамадан өтетін университеттер ұсынған мұндай стипендиялардың саны

шектеулі, яғни бір академиялық оқу жылына шамамен 1-2 адамға орын бөлініп отырған. Бұл тағылымдамалар Қазақстанға өздері келіп және серіктестікті ұсынған жапон университеттерінің белсенділігінің арқасында жүзеге асырылды. Алайда, екі мемлекетте де интернационалдануды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар қабылданғаннан кейін, университетаралық ынтымақтастық жанданып, қазақстандық университеттер да қарым-қатынасты кеңейтуде бастамашылық көрсете бастады. Осының арқасында қазақстандық студенттердің Жапонияға академиялық ұтқырлығы қарқынмен өсіп келеді.

Қазақстан мен Жапония арасындағы ЖББ саласында ынтымақтастық негізінен жапон тілі, мәдениеті мен тарихын оқитын жапонтанушы мамандар, медициналық және техникалық мамандықтар бойынша жүзеге асады. Жапонтанушылар Қазақстаннан жапон ЖОО-ларына академиялық ұтқырлық бойынша баратын студенттердің негізгі бөлігін құрайды. Себебі, жуырға дейін жапон стипендиялық бағдарламаларының гранттары жапон тілін меңгерген студенттерге бағытталған болатын. Жалпы, Жапония мен Қазақстан арасындағы ЖББ саласындағы серіктестік, бірінші кезекте Қазақстан-жапон адам ресурстарын дамыту орталықтарында және қазақстандық ЖОО-ларда жапон тілі мен мәдениетін оқытудан басталды. Қазақстандағы алғашқы жапон тілі мен мәдениеті кафедрасы 1993 жылы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде ашылған. Қазіргі таңда жапон тілі ҚазҰУ-мен қатар Абылай хан ат. ХҚЖӘТУ және ЕҰУ-да оқытылады.

Қазақстан мен Жапонияның медициналық жоғары оқу орындары арасындағы байланыстарының дамуына, атомдық сынақ алаңы болған Қазақстанның Семей қаласы мен атомдық бомбылауға ұшыраған Жапонияның Хиросима мен Нагасаки қалаларының ортақ жалпы тарихи жағдайы ықпал етті.

Техникалық мамандықтарда толық дипломды бағдарламаларда «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары басым болса, қазақстандық ЖОО студенттері алмасу бағдарламалары бойынша бірнеше айдан бір жылға дейінгі қысқа уақыт аралығында білім алып келеді.

Қазақстандық студенттердің Жапонияда оқитын тағы бір мамандығы – халықаралық қатынастар. Осы мамандық бойынша мамандарды дайындау негізінен Цукуба университетінде Орталық Азия елдерінің студенттеріне арнайы ашылған бағдарлама (Special Program for Central Asian Countries) бойынша жүзеге асырылып келеді. Бұл бағдарлама 2007 жылы МЕХТ-тің қолдауымен қабылданған. Бұл – Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар және дипломатия саласындағы мамандардың мүмкіндіктерін кеңейтуге және күш-жігерлерін жандандыруға бағытталған, ағылшын тілінде өткізілетін, арнайы шәкірақысы бар бір жылдық магистрлік бағдарлама [317].

Жалпы алғанда, Қазақстан мен Жапония арасындағы ЖББ саласындағы байланыс тәуелсіздік алған жылдармен салыстырғанда нығайып, жапондық университеттермен серіктестік орнатқан қазақстандық ЖОО-лардың саны артқан. Студенттермен алмасу бағдарламаларының түрі де, саны да біршама көбейген. Дегенмен, білім беру саласы бойынша екі мемлекет арасында ресми келісімшарттардың немесе мемлекеттік бағдарламалардың, жобалардың

болмауынан және өзге де факторлардың әсерінен ЖББ саласындағы серіктестік әлі де әлсіз, өз мүмкіндіктерін толығымен пайдаланбай келеді деп айтуға болады.

3.2.1 Қазақстан-жапон университетаралық серіктестігі

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданғаннан кейін, қазақстандық университеттер шетелдік университеттермен, соның ішінде жапондық университеттермен келісімшарт жасай бастады. Мысал ретінде Қазақстанның ең ірі екі қаласында орналасқан жетекші ұлттық университеттердің деректерін назарға алуға болады. Біріншісі, Алматы қаласында орналасқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, екіншісі Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ.

Жапония үкіметінің жоғары білімді интернационалдау және Жапониядағы шетелдік студенттер санын арттыру жөніндегі бастамалары да қазақстандық ЖОО-лармен академиялық ұтқырлықты дамытуға оң әсерін тигізді. Осылай, 2014 жылы жапон үкіметі «Top Global University Project» бағдарламасын бастағаннан кейін, жапон жоғары оқу орындары, атап айтқанда Цукуба және Токио шет тілдер университеттері (TUFS) де Қазақстаннан студенттерді белсенді қабылдай бастады.

Қазақстандық ЖОО-лардың жапон университеттерімен ынтымақтастығын біз: келісім-шарттар, меморандумдар жасау, студенттердің академиялық ұтқырлық бойынша шетелге шығуы және шетелден келуі, шетелдік мамандарды шақыру сияқты бірнеше пункттер бойынша қарастырамыз.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 24 000 студенті бар, Қазақстанның ең ірі, көп бейінді ЖОО-ларының бірі. Қазақстан мен Жапония арасындағы ЖББ саласындағы ең алғашқы ынтымақтастық ҚазҰУ қабырғасында басталды. 1992 жылы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде жапон тілі мен әдебиеті бөлімі ашылды. Бөлімінің негізін қалаушы, әрі алғашқы оқытушылары А.А. Камалдинов және Х. Окава болды. 2003 жылы аталмыш бөлім жапон филологисы кафедрасы болып қайта құрылып, ал 2005 жылы жапонтану кафедрасы болып өзгертілді. 2011 жылы шығыстану факультетінің кафедраларын қайта құрылымдау нәтижесінде корейтану және жапонтану кафедрасы Қиыр Шығыс кафедрасына біріктірілді. Осы күнге дейін Қиыр Шығыс кафедрасы жапонтанушыларды дайындайтын жетекші орталықтардың бірі болып қалуда және көптеген жапон ЖОО-ларымен және мемлекеттік ұйымдарымен серіктестікте жұмыс істеп келеді. Кафедраның халықаралық байланыстары негізінен білім алу, ғылым және мәдениет бағыттары бойынша жүзеге асырылады. Жапондық ЖОО-лармен және зерттеу институттарымен серіктестік байланыстарды орнатуда Қазақстандағы Жапония елшілігі және Жапон қоры сияқты ұйымдардың көмегі орасан. Жапон қорымен байланыс 1995 жылы орнатылып, содан бері тығыз жұмыс жасалынып келеді. Жапон қоры тарапынан 2019 жылға дейін тәжірибелі жапон тілінің мамандары жіберіліп отырды: 1995-1998 жылдар Т. Саккайда, 1998-2000 жылдар Мураучи, 2000-2003 жылдар Ооба, 2003-2004 жылдар Итабаши, 2004-2006 жылдар Оошима, 2006-

2007 жылдар М. Кукимото, 2008-2010 Э. Судзуки, 2010-2013 жылдар М. Ин, 2014-2016 Айки, 2017-2019 жылдар Ониши. Жапон қорының жоғары білікті мамандары жапон бөлімі студенттерінің білім алу үдерісіне үлкен үлес қосып қана қоймай, жапон тілін үйрету әдісі бойынша қазақстандық әріптестерімен үздіксіз жұмыс жасады [318].

Қиыр Шығыс кафедрасының серіктестері – Цукуба университеті, Васэда университеті, Хоккайдо университеті, Токио шет тілдер университеті, Сайтама университеті, т.б. Жалпы алғанда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 24 жапон ЖОО-ларымен ынтымақтастық жасайды. Оның 16-мен мемлекеттік бағдарлама қабылданғаннан кейін университет келісімге қол қойған. Келісімдер арасында University International Formation Mission (UNIFORM - Университеттің халықаралық қалыптастыру миссиясы) бағдарламасы аясында Вакаяма университетімен қызметкерлермен алмасу туралы келісім бар. 2015 жылы Цукуба университетімен «Campus-in-Campus Initiative» университетаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру туралы меморандумға қол қойылды. Осы құжатқа сәйкес Қиыр Шығыс кафедрасы жанында Жапония мен Орталық Азия елдерін зерттеу бойынша ғылыми білім беру орталығы ашылды. Сондай-ақ, осы келісім екі университет студенттеріне серіктес университетте ағымдағы оқу жылында тегін білім алуға мүмкіндік береді. «Campus-in-Campus Initiative» бағдарламасы «TGUP» бағдарламасы аясында Цукуба университетімен басталған жоба. ҚазҰУ-дың физика-технологиялық факультеті мен Хоккайдо университетінің жоғары мектебі (Graduate School of Science of Hokkaido University) арасында докторанттарға арналған қос дипломдық оқыту бойынша өзара түсіністік туралы меморандум бар. Бұл қазіргі таңда жапондық және қазақстандық ЖОО-лардың ішінде жалғыз қос дипломды бағдарлама. Айта кету керек, аталмыш бірлескен бағдарлама студенттік ұтқырлық негізінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, серіктес университеттердің студенттері бір академиялық оқу жылы ішінде серіктес университетте оқиды және докторлық диссертацияны қорғау кезінде комиссия құрамына серіктес университеттің сарапшылары кіре алады.

Студенттердің академиялық ұтқырлыққа қатысуының шешуші сәті – қаржы шығындары. ҚазҰУ студенттерінің академиялық ұтқырлықтан өтуге екі негізгі мүмкіндіктері бар: бірінші – жапон гранттары есебінен, екінші – ҚР Білім және ғылым министрлігінің қаржысы есебінен. Көбіне жапондық ұйымдар беретін жапон гранттары жапон тілін үйренушілерге арналған, сондықтан ондай бағдарламаларға жапон тілін меңгерген студенттер қатысады. Алайда, соңғы жылдары жапон университеттерінде шет тілдерін меңгеру, соның ішінде ағылшын тілі интернационалданудың маңызды бөлігі ретінде қарастырылатындықтан ағылшын тіліндегі бағдарламалар да көбеюде. Жапондық гранттар Қиыр Шығыс кафедрасының серіктес жапон университеттері арқылы беріледі. Университеттің ең белсенді серіктесі – Цукуба университеті. Бұл университеттің көмегімен ҚазҰУ бір академиялық оқу жылында академиялық ұтқырлыққа 10-ға жуық студент жіберіп, қабылдай алады. Ал басқа серіктес университеттермен бір академиялық оқу жылында студенттер

саны 2 мен 5 адамнан аспауы керек. Қиыр Шығыс кафедрасының мәліметтері бойынша 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін жапон университеттерінде 2 айдан 12 айға дейін тек 49 қазақстандық студент академиялық алмасумен оқыған. Оның ішінде бір семестрден бір академиялық оқу жылына дейін, негізінен Жапонияның мемлекеттік гранттары есебінен оқуға барған студенттер 75%-ын құрайды. Ал қалғандары Хейва Накаджима және Мицубиши корпорациясының жеке шәкіртақысы сияқты бағдарламалар бойынша тәжірибеден өткен. Өз есебінен барған студенттер екі адам ғана (Қосымша К).

Бөлінген гранттардың үлес саны бойынша JASSO көп бөлігін құрайды. Оның жылдық шәкіртақы мөлшері – 9 600 АҚШ доллары. Екінші орында MEXT-тің стипендиялық бағдарламалры, ол JASSO стипендиясының қаржылық мөлшерінен екі есе көп қаржы бөледі. Қазақстандық студенттерге өз қаражатымен келу қаржылық жағынан қиындық тудырады. Сондықтан, оқытудағы академиялық алмасу тегін болғанның өзінде де, ұтқырлық бойынша студенттердің басым бөлігі стипендия есебінен барады. Серіктес университеттердің арасында бір семестрден бір оқу жылына дейінгі студенттік алмасулар жапон гранттары есебінен жүзеге асса, ал Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің есебінен барған студенттер қысқа мерзімге келеді. Себебі, оларға бөлінген қаржының мөлшері аз ғана уақытқа есептелген және келу ұзақтығына қарамастан бөлінетін қаржы мөлшері өзгермейді.

Академиялық ұтқырлық бойынша жапон университеттерінен студенттердің келуі соңғы 5-6 жылда ғана басталды. Көбіне жапон студенттері табиғатпен немесе далалық зерттеулер (field work) сынды қысқа мерзімді танымдық сипаттағы бағдарламалармен келеді. 2016 жылдан бастап 2019 жылға дейін ҚазҰУ-ға тек жапон университеттерінен 47 студент келген (7-кесте). Олардың 87%-ы бір аптадан бір айға дейінгі мерзімге келсе, қалғаны бір семестрден бір академиялық оқу жылына дейінгі уақытқа келген. ҚазҰУ-ға келген жапон студенттерінің басым бөлігі өз қаржылары есебінен немесе өздері оқитын жапондық ЖОО қаржысы есебінен жартылай шығындарын өтеген. Бір семестрге немесе одан көп мерзімге келген студенттер ҚазҰУ-дың дайындық факультетінде орыс немесе қазақ тілдерін оқиды. Жалпы, студенттермен академиялық алмасуда жетекші орынды Цукуба университеті иеленіп отыр. Себебі, жапон университеттерінен академиялық ұтқырлықпен келген студенттердің жартысына жуығын осы университеттің студенттері құрайды. Жалпы Қазақстанда білім алатын жапондық студенттерге қатысты көбіне Токио университеті, Цукуба университеті сияқты үлкен мемлекеттік университеттерден келетіндігі кафедра деректерінен анық байқалады. 2017-2018 жылдары екі жапондық студент ғана тіркелсе, одан кейінгі кезеңде келетін жапондық студенттердің саны күрт өсіп, 41 адамға жеткенін аңғарамыз. Биыл орын алып отырған пандемияға байланысты 2019-2020 оқу жылының статистикалық мәліметтері әлі толығымен қамтылмады.

Профессор-оқытушылар арасындағы ынтымақтастық мәселесіне келетін болсақ, жыл сайын шығыстану факультетіндегі жапон тілінің оқытушылары,

Жапон қорының (Japan Foundation) стипендиясы есебінен Урава орталығында екі айлық қысқа мерзімді тағылымдамадан өтеді.

Кесте 7 - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға серіктес университеттерден келген жапондық студенттердің ұтқырлығы

Оқу жылы	Жіберуші жапондық ЖОО	Бағдарлама	Студенттер саны	Ұтқырлық кезеңі
2016-2017	Цукуба университеті	Академиялық ұтқырлық	2	8 айдан 1 жылға
2017-2018	Цукуба университеті	Академиялық ұтқырлық	2	10 және 11 ай
2018-2019	Цукуба университеті	Қысқы семестр. «Campus in Campus» бағдарламасы	13	3 апта
	Токио шет тілдер университеті (TUFS)	Қысқы семестр.	7	3 апта
	Токио университеті	Көктемгі семестр. Аймақтық оқулар. Орталық Азияның саясаты, экономикасы және мәдениеті	19	12 күн
	Кочи университеті		1	7 күн
	Кочи университеті		1	7 күн
2019-2020	Цукуба университеті	«Жапонияда, ТМД және Балтық елдерінде көп тілді жүйенің экономика және ғылым салаларында мамандарды даярлауға арналған ғаламдық білім беру бағдарламасы» бойынша академиялық ұтқырлық	2	8 айдан 1 жылға аралығы

ҚазҰУ-дың мәліметтері бойынша, жапон университеттерінен негізінде гуманитарлық және техникалық мамандар келеді. 2010-2017 жылдар аралығында Жапонияның серіктес университеттерінен тек 71 маман шақырылған. Олардың 45%-ы гуманитарлық ғылымдарда, 41% -ы техникалық салаларда және 16%-ы жаратылыстану ғылымдарының мамандары. Гуманитарлық бағыттардың ішінде жапондық мамандарды көбінесе халықаралық қатынастар және шығыстану факультеттері шақырады. Техникалық мамандықтар бойынша механика-математика және физика-технологиялық факультеттерін атауға болады.

Л. Гумилев атындағы ЕҰУ

2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама қабылданғанға дейін ЕҰУ мен Токай университеттері арасында өзара түсіністік туралы меморандум болды. Мемлекеттік бағдарламаның арқасында ЕҰУ Жапонияның серіктес университеттерімен 4 жаңа құжатқа қол қойды. Атап айтқанда, өзара түсіністік туралы екі меморандумға, бір ынтымақтастық туралы келісімге, студенттер алмасу туралы меморандумға, академиялық алмасу және ынтымақтастық туралы келісімге. ЕҰУ мен жапон университеттері арасындағы ынтымақтастық төмендегіде берілген негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- академиялық ұтқырлық;
- магистранттар мен докторанттардың тағылымдамадан өтуі;
- профессор-оқытушылар құрамын дәріс оқуға шақыру және оқытушылық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту;
- бірлескен білім беру бағдарламаларын (қос дипломдық бағдарламалар) дайындаудағы ынтымақтастық;
- бірлескен ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізу.

ЕҰУ мен жапон университеттері арасында қол қойылған меморандумдар мен келісімдерді талдай отырып, келесідей ой түюге болады: қазақстандық университеттер интернационалдау үдерісін жаңа бастағанын және негізгі бағыты ретінде академиялық ұтқырлық пен магистранттар мен докторанттарды шетелдік тағылымдамаларға жіберу жұмыстарына баса назар аударып отыр.

Аталған келісімдерге қол қою академиялық ұтқырлық бойынша шетелге шығуды жандандыруға мүмкіндік берген. 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейін ЕҰУ-дың 15 білім алушысы өзін-өзі қаржыландыру бойынша, JASSO стипендиясы бойынша, Никкенсей стипендиялық бағдарламасымен, Жапон үкіметінің «Монбукагакушё» (МЕХТ) стипендиялары бойынша Цукуба университетіне, Осака университетіне Рюкю университеттеріне жіберілді. ЕҰУ-дың ақпаратынан түйетініміз, меморандумдарға, келісімдерге қол қойылғанына қарамастан, қаржыландыру негізінен Жапонияның үкіметтік гранттары есебінен жүргізілуде.

Л. Гумилев атындағы ЕҰУ мен жапон университеттері арасындағы оқытушылардың ұтқырлығы негізінен үш бағыт бойынша жүргізілуде: техникалық мамандықтар, жапон тілі мен тарихы. Олардың ішінде ең жиі шақырылатындар техникалық мамандықтардың оқытушылары. Бұл үрдіс ЕҰУ-дың Жапонияны техникалық дамыған ел ретінде қызығушылық тудырып отырғанын көрсетеді. 2012 жылдан бастап 2019 жылға дейін ЕҰУ-ге барлығы 24 жапон маманы шақырылған. Оның 78%-ы инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша болса, екінші орында жапон тілі мамандары және үшінші орында тарихшылар құрайды.

Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

Абылай хан ат. ХҚжӘТУ бірнеше жапондық университеттермен серіктестікте жұмыс істейді, олар Цукуба университеті, Киото жоғары оқу орнынан кейінгі информатика колледжі, Вакаяма университеті. Цукуба және Вакаяма университеттеріне жылда студенттерге арнап оқу гранттары бөлінеді.

Мысалы, Цукуба университетіне, оқу бағдарламасы жапон не ағылшын тілінде өтетіндіктен, бір семестрге шығыстану факультетінің жапон тілі студенттері мен халықаралық қатынастар факультетінің студенттері білім алуға бара алады. Бағдарлама шарты бойынша, жатын орны тегін, ал жолға және өмір сүруге кететін шығындарды студенттердің өздері төлеулері тиіс. Цукуба университетіне жылына үш адамға дейін орын бөлінеді. Вакаяма университеті де жылына екі немесе үш студентке дейін қабылдай алады, алайда оқу үдерісі тек жапон тілінде өтетіндіктен, жапон тілін меңгерген студенттер ғана қатыса алады. Вакаяма университетіне барамын деп ниет білдірушілер үшін де оқу тегін болғанымен, жолға және тұруға кететін шығындарды білім алушылардың өздері көтерулері қажет. Кей жағдайларда студенттер МЕХТ-тің шәкіртақы бағдарламаларына ұсына алады. Бір ерекшелігі, Вакаяма университетінің академиялық ұтқырлық бағдарламасына қабылдану үшін жапон тілінің екінші деңгейлі сертификатын (JLPT N2) иемдену міндет болып саналады.

Абылай хан ат. ХҚЖӨТУ мәліметтеріне сәйкес, 2015-2021 жылдар аралығына барлығы 11 студент Жапонияда білім алып келген (8-кесте). Олардың басым бөлігі жапондық ұйымдардың шәкіртақыларын иемденген, тек бес студент қана университетаралық алмасу бағдарламалары бойынша барған. Жалпы осы университеттің жағдайында да қазақстандық ЖОО-ларға тән біржақты академиялық ұтқырлық аясында шетелге шығудың басымдығын байқаймыз.

Кесте 8 - 2015-2021 жылдар аралығындағы Абылай хан ат. ХҚЖӨТУ студенттерінің академиялық ұтқырлық бойынша жапондық университеттерге бару ұтқырлығы

Оқу жылы	Шәкіртақы бағдарламасының аты	Студенттер саны	Қабылдаушы жапондық ЖОО
2015-2016	МЕХТ	1	Цукуба университеті
	JASSO	1	
2016-2017	МЕХТ	1	Вакаяма университеті
	Университет аралық алмасу (оқу және тұру тегін)	2	Цукуба университеті
2017-2018	МЕХТ	1	Вакаяма университеті
2018-2019	Университет аралық алмасу бағдырлымасы бойынша (оқу тегін)	1	Вакаяма университеті
		2	Цукуба университеті
2019-2020	МЕХТ	1	Киото шет тілдер университеті
2020-2021	МЕХТ	1	Вакаяма университеті
Барлығы	-	11	-

2020 жылдан бастап Абылай хан ат. ХҚЖӨТУ мен жапондық серіктес университеттер арасында студенттермен алмасу бағдарламасы бойынша онлайн

оқу да қолға алына бастаған. Мұндай бастаманың алғашқы қатысушысы ретінде Вакаяма университетінің онлайн бағдарламасымен білім алып жатқан үшінші курс студенттерін мысал келтіруге болады.

Байқап отырғанымыздай, Қазақстан мен Жапония арасындағы жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық тек университеттер деңгейінде және «Болашақ», МЕХТ сияқты әр түрлі гранттық бағдарламалары арқылы Жапонияға келетін студенттердің жеке бастамасы бойынша дамып отыр. Алайда серіктестікті жүзеге асыру жолдары, негізінен жапондықтардың бастамасы есебінен жүріп жатыр.

Академиялық ұтқырлық стратегиясын қабылдағанға дейін жапон ЖОО-лары ынтымақтастықта белсенділік танытты. Ал, қазақстандық ЖОО-лар стратегияны қабылдағаннан кейін серіктестікті дамытуда белсенділік көрсете бастады. Сондықтан Мемлекеттік бағдарлама қабылданғанға дейін қазақстандық студенттер негізінен жапондықтардың қаржыландыруы есебінен жапон ЖОО-ларында тағылымдамадан өтіп келген.

Нархоз университеті

Нархоз университеті жапондық ЖОО-лармен серіктестік орнатқан алғашқы қазақстандық университеттердің бірі. Қазіргі таңда университет екі жапондық ЖОО-лармен шарттық негізде жұмыс істейді. Оның бірі Цукуба университеті, екіншісі Нагоя сауда және бизнес университеті (Nagoya University of Commerce and Business). Нархоз университетінің деректеріне сәйкес 2012-2018 жылдар аралығында барлығы 24 студент екі аптадан бір семестр аралығында Жапонияда білім алып келген (9-кесте). Оның ішінде ең көбі қаржы мамандығының студенттері – 9, экономика – 6, менеджмент – 2, есеп және аудит – 2 адам, ал қалған халықаралық қатынастар, туризм, еңбекті ұйымдастыру және нормалау, әлеуметтік-мәдени сервис, компьютерлер мен бағдарламалық қамтамасыздандыру мамандықтарынан бір-бір студенттен барған. Мұнда да студенттердің барлығына жуық дерлігі жапондық ұйымдардың шәкіртақылары есебінен оқыған, оның ішінде ең көбі JASSO бағдарламасы – 12 адам, ал екіншісі Мицубиши корпорациясының қаржылай көмегі – 11 адамға берілген. Тек бір ғана студент өз қаржысы есебінен Жапонияда білім алған.

Нархоз университетінің халықаралық бағдарламаларды дамыту және координациялау бөлімінің мамандарының айтуы бойынша, Жапонияға көбіне гранттық бағдарламаларды ұтып алған студенттер ғана барады. Көп жағдайда студенттердің өз қаржысына баруға қаржылай мүмкіндіктері бола бермейді. Оның үстіне, Жапонияда оқу жылының басталу және аяқталу мерзімінде айрмашылықтар бар. Мәселен, Жапонияда оқу сәуір және қаза айларында басталады, ал аяқталуы наурыз айының соңына тура келеді. Жапонияға оқуға кеткен студенттер бір жыл академиялық демалыс алуға тиіс, сол себепті Қазақстанға оралғаннан кейін тағы бір жыл оқиды. Студенттер наурызда оралғанымен, қазақстандық оқу орындарында ол кезде аралық бақылау болып жатады. Әсіресе, ақылы түрде оқитын студенттер үшін бұл тиімсіз, себебі олар Жапонияда білім алып жатқан кезінде де Нархоз университетіне оқу ақысын төлеп отыруға міндетті. Сол себепті соңғы екі жылда осы университеттен

жапондық серіктес университеттерге академиялық ұтқырлық бойынша ешқандай студент бармаған. Бір атап өтерлігі, жапондық ЖОО-лардан Нархоз университетіне студенттер келмеген көрінеді.

Оқытушылар арасында да 2012 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі аралықта академиялық ұтқырлық бойынша алмасулар болмаған көрінеді.

Кесте 9 - Нархоз университеті студенттерінің академиялық ұтқырлық бойынша жапондық университеттерге бару ұтқырлығы

Оқу жылы	Шәкіртақы бағдарламасының аты	Студенттер саны	Мамандық
2012-2013	Мицубиши	2	экономика - 2, менеджмент - 1
	Өз есебінен	1	
2013-2014	Мицубиши	2	1 - қаржы, 3 - экономика
	JASSO	2	
2014-2015	Мицубиши	2	2- қаржы, 1- еңбекті ұйымдастыру және нормалау, 1- әлеуметтік-мәдени сервис, 1- есеп және аудит
	JASSO	3	
2015-2016	Мицубиши	2	1- туризм, 1- компьютерлер мен бағдарламалық камтамасыздандыру, 1- есеп және аудит , 1- экономика, 1- қаржы
	JASSO	3	
2016-2017	Мицубиши	2	4- қаржы, 1- менеджмент
	JASSO	3	
2017-2018	Мицубиши	1	1- қаржы, 1- халықаралық қатынастар
	JASSO	1	
Барлығы	-	24	-

Цукуба университеті

Қазақстандық ЖОО-лармен серіктес жапон университеттері арасында Цукуба университеті мен TUFS-ты ерекше атап өту қажет. Цукуба университеті Жапонияның ЖОО-лары арасында Орталық Азия елдрімен ең тығыз жұмыс жасайтын университет ретінде белгілі. Университетте 2008 жылы «Цукуба университетінің Орталық Азия халықаралық ынтымақтастық орталығына тиесілі Цукуба байланыс кеңсесі» құрылды. 2010 жылы «Цукуба университетінің Орталық Азия халықаралық ынтымақтастық орталығы» «Цукуба университетінің Орталық Азия кеңсесі» болып өзгертілді. Ал, «Цукуба университетінің Орталық Азия халықаралық ынтымақтастық орталығына тиесілі Цукуба байланыс кеңсесінің» атауы «Цукуба университетінің Орталық Азия кеңсесінің Цукуба байланыс бөлімі» деп өзгертілді. Орталық Азия бөлімінің құрылып, осы аймақтағы ЖОО-лармен байланыс орнату студенттермен алмасудың көбеюіне үлкен серпін берді. Мысалы, 2000 жылы осы орталық құрылғанға дейін Цукуба университетінде білім алған Орталық Азия елдерінен оның ішінде Өзбекстаннан жалғыз 1 студент қана болса, 2010 жылы олардың

саны 70 адамға жеткен. Оның ішінде, қазақстандық студенттердің саны 20 адамды құраған. Жалпы, 2000-2010 жылдар аралығында Орталық Азия елдерінен 211 студент келсе, олардың ішінде 61 білім алушы қазақстандық жастар болған (10-кесте). Қазақстандық ЖОО-лардың ішінде Цукуба университеті 2006 жылдың тамыз айында ЕҰУ-мен келісімшарт жасаса, 2007 жылдың қазан айында ҚазҰУ-мен, дәл сол жылдың қараша айында Нархоз университетімен (сол кездегі атауы Т. Рысқұлов ат. ҚазЭУ) шартты негізде байланыс орнатқан.

Кесте 10 - Цукуба университетіне Қазақстаннан келген студенттер саны [319]

	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	Барлығы
Қазақстан	1	1	1	4	2	2	11	19	20	61

Екіжақты байланыстың нығаюы жапондық студенттердің академиялық ұтқырлық аясында Қазақстанға келуіне оң әсерін тигізген. Мысалы, 2006-2010 жылдар аралығында 10 жапондық студент Орталық Азия елдеріне оқуға келген, оның ішінде 2 студент қазақстандық ЖОО-ны таңдаған [320].

Орталық Азия елдерін зерттейтін орталықтың құрылуымен, жапондық студенттер Орталық Азия мемлекеттерінің тілін, тарихын, экономикасы мен мәдениетін, т.б салаларын оқыса, Орталық Азиядан шыққан жастардың ішінде мен Жапонияның тілі мен тарихы, мәдениетінен өзге, саясатын, т.б. зерттейтін мамандар көбейе бастады.

2019 жылы Цукуба университеті жапондық «Ниппон» қоры және Жапония-Орталық Азия достық қауымдастығының (JASAF) қолдауымен Ниппон қоры Орталық Азия-Жапония адам ресурстарын дамыту жобасын (бұдан әрі NirSA Project) бастады. Жоба Орталық Азия елдерінің тұрақты даму мақсаттарына жету және жергілікті қауымдастықтардың өзекті мәселелерін шешуге ат салысу үшін, осы аймақ пен Жапонияның адами ресурстарын дамытуға бағытталған. Жоба негізгі үш бағытта дамитын болады деп күтілуде, олар:

- Цукуба университетінің түлектер қауымдастығы, Ниппон қоры және Жапония-Орталық Азия достық қауымдастығы (JASAF) арасындағы белсенді ынтымақтастық;
- Білім беру және ғылыми-зерттеу қызметі;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы қызмет.

Оның ішінде екінші бағыт бойынша Орталық Азия елдерінің студенттеріне жапондық компаниялар мен ҰЕҰ-да тағылымдамадан өту мүмкіндігі беріледі, ал жапондық студенттер қысқа мерзімді бағдарламалар аясында Орталық Азия елдеріне баруға мүмкіндік алады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, Цукуба университетіне магистратураға түскен үздік студенттерге Nippon Foundation Central Asia стипендиясы беріледі деп күтілуде [321].

2019 жылы 23 қазан айында Цукуба университетінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевқа Цукуба университетінің Құрметті докторы атағы берілді. Марапаттау рәсімінде Цукуба университетінің Президенті доктор Кёсуге Нагата Назарбаев Университеті мен ЕҰУ-дің ашылуы мен еліміздің даму

стратегиясында, атап айтқанда «Қазақстан 2030» бағдарламасында ЖББ ерекше көңіл бөлінгенін жоғары бағалайтындығын айтты. Сонымен қатар, ҚазҰУ-дың халықаралық деңгейде жеткен жетістіктерінің маңыздылығын атап өтті [322]. Цукуба университеті жоғары аталған үш қазақстандық ЖОО-лармен қатар Абылай хан ат. ХҚЖӨТУ, Нархоз университеті, Абай ат. ҚазҰПУ, Ұлттық ғылыми онкология және трансплантология орталығымен байланыс орнатып, соңғы он жылдың ішінде Қазақстаннан алмасу бағдарламалары бойынша 300-ден астам студенттерді және 100-ден астам зерттеушілерді гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, жартылыстану және нақты ғылымдар салалары бойынша қабылдаған.

2020 жылы 22 желтоқсанда Цукуба университетінде әл-Фараби оралығы ашылды. Орталық гуманитарлық, әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдарындағы бірлескен ғылыми және академиялық жобалардың базасы ретінде қызмет етуге, сондай-ақ Әбу Наср әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасын насихаттауға бағытталған.

Токио шет тілдер университетінде (TUFS) Орталық Азия елдеріне маманданатын студенттер элективті пән ретінде өзге түркі тілдерімен қатар қазақ тілінің оқи алады. Қазақ тілі аптасына бір рет бір академиялық сағат болады. Жапондық ЖОО-ларда қазақ тілінің оқытылуына тоқталғанда, қазақ тілінің маманы, Вако университетінің профессоры Хироки Сакайдің үлесі зор екенін атап өту қажет. Зерттеуші түркі халықтарының батырлық эпостарын, Ноғай ордасының тарихын зерттей келе, қазақтың «Алпамыс батыр», «Ер-Төстік», т.б. жырларына жапондық шығармалармен салыстырмалы талдау жасаған.


3.2.2 Академиялық ұтқырлық

Қазақстаннан Жапонияға білім алу мақсатында баратын студенттер ұтқырлығының жалпы статистикалық деректері Жапонияның ресми статистика порталының деректерінде көрсетілген. Аталмыш порталда қазақстандық студенттердің жалпы саны берілетіндіктен, олардың құрамын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігінің деректеріне, сондай-ақ Болашақ бағдарламасы мен екі ең үлкен қазақстандық ЖОО-ның (ҚазҰУ мен ЕҰУ) деректеріне жүгіндік.

Қазақстан Республикасының Жапониядағы Елшілігінде тіркелген қазақстандық студенттердің саны 2012 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі аралықта жылына 25-тен 57 адамға дейін жетіп отырған. Жапонияның статистикалық агенттігінің деректері білім алушылар санының одан көп екенін көрсетеді. Себебі, жапон статистикасы берілген визалардың, оның ішінде студенттік визалар бойынша келетіндердің санына негізделген. Айта кететін бір мәселе, статистикалық мәліметтерде қысқа мерзімді және толық дипломды бағдарламалар бойынша білім алушылар бірге көрсетілген.

Жапон статистика порталына сәйкес соңғы жеті жылда Қазақстаннан келген студенттер саны 1,5 есеге артып, 2019 жылы 138 адамды құраған. Дегенмен, бұл сол жылы Жапонияға келген саны 336915 адамды құрайтын барша шетелдік студенттерің 0,04% ғана құрайды. Бұл көрсеткіш аймақтық контекстінде алғанда

да өте төмен көрсеткішті көрсетеді. Мәселен, 2018-2019 оқу жылдарында қазақстандық студенттердің жалпы саны өзбекстандық студенттермен салыстырғанда 1,5 есе артық болғанымен, көрші Өзбекстаннан Жапонияға келген студенттердің санымен салыстырғанда қазақстандық білім алушылар 16 есеге аз. 2019 жылы Орталық Азия елдерінен барлығы 2575 студент келген. Олардың 80%-дан астамы Өзбекстаннан келген студенттер және тек 5% ғана Қазақстаннан келген жастарды құрайды.



Сурет 4 - Жапонияға Орталық Азия елдерінен келген студенттер саны*

Айта кету керек, Жапониядағы Қазақстандық студенттердің категориясы жөнінде нақты ақпараттар өте аз. Себебі, қазақстандық университеттерде соңғы 5 жылдың деректері ғана сақталған. Ал жапондық Статистика агенттігінің мәліметтерінде студенттердің жалпы саны беріліп, оқу бағдарламалары көрсетілмейді. Сондықтан Жапониядағы академиялық ұтқырлық бойынша оқып жатқан Қазақстан студенттерінің санын нақты айту қиын.

2000-2019 жылдар аралығында «Болашақ» бағдарламасы бойынша Жапонияда барлығы 54 стипендиат оқыған. Бұл осы уақыт аралығында аталмыш бағдарламаның жалпы саны 12 000 жететін стипендиаттарының тек 0,5%-ын құрайды (11-кесте). Жапония «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары арасында да оқу елі ретінде аса танымал емес екіндігі байқалады. «Болашақпен» білім алған жастардың жартысына жуығы магистратура бағдарламасына келген, ал бакалавр дәрежесінде оқығандар небәрі 7% ғана құраған. Жалпы 37 стипендиат толық дипломды бағдарлама бойынша білім алған, бұл шамамен Жапонияда білім алған стипендиаттардың 68% жуық [323].

Қазақстандықтар үшін Жапония технологиялық жағынан дамыған ел ретінде танымал, сондықтан «Болашақтықтардың» 50%-ы техникалық мамандықтарды, 30%-ы гуманитарлық бағыттарды, медицина және

* Ескерту: деректер Жапонияның ресми статистика порталынан алынған. Статистикада жаңа және қайта тіркелген студенттер есепке алынған.

биотехнология саласын 18%-ы таңдаған (12-кесте). Гуманитарлық бағыттар бойынша білім алғандардың 56%-ы Цукуба университетінде қоғамдық саясат, аймақтану және халықаралық қатынастар мамандығы бойынша оқыған (Болашақ стипендиялық бағдарламасының деректері).

Кесте 11 - 2000-2019 жылдар аралығында «Болашақ» бағдарламасымен Жапонияда білім алған жастар саны (оқу бағдарламалары бойынша)

Бітіру жылы	2000	2007	2009	2010	2011	2012	2013	2015	2016	2017	2018	2019	Барлығы
Тағылымдама	-	-	15	-	-	-	1	1	-	-	-	-	17
Бакалавр	-	-	1	-	-	-	2	1	-	-	-	-	4
Магистратура	1	1	4	5	1	5	1	-	2	3	2	1	26
Докторантура	-	-	-	-	3	-	-	-	1	1	-	2	7
Барлығы	1	1	20	5	4	5	4	2	3	4	2	3	54

Бұл жоғарыда аталған халықаралық қатынастар және қоғамдық саясат мамандықтары бойынша Орталық Азия елдеріне арнай бағдарламаның ашылуымен байланысты. Жапонияда білім алған «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің 40%-дан астамы білім саласында жұмыс істейді, ал 20%-ға жуығы мемлекеттік қызметтерде жұмыс жасайды.

Кесте 12 - «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары таңдаған мамандықтары бойынша

Мамандықтар	Техникалық	Гуманитарлық	Медицина және биотехнология	Басқалар
Студенттер саны	27	16	10	1

Жалпы алғанда, Қазақстан мен Жапония арасында ЖББ саласындағы серіктестіктің ең дамыған түрі – екіжақты келісімшарт негізіндегі университетаралық ынтымақтастық. Қазіргі уақытта бірнеше Қазақстандық ұлттық көп салалы және гуманитарлық университеттер жапон ЖОО-ларымен әріптестікте жұмыс істейді. Мысалы ретінде, жоғарыда келтірілген ҚазҰУ мен ЕҰУ атауға болады. Академиялық ұтқырлық бойынша студенттерді шетелге жіберу де соңғы жылдары қолға алынып, студенттердің шетелге шығуымен қатар шетелден келуінде де айтарлықтай өзгерістер байқалады. Дегенмен, жалпы қазақстандық студенттердің саны мен шетелде білім алатын жастардың үлесін ескергенде және екінші тарауда қарастырғанымыздай, Жапонияның шетелдік студенттерді қабылдау бағдарламалары мен олардың ауқымын есепке алғанда, екі мемлекет арасындағы ЖББ саласындағы байланыстардың әлі де болса әлсіз екенін, студенттер ұтқырлығының көрсеткішінің төмендігін аңғарамыз.

3.3 Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы байланыстарының басты мәселелері мен даму болашағы

Қазақстан мен Жапонияның қазіргі кездегі ЖББ саласындағы байланыстары әлі де болса әлсіз. Негізінен қазақстандық ЖООлардың ішінде ҚазҰУ-дың орны бөлек, жапондық университеттермен байланысы жақсы. Алайда, Қазақстанның өзге ЖОО-ларының жағдайын ҚазҰУ-мен салыстыруға келмейді. Себебі, қалған қазақстандық ЖОО-лар көп жағдайда университет деңгейіндегі берік серіктестік дегеннен гөрі жекелеген оқытушы-профессорлардың байланысының арқасында жүзеге асып келеді. Оның үстіне көбіне байланыс біржақты жүзеге асады, нақтырақ айтқанда көбіне қазақстандық студенттер мен оқытушылар Жапонияның университеттеріне барады, ал Жапония жағынан келушілер аз.

Серіктестікті жүзеге асырудағы мақсаттарға келер болсақ, қатысушы жақтар мен қатысу деңгейіне байланысты өзгешеліктер бар. Мысалы. Қазақстандық ЖОО-лар үшін бірінші кезекте мемлекеттік бағдарламаларда қойылған талаптарға сәйкес әлемдік рейтингісі жоғары үздік 200-ге кіретін университеттермен байланыс орнату және халықаралық өлшемдерге сай өзінің рейтингісін көтеру маңызды. Бұл әсіресе үздік, беделді университеттердің алдарына қойған мақсаттарынан анық байқалады. Алайда, бұл мақсат аймақтық университеттер үшін басты болмауы мүмкін. Одан өзге серіктестік мақсаттары ретінде бірлескен ғылыми жұмыстарды жүргізу, тәжірибе алмасу, студенттерге алдыңғы қатарлы университеттерде өз білімдерін тереңдетуге мүмкіндік жасау, халықаралық академиялық ұтқырлықтың дамуына ат салысуды айтуға болады. Ал, жапондық университеттер үшін геосаяси қызығушылық, экономикалық мақсаттарға сәйкестілігі және ғылыми зерттеулер жасау мүмкіндігі маңызды. Жалпы Жапониядан Қазақстанға зерттеумен келетін зерттеушілер мен студенттердің басым бөлігінің зерттеуі Орта Азия және Қазақстанмен байланысты. Ондай жапондық ізденушілердің ішінде Орта Азия халықтарының тілі, тарихы мен мәдениетін зерттеп жүргендер көп, мысалы: «атты...түйенің шұбатын,...қымызды зерттеп жатқандар бар» (Сұхбат беруші «З»). Жапондық студенттердің арасында басым бөлігі орыс және қазақ тілдерін оқуға келеді. Жапон қоғамының қатраюына және оның бір көрінісі ретінде жапондық оқу орындарында студенттер санының азаюына байланысты, жапондық университеттердің шетелдік студенттерді тартудағы тағы бір мақсаты – өзін студенттермен қамтамасыз ету.

3.3.1 Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы байланыстарының басты мәселелері

1. Жалпы Қазақстан мен Жапонияның ЖББ саласындағы серіктестігі мәселесін қарастырғанда ең алдымен екі ел арасындағы жалпы байланыстарды ескеру маңызды. Қазақстанның сыртқы саясатында Жапония стратегиялық серіктестіктердің қатарына жатпайды.

ЮНЕСКО мәліметтеріне сүйенсек, 2017 жылы 84 681 қазақстандық шетелде білім алды, бұл Қазақстан халқынан 8 есе көп ресейлік студенттермен салыстырғанда 30%-ға артық (Ресей халқының саны 142,2 млн болса,

қазақстандықтардың жалпы саны 18,5 млн адам) [37]. Егер Қытайда оқитын студенттер санын қоссақ, жыл сайын Қазақстаннан 100 000-ға жуық студент шетелде білім алады. Ақпарат көздерінде берілгендей, Қазақстанның жалпы халық саны аз болғанына қарамастан студенттерді шетелге оқуға жіберуші әлемнің 15 елінің қатарына кіреді [245]. Бірақ Жапония Қазақстан студенттері үшін оқу елі ретінде тартымсыз, өйткені шетелде оқитын барлық қазақстандық студенттердің шамамен 0,1%-ы ғана Жапонияны таңдайды. Осы үрдісті түсінуге көмектесетін бірқатар себептерді қарастырайық, оларды анықтау Қазақстан мен Жапонияның ЖББ саласындағы серіктестігінің болашақ мүмкіндіктерін түсінуге және сол мүмкіндіктерді жүзеге асыруға тосқауыл болуы ықтимал кедергілерді ескеруге көмектеседі.

Қазақстанның ЖББ жүйесінде ұстанатын саясаты мемлекеттің сыртқы саясатымен тікелей байланысты. Қазақстанның сыртқы саясатындағы стратегиялық серіктестері Ресей мен Қытай [324, с. 59]. Екі мемлекет те Орталық Азиядағы үстемдік үшін бәсекелес [325-326].

Шетелде білім алатын қазақстандық студенттердің таңдауы бірінші кезек Ресейге, екінші кезекте Қытайға келетінін айтып өткен болатынбыз. Жапония мен Қазақстан арасындағы ЖББ саласындағы байланыстардың әлсіздігі мен студенттер ұтқырлығының төмендігін талдауда, Қазақстанды аймақтық контекстінде қарастыру маңызды. Бұл, тақырыпты ашу үшін қажетті қадамдардың бірі деп білеміз. Сондықтан, Қазақстанның ЖББ саласындағы алдыңғы қатарлы серіктес мемлекеттерімен байланыстарына шолу жасап, оның Жапониямен қарым-қатынаста тигізетін ықпалына тоқталамыз. Себебі, Қазақстан мен Жапонияның ЖББ саласындағы серіктестігінің болашағын зерделеуде, оған әсер ететін саяси, экономикалық, тарихи және жеке азамат деңгейіндегі факторларды жан-жақты ескеру маңызды.

Ресей

Қазақстан мен Ресейді тарихының ортақ болуы, мәдени, әлеуметтік-экономикалық ұқсастықтар менталитеттің жақындығына әсер етеді [327]. Қазақ тілі 1989 жылдан бастап мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанымен, орыс тілі әлі күнге дейін Қазақстанда ұлтаралық қатынас тілі болып отыр. Қазақстан мен Ресей арасында визасыз режим жұмыс істейді және екі мемлекет бірыңғай экономикалық кеңістікке кіреді. Қазақстанның Ресеймен саяси байланысы экономика саласындағы ынтымақтастыққа да әсер етеді. Қазақстанмен тауар айналымы (20%) және импорт (36%) көлемі бойынша Ресей бірінші орында, Қазақстаннан экспорттау бойынша үшінші орында (9,4%) және қазақстандық инвесторлардың тікелей инвестицияларының аймағы ретінде де үшінші орында [328].

Сауда-экономика саласындағы ынтымақтастық үрдісі ЖББ жүйесінде де байқалады. Шетелде оқып жатқан қазақстандықтардың саны бойынша Ресей бірінші орында. 2018 жылы Ресей Федерациясында барлығы 274 мың шетелдік студент білім алды, оның ішінде саны бойынша бірінші орында Қазақстан азаматтары, олар 24%-ға жуық, бұл шамамен 65 000-нан астам адам [329]. Басқалай айтқанда, әрбір жетінші қазақстандық талапкер ресейлік ЖОО-ның

студенті болған [330]. Яңнің [331] пайымдауынша оқитын елді таңдауда уәждемелік факторлардың қатарына: елдің беделі, географиялық жақындығы мен мәдени ерекшеліктері ықпал етеді.

Жыл сайын ресейлік ЖОО-лар қазақстандық талапкерлерді үгіттеуде белсенді жұмыс жасайды [332-334]. Ресейде демографиялық мәселелер де бар. Бұл туралы Ресей Президенті Путиннің 2018 жылы Федералдық жиналыстағы жолдауында, Ресей ЖОО-ларында оқыған шетелдік бітірушілердің Ресей азаматтығын алуы үшін жеңілдетілген жүйесін құруды ұсынған еді [31]. 2007 жылдан бастап Қазақстанда Ресей ЖОО-лары түлектерінің қауымдастықтары жұмыс істейді [335].

Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі мемлекеттік тапсырыс шеңберінде шетелде оқитындармен салыстырғанда, үлестік көрсеткіші әлдеқайда көп өз бетінше кеткендердің оқу көші-қоны мәселелерімен айналыспайды. Сондықтан да, Ресей Федерациясына кеткен «мидың жылыстауы» проблемасы шешілмеген. Осы мәселе Қазақстанда шетелде өз қаражатымен оқып жатқан қазақстандық көшіп-қонушыларды жұмысқа тартуға қатысты мемлекеттік саясаттың жоқтығымен айқындалады.


Қазақстандық студенттер үшін ресейлік ЖОО-ларын таңдауда бірқатар оң факторлар бар. Олар: оқу ақысының қазақстандық беделді ЖОО-лардан айырмашылығының жоқтығы, сырттай оқу түрінің болуы, күндізгі оқу түріне түсу кезінде жатақхана алу, грант алу мүмкіндігі, Қазақстаннан тыс жерлерде жұмысқа орналасу мүмкіндігі және одан кейінгі ассимиляция. Қазақстандық студенттердің басым бөлігі Мәскеу мен Санкт-Петербургты таңдайды. Олардан кейін Қазақстанмен шекаралас Ресей аймақтарындағы оқу орындарын таңдайды. Оның себебі, Ресейдің өңірлік ЖОО-ларының ақылы бағдарламаларының құны, Қазақстанның ең ірі қалаларында орналасқан жетекші ЖОО-лардың оқу ақысымен шамалас болуында [336].

Оқуға түсу кезінде қазақстандық талапкерлер ресейліктермен тең жағдайда. Қазақстандық ЖОО-ларда үлкен мәселе болып отырған жатақхана – күндізгі бағдарлама бойынша оқитын студенттерге бірдей беріледі. Ресейде сырттай білім беру жүйесі жұмыс істейді, Қазақстанда бұл оқу түрі 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап тоқтатылған болатын. Сондықтан сырттай оқып, жұмыс істегісі келетіндер ресейлік ЖОО-ларға түседі. Сонымен қатар, ресейлік ЖОО-ларда қашықтықтан білім беру кең таралған, ал қазақстандық ЖОО-лар іс жүзінде артта қалып отыр. Оқу түріне қарамастан ресейлік ЖОО-лар стандартты Мемлекеттік диплом береді. Онда оқу қандай формада өткендігі көрсетілмейді. Сондықтан бұл фактор да студент үшін пайдалы [337]. Жыл сайын Ресей Қазақстанның студенттеріне Ресейдің ЖОО-ларында тегін білім алуға 400 квота бөледі [338]. Сондай-ақ, білім беру гранттары үкімет аралық келісімдер аясында, ЖОО-лар арасындағы келісімдер негізінде және Ресейлік ЖОО-лардың дербес гранттары түрінде бөлініп отырады [339].

Қытай

Қазақ-қытай қарым-қатынасы ежелгі заманнан атап айтсақ, бұл елдерді тарихи және сауда-экономикалық тұрғыдан байланыстырған, екі мемлекеттің

аумағы арқылы Ұлы Жібек жолының өтуімен бастау алады. Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында қазақ диаспорасы тұрады. Қазақстанның Еуразия құрлығының ортасында географиялық орналасуы, Қытай үшін Еуропаға транзиттік дәліз болып табылады. Қытайдың тауар айналымы Ресейден кейін тұр. 2019 жылдың бірінші жарты жылдығында елдер арасындағы тауар айналымы 8 млрд. АҚШ долларын құраса, оның 4,6 млрд. доллары Қазақстанның экспортын құрайды. 2013 жылы Қытай «Бір белдеу-бір жол» атты ұсыныс жасап, осы келісімнің аясында Қазақстанда 27 млрд 608 млн доллар сомаға 55 жобаны жүзеге асыру туралы келісілді. Жалпы Қазақстанда қытай компанияларының 78 өкілдігі аккредитациядан өтті. Қазақстанда Қытай капиталының қатысуымен 3964 кәсіпорын және олардың 65 филиалы тіркелген [340]. Қазақстанда 800 қытайлық кәсіпорын ресми түрде тіркелген. Бұл Қазақстандағы шет мемлекет салымы бойынша үшінші көрсеткішті құрайды [341].



Сурет 5 - Таңдау елі бойынша қазақстандық студенттердің академиялық ұтқырлық аясында шетелге шығу ұтқырылығы (ерлер мен әйелдерді қоса алғанда), 2006-2018 жж.*

Қытай Білім министрлігінің статистикалық мәліметтері бойынша 2018 жылы қазақстандық студенттердің саны 11 784 адамды құраған (5-сурет) [342]. Бұл көрсеткіш қазақстандық студенттердің Ресейден кейін оқу елі ретінде көрші Қытайды таңдайтынын көрсетеді. 5 жылдан аз уақыт ішінде Қытайда білім алушылар саны көп алғашқы 10 елдің қатарына Қазақстан да кірді.

* Ескерту: ЮНЕСКО мен Ресейдің Білім және ғылым министрлігінің деректеріне және Қытайдың Білім министрлігі мен Чайна эдукейшн онлайн сайтының ресми деректеріне сәйкес (China Education Online, 2014)

Қазақстандық зерттеушілердің пікірінше [89, р. 512] Қытайды таңдауы кезінде қазақстандық студенттер үшін ынталандырушы факторларға: «білім деңгейінің жоғары болуы, қолайлы оқу бағасы мен Қытай университеттері бөлетін стипендиялар» жатады. Аталған тізімге Қытай компаниялары мен Қазақстандағы бизнес өкілдерінің санының ұлғайуын қосуға болады. Бұл бітіруші түлектердің әрі қарай жұмысқа орналасу мүмкіндігі және жалпы өсіп келе жатқан Қытай экономикасының әлеуеті де әсер ететінін аңғартады.

2003 жылы Қазақстан мен Қытай арасында «Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге» және қазақстандық жастарды Қытайда оқыту үшін 20 миллион юань сомасына грант бөлу туралы келісімге қол қойылды [343].

2006 жылы дипломдар мен академиялық атақтарды қоса алғанда, білім беру саласындағы құжаттарды өзара тану туралы келісімге қол қойылды [344]. 2009 жылы екі елдің үкіметтері өзара келісім бойынша 2003 жылы қол қойылған келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Атап айтқанда: білім беру жүйесі туралы ақпарат алмасу, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылармен алмасу, екі елдің мемлекеттік тілдерін оқуға және таратуға жәрдемдесу. Осылайша, егер келісімнің бірінші нұсқасында әрбір мемлекетте студенттердің жалпы саны 20 адамнан аспауы тиіс деп жазылған болса, 2009 жылы бұл сандар 100 адамға дейін ұлғайтылды [88]. Аталған нормативтік актілер мен гранттар Қазақстаннан Қытайға академиялық ұтқырлықты жандандыруға ықпал етті.

Ресей мен Қытайдың Білім саласындағы Қазақстанмен ынтымақтастығы екі жақты қарым-қатынаспен шектелмейді. Сондай-ақ, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының университеті (ШЫҰ) секілді өңірлік жобалар да бар. Ол өңірлік деңгейде білім, ғылым және технология саласын интеграциялау үдерісі мақсатында құрылған. Университеттегі басты тілдер ретінде: орыс және қытай тілдері танылған. ШЫҰ университетінің алмасу механизмі екі жақты үлгі негізінде жұмыс істейді, яғни аталған ұйымға кіретін екі елдің студенттері оқуға бара алады [345].

Жапония

Ресеймен және Қытаймен қатар Жапония да Орталық Азияда, әсіресе Қазақстанда өзінің рөлін нығайтуға күш салады [346]. Алайда, Ресей мен Қытайдың белсенділігі Жапонияның ықпалын әлсіретіп, Қазақстан 2015 жылы орта дамушы елдер тізіміне кіргеннен кейін, Жапонияның Орталық Азиядағы саясаты Қазақстаннан Өзбекстанға ауысты.

Қазақстанға қайтып келгенде жапондық ЖОО-ларда оқыған студенттер дипломды нострификациялау қажет. Қазақстан мен Жапония арасында визалық режим әрекет етеді, бұл елді таңдауда тежеуші факторлардың бірі болып саналады [347].

Жапония үшін Азия елдері арасындағы сыртқы саясатта АСЕАН құрамына кіретін елдер арасында Шығыс Азиядағы өз рөлін күшейту аса маңызды. Ал Орталық Азия елдері, оның ішінде Қазақстан АСЕАН елдерімен салыстырғанда аса маңызды рөл атқармайды. Біріншіден, Жапония мен Орталық Азия елдерінің географиялық орналасуы екіжақты қарым-қатынасты, сауда-экономикалық

байланыстарды дамыту кедергілерінің бірі болып табылады. Екіншіден, Жапония Қытай, Оңтүстік Корея және Азия сияқты Шығыс Азия елдерімен тарихи байланысы берік, ал Қазақстан ТМД-дағы көршілес елдерімен тарихи, мәдени және өзге де байланыстары мол. Жапонияның сыртқы саясатындағы азиялық бағыт ЖББ жүйесіндегі интернационалдау үдерісімен анықталады. Оған Жапония Білім министрлігінің «Re-inventing Japan» бастамасы мысал бола алады [148]. Осы бастаманы іске асыру аймақтары ретінде Шығыс Азия елдері, әсіресе Қытай, Оңтүстік Корея және басқа елдер қарастырылған болатын. Бірақ ол бағдарламаға Орталық Азия елдері кірмеген.

Жапония және Өзбекстан

Орталық Азия елдері арасында Жапония Өзбекстанмен жақсырақ ынтымақтасады. Жапонияның Сыртқы істер министрлігінің мәліметтері бойынша, 2012 жылдан бастап 2016 жылға дейін Жапония Өзбекстанға йендегі кредиттерді, қайтарымсыз гранттық көмек пен техникалық көмекті қоса алғанда жалпы сомасы 19 142 млн. йен құрайтын көмек берген. Ал Қазақстанға болса 14 380 млн. йен көмек берген [348].

Жапонияның өзбек студенттері үшін берген студенттік визаларының саны Қазақстанмен салыстырғанда 16 есе көп. Алайда студенттік виза алатын өзбекстандықтардың барлығы академиялық ұтқырлыққа жатқызылмайды. Біріншіден, өзбекстандықтардың негізгі легі жапон тілі мектебіне келіп, кейін жұмысқа орналасуға немесе жапон ЖОО-на түсулеріне байланысты келеді. Олар тілдік мектептерде оқитындықтан, бұл жоғары білімді интернационалдауға жатпайды. Екіншіден, Тейхлер [56] жіктемесіне сәйкес, мұндай студенттердің мақсаты ұтқырлықтың өзі емес, жұмысқа орналасу болып есептеледі. Сондықтан мұндай студенттерді жеке қарау керек, өйткені олардың ЖОО-ға түсер алдында тілдік мектептерде оқуы, оқу елінде тұрып жатуы және олар үшін Жапонияның білім беру жүйесі таңсық емес екендігі себеп. Өзбекстан мен Жапония арасында үкіметаралық келісім бар. Соған сәйкес жыл сайын 18 мемлекеттік қызметкер Жапония Үкіметінің өтеусіз көмек бағдарламасы бойынша JDS стипендиясын ала алады (The Project for Human Resource Development Scholarship by Japanese Grant Aid) [349] (日本国とウズベキスタン共和国との間の戦略的パートナーシップの更なる深化及び拡大に関する共同声明). Сондай-ақ, Өзбекстан азаматтарын техникалық оқыту жүйесі бойынша Жапонияға жіберу туралы да келісім бар [350]. Жалпы алғанда, Өзбекстаннан келген студенттер санын көбейту үшін білім беру жобалары бойынша көмек көрсету мәселесі 2004 жылы Премьер-министр Коидзумидің Өзбекстанға келген іс-сапары кезінде атап өтілген еді [117]. Маззарол бастаған авторлар ұжымы [351] елді таңдау кезінде уәждемелік факторлардың бірі ретінде болашақта оқитын ел туралы хабардар болу қажет деп есептейді. Өзбекстандықтар Қазақстанмен салыстырғанда Жапония туралы көбірек ақпаратқа ие. Өзбекстан Республикасы Статистика комитетінің деректеріне сәйкес, 2014 жылы Жапонияның 2423 азаматы Өзбекстанға келген, олардың ішінде 2340 адам туристік сапарда болған [352].

«Мемлекет деңгейінде серіктестік мәселесі нақтырақ талқыланып, мақсатты болған кезде ғана, бизнес, ЖББ, мәдениет пен ғылым және т.б. салаларындағы

мақсатты байланыстарды талқылауға болады. Мысалы, жапондық ЖОО-лармен серіктестікті нығайту үшін қаржы бөлінді деген күннің өзінде, егер ол ауқымды шараның бөлігі ретінде емес, бір реттік іс ғана болса, ол нәтижелі болмайды» (Сұхбат беруші «F»).

2. Қазақстанның жоғары білім беруді интернационалдаудың негізгі легі Болон үдерісіне қатысушы елдермен жүзеге асырылуда. ЮНЕСКО-ның мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан студенттерінің 90%-дан астамы Еуропа мен Солтүстік Америка елдерін таңдайды [35] Қазақстан Болон үдерісіне енгеннен кейін, бұл үдеріске кіретін елдер студенттердің ұтқырлығын іске асыру үшін барынша тиімді болды. Болон үдерісі барлық студенттерді ұтқырлыққа тартатын магнит сияқты. Болон үдерісінің жүйесіне мүшелікке кіргеннен кейін, ЖОО-да барлық оқу үдерісі келісілген ережеге сәйкес жүргізіледі, сондықтан жаңадан ештеңе ойлап табудың қажеті жоқ. Сол себепті, қазақстандық ЖОО-лар өздерінің студенттерін Болон үдерісіне енбеген, ЖББ жүйесі ерекшеленетін елдерге жібергеннен гөрі, Болон үдерісіне қосылған елдерге жіберуі оңай, әрі тиімді, сондықтан, осы елдерді көптеп таңдайды. Қазақстанның 2011 жылдан бастап кредиттерді трансферттеу мен жинақтаудың Еуропалық жүйесіне көшуіне байланысты, кредиттерді қайта есептеу немесе дипломды нострификациялау қажеттілігі туындамайды. Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық орталығының мәліметтері бойынша 2011 жылдан бастап 2019 жылға дейін барлығы 16834 адам академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде оқып келді. Олардың 58%-ы Еуропада, 23%-ы ТМД елдерінде, 16%-ы Азия елдерінде, қалғандары АҚШ-та оқыған. Академиялық ұтқырлық бойынша шетелде білім алу бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылады. 2018 жылы бюджеттен тыс қаржы есебінен оқыған студенттер жалпы 1826 адамды құрады. Бұл өз кезегінде бюджетт есебінен оқығандармен салыстырғанда 3 есе көп. Олардың 46%-ы өз қаражаты есебінен оқыған, ал 34%-ы ТМД елдерінде білім алған. Мемлекеттік бюджет есебінен оқыған студенттер 621 адамды құраған, олардың 96%-ы Еуропа елдерінде және 6%-ы Азия елдерінде білім алған.

Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастықты, сондай-ақ Орталық Азия елдері арасындағы өңірлік ынтымақтастықты кеңейту үшін өңірдегі білім беру реформаларын нығайту мақсатында Орталық Азия үшін Еуропалық білім беру бастамасы шеңберінде «Орталық Азия білім беру платформасы» (Central Asia Education Platform (CAEP) жобасы құрылды. Жоба 2012 жылдан бастап 2019 жылға дейін жүзеге асырылды, тараптардың қажеттіліктерін талдаудан және бағдарлама стратегиясын қайта қараудан кейін 2020 жылдың ортасында жобаны жалғастыру күтілуде [44]. Жалпы алғанда, Болон үдерісіне кіретін елдерден Жапонияға алмасу бағдарламалары бойынша келетін студенттердің саны өте аз. Негізінен бұл елдер студенттермен өзара алмасады. Жыл сайын Жапонияға 3,5 млн. студент келеді. Олардың 83%-ы Азиядан және тек 4%-ы Орталық Азия елдерінен шыққан студенттерді қамтиды [39].

3. Қазақстан мен Жапонияның арасында ақпарат тапшылығы екі елдің халқының бірін-бірі жақын тануға және ЖББ саласында серіктестікті дамытуға тосқауыл болып отыр. Жалпы жапондықтар арасында Қазақстанның атын естігенімен қандай ел екенін білмейтін адамдар көп, сол себепті Қазақстанға келем деуші студенттердің саны да аз. Оған қоса, қазақстандық университеттердің басым көпшілігіне тән мәселе - жапон тілін былай қойғанда ағылшын тіліндегі ақпараттандырудың әлсіздігі. Нақтырақ айтқанда, жалпы университет сайтында қазақ не орыс тілінде берілген ақпараттың дәл сол күйінде ағылшын не шет тілінде беруілеуі. Бұл шетелдік оқытушылар мен студенттерді тартуға кедергі болатын үлкен тосқауыл. Дәл сол сияқты, жапондық оқу бағдарламалары мен гранттары жайлы ақпарат та қазақстандық қоғамда аз жарияланады. Көбіне Жапонияның елшілігі мен Қазақ-жапон адам ресурстарын дамыту орталығының сайттары мен әлеуметтік желілеріндегі парақшаларындағы ақпарат пен жекелеген факультеттердің сайтындағы мәліметтермен шектеліп қалады. Жапонияға қатысты ақпарат тапшылығы қазақстандық кітап дүкендерінде де байқалады. Мамандардың айтуынша кітап дүкендерінде «жапон тілі оқулықтары корей тіліндегі оқулықтардың ¼ бөлігін, ал қытай тілі оқулықтарының ½ бөлігін құрайды» (Сұхбат беруші «Л»)

4. Қазақстандық ЖОО-лардың ішінде жапон тілін үйрететін оқу орындары қазіргі таңда үш университетпен шектеулі. Дәл сол сияқты, Жапонияда да Қазақстанды зерттейтін орталықтар негізінен үш-төрт университетпен шектеулі. Мұның себебі, жалпы қазақстандық ізденушілердің ішінде Жапонияны зерттейтін мамандардың, ал жапондық университеттерде Қазақстанды зерттейтін ғалымдардың аздығымен айқындалады. Жалпы, университет аралық байланыс адам мен адамның байланысы негізінде дамиды, сол себепті оқытушы-профессорлар арасындағы байланыс маңызды. Қазақстанды немесе Жапонияны зерттеуші жапондық және қазақстандық оқытушы-профессорлардың саны аз болғандықтан, олардың атқаратын жұмыстары да көп. «Зерттеушілер аз болғандықтан, бір адам болса бар жұмысты сол жасайды. Арнайы курстар, бағдарламалар бар деген күннің өзінде екі немесе үш адам айналысатындықтан, ол да бір мәселе» («Сұхбат беруші «К»). Қазақстандық оқытушы-профессорлардың жүктемесі де өте үлкен, сабақ беріп, қоғамдық жұмыстарды орындай отырып, толыққанды зерттеумен айналысуы қиын. Сонымен қатар, зерттеулерге бөлінетін қаржы көлемі де шектеулі. Сол себепті қазақстандық оқытушылар шетелдік гранттарға ұсыныс беріп жатады.

ҚазҰУ сияқты оншақты жылдардан бері Қазақстанға қызығушылық танытып келген жапондық мамандармен байланыстарын нығайтып келген оқытушы-профессорлар жұмыс істеп жатқан ЖОО-лар үшін серіктестікті дамыту жеңіл. Алайда, осыған дейін жапондық мамандармен байланыс орнатпаған, бірлесіп жұмыс істемеген қазақстандық университеттер үшін қиындық туғызатын тұстары бар. Себебі жапондармен жұмыс істеу үшін мәдени ерекшеліктерді түсіну маңызды. Жапония арал мемлекет болғандықтан, жапондар бейтаныс адамдармен байланысқа бірден бара бермейді. Сондықтан,

байланыс орнатқан қазақстандық мамандар, университеттер арқылы немесе солармен кеңесе отырып жұмыс жасау, танысу бір нәтижеге алып келуі мүмкін.

Екі елдің оқытушылары мен зерттеушілеріне қатысты ортақ мәселе – тілдік фактор. Қазақстанға келіп зерттеу жүргізу үшін қазақ немесе орыс тілін, көп жағдайда екеуін де білу керек. Сол себепті ізденушілер мен студенттер Жапонияда осы тілдерді оқып келуі қажет немесе Қазақстанға келіп бір жылдай тіл үйренуге мәжбүр. Токио шет тілдер университеті сияқты Орталық Азия мен Қазақстанға маманданған орталықтары бар университеттердің студенттері, мамандары үшін салыстырмалы түрде бұл оңайырақ болуы мүмкін. Алайда, өзге мамандық иелері үшін бұл қосымша уақыт пен қаржыны талап ететін мәселе. Жапонияда ағылшын тілінде магистратура, докторантура бағдарламалары бар болғанмен, өмір сүру үшін белгілі бір дәрежеде жапон тілін білу маңызды, себебі бұл салыстырмалы түрде моно қоғам.

Тіл мәселесін қозғағанда ағылшын тілінің ықпалы да ескерілуі қажет. Қазақстан мен Жапония ағылшын тілінде сөйлейтін ел емес және студенттердің осы тілді меңгеру деңгейі де жоғары емес [100; 353]. Екі елдің үкіметтері ағылшын тілін дамыту үшін түрлі мемлекеттік бағдарламаларды қабылдап жатқанымен, әліде болса бұл мәселе өзекті болып келеді [353, р. 221]. Қазақстандық ЖОО-ларда ағылшын тілінде өткізілетін пәндер бар дегенмен, олар қажетті кредит санын жинауға жеткіліксіз, әрі факультеттерге байланысты шашыраңқы орналасқан және тұрақты емес. Жапондық ЖОО-ларда да осыған ұқсас мәселе туындап отыр: жалпы жапондық университеттер ағылшын тілінде курстар ұсынады дегенмен, шын мәнінде жапондық оқытушылардың барлығы бірдей ағылшын тілін жетік меңгермеген. Осыған байланысты соңғы кезде ағылшын тіліне ғана емес, шетелдік студенттерге арналған жапон тіліндегі курстардың санын арттыру мәселесі де талқылануда.

5. Қазақстандық және жапондық ЖББ жүйелерінің өзіндік айырмашылықтары бар. Бірінші мәселе – оқу жылының басталуы мен аяқталу кезеңі. Қазақстанда оқу жылының бірінші семестрі қыркүйекте басталып, қаңтарда бітсе, – Жапонияда қазанда басталып, наурызда бітеді. Ал, көктемгі семестр Қазақстанда ақпанда басталып, мамырда бітсе, Жапонияда сәуірде басталып, шілдеде бітеді. Бір семестрге алмасумен баратын студенттер үшін бұл ыңғайсыздықтар туындатады, себебі еліне ораламын дегенше емтихан кезеңі өтіп кетеді. Мұнда әсіресе көктемгі семестр кезеңінде үлкен айырмашылық бар. Бұл мәселенің шешімін тауып жатқан қазақстандық университеттер де бар, дегенмен көпшілік ЖОО-лар үшін оқу мерзіміндегі айырмашылық қиындық туғызып отыр. Бір жағынан бұл мәселе тек Қазақстан мен Жапония арасындағы алмасуларда ғана емес, жалпы жапондық және шетелдік серіктес университеттер арасында қиындықтар туғызып отырған проблема. Мұның шешімі ретінде Жапония үкіметі бастыстық үлгі бойынша оқу семестрлерінің басталу және біту мерзімін ауыстыру мәселесін қарастыруда [354].

Екінші мәселе – қазақстандық студенттердің шетелде білім алуға деген талпынысы жоғары болғанмен, жапондық студенттер соңғы он жыл ішінде шетелге білім алуға онша талпынбайды. Бұл екі қоғамдағы өзгерістердің ЖББ

жүйесіндегі көрінісі деп айтуға да болады. Қазақстандық жастар үшін шетелде білім алу болашақта жақсы жұмысқа орналасудың, дамудың мүмкіндігі болып саналады. Алайда Жапонияда мемлекет деңгейінде экономикалық және өзге де проблемалардың салдарынан басты назар сыртқы мәселелерден, ішке ауысқан. Бұл, жекелеген адамдар деңгейінде де байқалады, қазір жапондық студенттердің қаржылық және өзге де мәселелерге байланысты шетелде білім алуға деген қызығушылығының төмендеуі жайлы ЖББ жүйесінің мамандары дабыл қағып жатыр [169]. Бұған 2020 жылы басталған коронавирусқа байланысты бүкіләлемдік пандемияның әсері де қосылды. Мысал ретінде, қазақ тілі курстарын өткізетін Токио шет тілдер университетіне 2020 жылы түсушілердің сананың азайғандығын атап өтуге болады. Жалпы елімізге келетін жапондық мамандар мен студенттердің басым бөлігі осы университеттен екендігін айтқан болатынбыз, сондықтан TUFС-тың студенттерінің азаюы экономикалық жағдайдан өзге, қазақ тілін қоса алғанда жалпы шет тілдерді үйренуге, халықаралық қатынастарға деген қызығушылықтың азаюының көрінісі болуы да ықтимал [355].

Үшінші мәселе – қазақстандық және жапондық университеттердің бағдарламаларының айырмашылығының көптігі. Мысалы, «қазақстандық университеттерде пәндердің атауы кем, жапондар жағы жалпы ала салады...жалпы пәндердің атауы мен мазмұны сәйкес келмейді» (Сұхбат беруші «Ә»). Сұхбат барысында пәндер мен мамандықтардағы айырмашылық бірқатар мамандарды алаңдататын мәселе екені аңғарылды.

6. Үшінші тараудың екінші параграфында келтірілгендей, жалпы студенттерге арналған қазақстандық және жапондық бағдарламалар санаулы болса да бар. Алайда, оқытушыларға арналған бағдарламалар Жапон қорының жапон тілі мамандарының біліктілігін арттыру курстарымен шектеліп отыр. Университет аралық келісімшарттарда оқытушы-профессорлардың зерттеу мақсатымен серіктес ЖОО-ларға баруы қарастырылғанмен, оның қаржылай шығындарын мамандардың өздері көтеруі тиіс. Студенттермен алмасу бағдарламалары сияқты оқытушылармен алмасу, оны қаржыландыру қарастырылмаған.

7. Жапонтанушы мамандарға ортақ мәселелердің бірі – оқудан кейін жұмысқа тұру мәселесі. Жалпы Қазақстанда жұмыс істейтін жапондық 77 компания ғана тіркелген, бұл қытайлық және корейлік компаниялармен салыстырғанда өте аз.

8. Қазақстан студенттері арасында Жапонияның танымалдығының төмен болуы, студенттердің таңдауына әсер ететін факторлардың аздығы. Алдыңғы зерттеулерде [59-60] пайдаланылған студенттердің шешіміне әсер ететін уәждемелер мен факторларын анықтауда қолданылатын гипотетикалық (болжамдық) әдіске жүгіне отырып, қазақстандық студенттердің жағдайында қолдануға болатын факторларды эмпирикалық әдістің көмегінсіз анықтадық. Болжамдық әдіспен таңдалған ынталандырушы (pull) факторлардың қатарына қаржылық шығындар, қаржылай көмек немесе шәкіртақылар, ЖОО-ң сапасы,

жеке адамдардың ұсыныстары немесе ақыл-кеңестері, қоршаған орта мен географиялық тұрғыдан жақын ораналасуы жатады.

Шешім қабылдауда ең маңызды ынталандырушы факторлардың бірі – қаржылық шығындар, соның ішінде пәтер жалдауға, жол жүру кететін шығындар, оқу ақысы, және басқалары [356-359]. Бұл тұста Жапония қазақ студенттері үшін қымбат мемлекет. Екі елдің өмір сүру деңгейлеріндегі айырмашылыққа тоқталар болсақ, Қазақстан жан басына шаққанда ЖІӨ-і 26 300 АҚШ долларын құрайтын орта дамыған ел болғанымен [360], 2017 жылғы деректер бойынша орта табыс 144000 теңгені (шамамен 435,6 АҚШ доллары) құраған. Дегенмен, жұмыскерлердің төрттен үшке жуығының табысы осы аталған орта айлық көрсеткішіне жетпеген [361]. Сондықтан, халықтың шамамен төрттен үш бөлігі, ЖІӨ-і 42800 АҚШ долларын құрайтын [360] Жапония сияқты дамыған елде өз қаржысына білім алуға мүмкіндіктері жоқ.

Жапониямен салыстырғанда, Ресейлік ЖОО қазақстандық студенттер үшін ұтымды жақтары көбірек, мысалы: оқу ақысы алдыңғы қатарлы қазақстандық ЖОО-дан аса қымбат емес, сонымен қоса оқу ақысына қатысты жеңілдіктер алу немесе университеттер тарапынан қолдауға ие болу мүмкіндіктері мол.

Шешім қабылдауда маңызды екінші фактор қаржылай көмек немесе шәкіртақылар саны [60; 361-363]. Жапонияда білім алған қазақстандық студенттердің басым бөлігі Қазақстан немесе Жапония үкіметінің гранттарына ие болғандықтан, шәкіртақы алу студенттер үшін шешуші факторлардың бірі деген тұжырымға келеміз. МЕХТ сияқты жапондық мемлекеттік бағдарламалар бойынша бөлінетін шәкіртақы саны да шектеулі және талаптары жоғары. Мұның бір себебі жапондық ЖОО-лардың тек білімі жоғары студенттерді ғана қабылдағысы келетіндігімен түсіндіріледі. Жапонияда оқуға кететін шығындарын өз қалтасынан төлеуге санаулы ғана студенттің мүмкіндігі бар.

Жалпы жапон тіліне маманданушы студенттерге бөлінетін гранттар саны да қытай және корей тілдерімен салыстырғанда аз.

Үшінші фактор – оқу туралы шешім қабылғанға дейін студенттердің жақын адамдар тобынан немесе қандай да бір компаниядан алған жеке ұсыныстар әсер етеді. Жалпы, 1991 жылдан бастап 2019 жылға дейін аздаған қазақстандықтардың ғана Жапонияда білім алған. Бұл пікірімізге Болашақ бағдарламасының мағұлматтары мен жапон статистикалық агенттігінің ақпараттары дәлел. Сондықтан, қазақстандықтардың көп бөлігі өздерінің жақындарына Жапонияда оқуға кеңес бере алмайды. Сондай-ақ, Қазақстанда Жапонияда оқытуды насихаттаумен айналысатын компаниялар аз. Бұл соңғы жылдары Жапонияда шетелдік жұмыс күшін тартуды жандандыруға байланысты ғана басталды.

Төртінші фактор – қоршаған орта, басқаша айтқанда қоғам мен мәдениет, климат, қабылдаушы елдегі қауіпсіздік, т.б. Уилкинс [364], Яң [331] сияқты бірқатар зерттеушілердің пайымдауынша, бұл фактордың ықпалы зор. Жапония қылмыс деңгейі бойынша әлемдегі ең төмен, ең қауіпсіз елдердің бірі болып саналғанымен, екі мемлекет арасындағы мәдениет және туризм салаларындағы байлыныстар нашар дамыған. Жапонияның статистикалық агенттігінің

деректеріне сәйкес [366], 2017, 2018 және 2019 жылдары елімізден Жапонияға туризм мақсатында барған отандастарымыздың саны сәйкесінше небәрі 35, 53 және 85 адам болған.

Бесінші фактор – географиялық жақын орналасуы болып табылады. Жапония Қазақстаннан қашық орналасқан, Еуропа елдерімен арақашықтық шамамен 4000-5000 шақырым болса, Жапонияға дейін 6000 шақырымға жуық болады. Оған қоса, 2019 жылға дейін Қазақстан мен Жапония арасында тікелей әуе қатынасы болған жоқ, сондықтан әуе билеттерінің де бағасы қымбат. Ал, көрші мемлекеттер мен Болон жүйесіне кіретін Еуропа елдеріне ұшатын ұшақтардың саны да көбірек, бағасы да салыстырмалы түрде арзан. Қозғалыстағы бұл ыңғайсыздықтар қосымша кедергілер тудырады. Бұл тұрғыдан алғанда, ТМД, Қытай және Еуропа елдері қазақстандық студенттер үшін ыңғайлы болып тұр.

Жоғарыда аталған және өзге де мәселелерді ескере отырып, екі ел арасындағы ЖББ саласындағы байланыс жуық арада үлкен өзгерістерге ұшырайды, күрт өзгереді деп айту қиын. ЖББ саласындағы серіктестік қалай дегенде де мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық жағдайымен байланысты болатындықтан, серіктестік мәселесіндегі күрделі өзгерістердің орын алуы, көп көлемде қаржының бөлінуін талап етеді. Дегенмен, мамандардың пайымдауынша, алдағы жиырма-отыз жыл ішінде бүкіл әлемде IT саласына деген қызығушылық пен сұраныстың артуына байланысты, Жапонияда білім алуға ниет білдіретін студенттердің саны да артады деген болжам бар. Сондықтан, қазір орын алып отырған біржақты байланыс, яғни, қазақстандық жастардың Жапонияға ұмтылысы арта түспек. Ал, жапондық жастар мен мамандарды Қазақстанға тарту үшін және серіктестікті дамыту үшін бірқатар шараларды қолға алу маңызды.

1. Ең тиімді әдіс ретінде мемлекет деңгейінде екі ел арасындағы саясат, экономика, мәдениет, жоғары білім және т.б. салаларындағы байланыстарды жаңа деңгейге көтеруге бағытталған кешенді бағдарламалардың қабылдануы үлкен серпін бермек. Себебі, ЖББ саласындағы серіктестік бірлескен зерттеу жұмыстарымен, студенттердің болашақтағы жұмысқа тұруымен тығыз байланысты.

2. Оқытушы-професорлардың алмасу бағдарламаларына, шетелдік ғалымдармен бірлескен зерттеу жұмыстарына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі тиіс. Жалпы Қазақстандағы ЖББ мен ғылымға бөлінетін қаржы көлемін ұлғайту қажет.

3. Мейілінше екі елде ақпараттандыру мен жарнаманы қолға алу маңызды. Ақпараттандыруды түрлі деңгейлерде жүргізуге болады, мысалы, алмасумен барып жатқан студенттер арқылы неғұрлым жапондық студенттер арасында Қазақстан жайлы ақпараттарды таратып, жапондық студенттермен тығыз араласуын үгіттеу, жапондық университеттерде ұйымдастырылатын шетелде оқу көрмелеріне қатысу, т.б. Бұл әдіс ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс факультеті оқытушылары тарапынан қолға алынып отыр. Осындай әдіспен өзге факультеттер мен университеттер өздерін таныта алады. Негізі қазақстандық

студенттер жапондық студенттермен араласып, елімізге оқуға шақыратын болса: «онда (жапондық студенттерде) ішкі сенім пайда болады, содан барсам барып көрейін деген ниет пайда болады» (Сұхбат беруші «И»). Себебі жоғарыда атап өткеніміздей, жапондық мәдениетке бейтаныс адамдардан гөрі, сенімді, таныс адамдармен араласу тән. Одан өзге қазақстандық ЖОО-лардың сайттарында жапон тілінде болмаса да ағылшын тіліндегі жүйелі түрдегі, толыққанды ақпараттандыруды қолға алу маңызды.

Жарнама жасауда қазақтың ұлттық тағамдары арқылы елге тарту да өте тиімді әдіс. Жалпы жапондардың мәдениетінде дәмді тағамға деген қызығушылық ерекше, ас дайындаудың өзі бір өнер.

Соңғы жылдары жапондық ЖОО-лар студенттер санының тапшылығынан шетелдік студенттерге көптеген жеңілдіктер ұсынады, соның мысалы ретінде Рицумейкан Азия Тынық мұхиты университетін атап өтсек болады. Кейбір жапондық университеттердегі оқу ақысы Қазақстанның ірі мегаполистерінде орналасқан жетекші университеттердің оқу ақысынан айырмашылығы көп емес. Ал, күнделікті тұрмысқа қажетті шығындарын өтеу үшін қазақстандық студенттер Жапониядағы көптеген шетелдік студенттер сияқты қосымша жұмыс істеулеріне толық мүмкіндік бар

4. Бүкіләлемдік пандемияның салдарынан білім алу онлайн жүйеге ауысты. Сол сияқты серіктес қазақстандық және жапондық университеттер арасындағы студенттермен алмасу бағдарламалары да біраз бөлігі онлайнға ауысты. Қазіргі таңда ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде Васэда университеті, Цукуба университетімен студенттермен онлайн кездесулер ұйымдастырылуда. Бұл шаралар жапондық студенттердің Қазақстанға деген қызығушылын тудырудың алғашқы қадамы. Шығыстану факультетінің үлгісі негізінде өзге факультеттер мен университеттер де онлайн кездесулерді ұйымдастырса, жаңа байланыстардың пайда болуына себеп болады.

Бұдан өзге, 2020 жылдың күзінен бері Цукубаның ағылшын тілінде онлайн өткізілетін курстарына ҚазҰУ-дың студенттері тегін қатысып, дәріс алу мүмкіндігіне ие болып отыр. Кредит ретінде есептелетіндіктен бұл студенттер үшін де, оқытушылар үшін де тиімді. Осындай курстарды көбейту Цукуба мен ҚазҰУ арасында жоспарланып, қазіргі кезде дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мұндай курстар болашақта үлкен мүмкіндіктерге жол ашары сөзсіз. Цукуба университетімен серіктес Қазақстанның өзге университеттері де осындай шараларға қатысу жайлы өтініш білдіріп, қолға алса, екіжақты серіктестік нығая түспек. Бұл ақпараттандырудың да біршама тиімді жолы болмақ. Қазақстандық ЖОО-лар да онлайн курстарды дайындап, жапондық студенттердің қатысуына мүмкіндік жасаса, ұнатқан студенттердің ішінен болашақта офлайн Қазақстанда білім алуға ниет білдіретіндердің көбеюі ықтимал.

5. Жалпы Қазақстанға жапондық студенттер қазақ және орыс тілдерін оқуға келетіндігін атап өткен болатынбыз. Оған қоса, жапондық жастардың шетелге ұзақ мерзімді оқуға баруға деген ниеттерінің төмендегені де басты мәселелердің бірі болып есептеледі. Соның шешімі ретінде қазақстандық университеттер

қысқа мерзімді орыс тілінің қысқы және көктемгі курстарын ұсына алады. Бұл әдіс ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс кафедрасының оқытушыларымен қолға алынып, нәтижесін беріп келеді. Соның арқасында, соңғы бес жылда келуші жапондық студенттердің саны артқан. Тек мұнда қазақ және орыс тілі курстарын ұйымдастырғанда, сол курстың ағылшын не сол оқитын тілде берілуі маңызды екенін ескеру қажет. Кей шетелдік мамандардың арасында қазақ тілінің дайындық курстарына барғанмен, сабақ «орыс тілінде түсіндірілетін болып, ... қазақ тілін мүлдем үйрене алмай, орыс тілі мен ағылшын тілінің деңгейін көтеріп қайттым» деген жағдацлар да кездеседі (Сұхбат беруші «И»). Сондықтан жалпы шетелік студенттерге арналған бағдарламаларды дайындау барысында жағдайды егжей-тегжейлі анықтап, жете дайындық жасау қажет.

6. Қазақстандық ЖОО-лардың базасы негізінде Орталық Азия елдерін және Қытайдың Орталық Азия елдеріне ықпалын, «Бір белдеу – бір жол» саясаты аясында бірлескен халықаралық зерттеу бағдарламасын жасауға болады. Осындай жолмен, Тәжікстан, Түркменстан сияқты өзге елдерге Орталық Азия елдерін зерттеп жүрген ізденушілерді тарту мүмкіндігі артады. Себебі, салыстырмалы түрде алғанда Қазақстанда өмір сүру қолайлырақ, қауіпсіз және көрші елдерге барып-келу мүмкіндігі де көбірек.

3.3.2 Жоғары білім беру саласындағы екіжақты байланыстардың болашағы

Қазақстан экономикасы минералды шикізат пен жанармайдың экспортына негізделген мемлекет болғандықтан, технологиялар өндірісіне инвестициялар тарту мәселесі аса маңызды болғанымен, әлі де болса ақсап тұр. Жапония табиғи байлығы жоқ ел, сондықтан ең алдымен инновациялық жобаларды орындауда, энергетика мен табиғи ресурстарды игеру саласында бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктері мол. Қазақстан үшін дамуды қажет ететін басым бағыттардың қатарына нанотехнология, биотехнология, ядролық технологиялар мен жасыл энергетика, ақпараттық және ғарыштық технологиялар сияқты жаңа ғылымдар жатады. Осылардың ішінде әсіресе ғарышты игеру бойынша екі мемлекет арасында бірлескен жобалар орындалып, оң нәтижелерін беріп келеді. Мәселен, лазерлік сәулені қолданатын оптикалық байланысты зерттеу бойынша 2005 жылы тамыз айында Байқоңыр ғарыш айлағынан «Кирари» (OICETS) спутниктік байланысы тәжірибелік мақсатта ұшырылды [367]. Сонымен бірге «Реймэй» (INDEX) өнімділігі жоғары шағын ғылыми жер серігі бірге аттандырылды. Жер серіктерін дайындау және дамыту көп қаржы мен уақытты талап ететіндіктен, «Реймэй» (INDEX) жобасы заманауи спутниктік технологияларды сатып алу және аз қаржы жұмсау арқылы шағын көлемді ғарыштық бақылаулар жүргізу мақсатында жүзеге асырылды [368].

Екі мемлекет бейбіт мақсаттардағы ғылыми-зерттеу жобалары бойынша да бірлескен жұмыс жасап келе жатқандығын айтқан болатынбыз, оның айғағы ретінде Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың (ХҒТО ағылшынша ISTC) жұмысын атауға болады. ХҒТО 1994 жылы наурызда Жапонияда бұрынғы Кеңес Одағы елдерінде жаппай қырып-жою қаруын жасаумен айналысатын зерттеушілер мен инженерлер қатысқан

бейбіт ғылыми-зерттеу жобасын қолдау мақсатында құрылған. Бұл АҚШ, ЕО және Ресей сияқты алып елдердің құрған халықаралық ұйымы. 2015 жылдың шілдесінде ұйым құрамынан Ресейдің шығарылуымен ХҒТО штаб-пәтері Мәскеуден Қазақстанға көшті. Желтоқсан айында Жапония, АҚШ, ЕО және Еуропалық атом қуаты қауымдастығы, Норвегия, Оңтүстік Корея, Қазақстан, Армения, Қырғызстан, Грузия және Тәжікстан «ХҒТО жалғастыру туралы келісімге» қол қойып, 2017 жылы ол күшіне енді. Бұл шара ғылым және білім саласындағы жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Мысалы, жоғары температуралы газ реакторларының қауіпсіздігі саласындағы зерттеулер бойынша Жапонияның атом энергиясы агенттігі Қазақстан ядролық технологияларының қауіпсіздігі орталығымен және ҚазҰУ-мен ғылыми-зерттеу саласындағы ынтымақтастық және мамандармен алмасу, дайындау туралы, Қазақстан ұлттық атом энергиясы орталығымен жобалау және зерттеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасады [369].

Жапония биотехнологияның дамуы бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орында. Жапонияның фармацевтика өндірісіндегі ҒЗТКЖ-ға бөлінетін жалпы сомманың 5% ғана гендік инженерияға жұмсалады және шамамен 120 кәсіпорыны дәрі-дәрмек жасауда өз технологияларын пайдаланады. Ал, Қазақстанда бұл сала әлі қажетті дәрежеде дамымағандықтан, биотехнология өнімдерінің басым бөлігі импортталады. Елімізде бұл сала негізінен жекеленген препараттар, спирт және сүт өнімдерінен жасалатын биоөнімдермен шектелген [370].

Қазақстан жуық арада биотехнология саласы бойынша жетекші елдердің деңгейіне жетуі қиын. Бұл мәселенің шешу жолдары ретінде бірнеше әдісті қарастыруға болады, соның бірі – өндірісте қолданылып жатқан алдыңғы технологияларды сатып алып, еліміздің өндіріс орындарына енгізу. Бұл индустрияландыруды жеделдетіп, тезірек нәтижеге жетуге көмектеседі. Сондықтан, Қазақстан үшін жапондық технологияларды ендіру, солардың дайын үлгілерін пайдалану әлдеқайда тиімдірек. Жапондық технологияларды Қазақстанның қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып ендіру жолында еңбек ететін мамандарды дайындау, бірлескен жобалар жасау, олардан нәтиже шығару екіжақты ынтымақтастық пен ЖББ және зерттеу ұйымдары үшін ең оңтайлы шешім болмақ.

Екі елдің серіктестігінің болашағы зор басқа салаларға нанотехнологиялар мен ІТ технологиялар жатады. АҚШ, Германия және Оңтүстік Кореямен қатар Жапония нанотехнологиялардың патенттер саны бойынша әлемде төртінші орында тұр [371]. Әрине Қазақстан нанотехнологиялар саласын басым бағыттардың бірі ретінде белгілеп, қаржы бөліп келеді және осы салада еңбек етіп жатқан мамандарымыз да бар. Дегенмен, озық елдердің қатарына жету үшін қазіргі жетістіктер жеткіліксіз. Сондықтан, бірлескен жобалар жасау үшін ЖББ орындары арасындағы байланыстың бекем болуы маңызды.

Жапония жоғары урбандалған мемлекет. Бұл үрдіс қазіргі таңда Қазақстанда да орын алып жатыр. Соған орай туындап отырған басты мәселелердің бірі – қала тазалығы мен қоқысты өңдеу. Қоқысты өңдеу және

пайдаға асыру бойынша мамандарды дайындау қоқыс мәселесінің тиімді шешілуіне үлесін қосар еді.

Гуманитарлық ғылымдар саласында да жапондық ЖББ жүйесі мен зерттеушілерінен үйренерлік тұстары мол. Солардың біріне жапон тілі мен мәдениеті мысалында қазақ тілі мен мәдениетін танымал ету әдістерін үйрену. Оған қоса, қазақ тілінің шетеліктерге үйрету әдіснамасын жапондық үлгіде қайта дайындау.

Екіжақты қарым-қатынастың қазіргі жайы мен мүмкіндіктерін талдай келе, серіктестік бойынша нақты бағдарламаның жоқтығы, сол себепті басым бағыттар, орындалуы тиіс жобалар мен олардың уақытының айқындалмағаны байқалады. Бұл өз кезегінде университеттер арасындағы байланыстардың әлсіздігіне, барлық мүмкіндіктерін толықтай қолдана алмай отырғандығына, инновациялық жобалардың жүзеге асырылу деңгейінің төмендігіне әсер етеді. Қазақстан мен Жапонияның арасындағы дипломатиялық байланыстар орнатылғанымен, ғылым және білім, оның ішінде ЖОО арасындағы серіктестіктің жалпы стратегиясының бекітілмегені, сондықтан университеттер арасындағы байланыстың бір жүйеге келтірілмегені аңғарылады. Болашақтағы серіктестікті дамытып, әрі қарай жандандыру үшін келесі мәселелерге назар аудару қажет:

- Екі ел арасындағы байланыстардағы ЖББ саласындағы серіктестіктің рөлін айқындап, концепциясын жасап, оны заңнамалық тұрғыдан мемлекетаралық келісімшарттармен және өзге де құжаттармен бекіту;
- ЖББ саласындағы серіктестік мәселесімен қатар экономикалық, саяси және өзге де байланыстарды нығайтуға бағытталған кешенді бағдарлама даярлау, жүзеге асыру;
- ЖББ саласындағы серіктестіктің басым бағыттарын анықтап, олардың бірлесе орындалуын мемлекет тарапынан бақылауға алу;
- Қазақстан үшін басым бағыттар бойынша мамандарды бірлесе дайындауға көңіл бөлу, осы тұста жапондық ЖОО-лардың тәжірибесінен үйрену;
- Екіжақты серіктестікті жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді талқылап, шешу жолдарын ұсынатын оқытушы-профессорлардың, мамандардың дөңгелек үстелдерін ұйымдастырып, оған ЖОО-лар мен мемлекеттік және өзге де ұйымдардан тұрақты қатысушыларды бекіту. Осындай дөңгелек үстелдерде ақпараттандыру мәселесі, онлайн оқулар, оқытушыларға қолдау көрсету, жапондық студенттерге арнайы бағдарламалар дайындау, серіктестікке өзге де қазақстандық және жапондық ЖОО-ларды тарту, бірлескен зерттеу топтарын құру сияқты өзекті мәселелерді күн тәртібіне қою.
- Қазақстан үшін басым бағыттар бойынша бірлескен қазақ-жапон оқу орындарын ашу. Бұл тұста Жапонияның да, Қазақстанның да тәжірибесі мол. Жапонияның дамушы мемлекеттермен бірлесе ашқан мемлекетаралық университеттер жайында екінші тарауда бірнеше мысал келтірген болатынбыз. Сол сияқты, Қазақстан да Ұлыбритания, Германия сияқты алдыңғы қатарлы елдермен бірлесе ашқан ЖОО баршылық.

Жоғарыда аталған және өзге де салалар бойынша Қазақстан мен Жапонияның ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері мол екенін атап өткен болатынбыз. Дегенмен, оларды жүзеге асыруда ең бірінші кезекте мамандар қажет. Адам ресурстарын дамыту үшін ЖББ саласындағы серіктестікті жандандыру қашан да өзекті мәселелердің бірі бола бермек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру саласындағы серіктестік мемлекеттер арасындағы достық қатынастардың орнап, дамуында, өзге елдерге қатысты көзқарастың қалыптасуында маңызды рөл ойнайтындығына қарамастан, жүргізілген зерттеу нәтижесінде Қазақстан мен Жапония қарым-қатынасында ЖББ саласындағы серіктестігіне зерттеушілер тарапынан қажетті көңілдің бөлінбей отырғандығы анықталды.

ЖББ саласындағы серіктестікті дамыту, студенттер мен профессор-оқытушылардың академиялық ұтқырлығын арттыру білім сапасын арттыруға, экономика, сауда-саттық сияқты өзге салалардағы ынтымақтастық пен байланыстардың нығаюына әсерін тигізеді. Тілді меңгеру, мәдениетті ұғыну адамдардың өзара түсіністігінің тереңдеуіне, бірлесіп жұмыс жасауына септігін тигізеді, ал бұл шағын және орта қазақ-жапон бизнесінің дамуына, өндіріс және технологиялар секторында тәжірибе алмасуға және екі мемлекетке пайдалы өзге де серіктестік жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Осы зерттеу жұмысында Қазақстан мен Жапонияның ЖББ саласындағы серіктестігі интернационалдану үдерісі аясында қарастырылды, себебі екі мемлекет басшылығымен аталмыш үрдістің қолға алынуы, ЖОО-лардың бұл үдеріске белсенді қатысуы ЖББ саласындағы байланыстардың нығаюына себеп болды.

Жалпы, Қазақстанда ЖББ-ның интернационалдануын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең тәуелсіздікті алған жылдан бастап 90-шы жылдардың басын қамтиды және аталмыш үдерістің Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-тың бастамасы бойынша жүзеге асырылуымен, қатысушы адамдар санының аздығымен ерекшеленеді. Екінші кезең, «Болашақ» халықаралық бағдарламасының ашылуымен басталып және интернационалдаудың бастамашысы Қазақстан Республикасы болуымен ерекшеленді. Үшінші кезең Боллон үдерісіне енумен, Назарбаев университетін ашу арқылы студенттерді шет елге жіберуден бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау орталығын елде құрумен, сонымен қатар, мемлекеттік бюджет есебінен академиялық ұтқырлықты жандандыруда ерекше белсенділік танытумен сипатталады.

Жапонияда интернационалдану термині алғаш рет 1970 жылдары пайда болып, 1980 жылдардан бастап кеңінен таралды. Академиялық ұтқырлық бойынша келетін шетелдік студенттер санын арттыруды көздеген алғашқы қадам – 1983 жылы жарияланған «100 000 шетелдік студентті қабылдау жайлы жоба» болады. Осы жобадан кейін, Жапония үкіметі кезең-кезеңімен оншақты интернационалдау жобаларын қабылдап, жүзеге асырды, оның ішінде «Global 30», «Re-inventing Japan», «TGUP» және басқалары бар. Бұл жобалар өзара байланысты және бірін-бірі толықтырып келеді. Олар шетелдік студенттердің санын арттыру, жапондық студенттерге шетелдік ЖОО-ларда білім алуға мүмкіндік беру, шетелдік мамандарды жұмысқа алу, әлемдік стандарттарды енгізу, оқу жоспары мен мазмұнын қайта қарау сияқты тұстарда ұқсас келгенімен, өзара айырмашылықтары да бар. Ол ерекшеліктерге: шетелдік

университеттермен серіктестік орнату, белгілі бір аймақтың оқу орындарымен ғана байланыс орнатуды көздеу, әлемдік рейтингтердегі алатын орнын жоғарылату сияқты тұстарын атауға болады.

Жапонияның ЖББ жүйесіндегі интернационалдау үдерісін талдау барысында, жүзеге асырылып отырған жобалар көбіне Азия мемлекеттері бағытында жүргізіліп отырғандығын байқауға болады.

Қазақстанмен салыстырғанда Жапонияда интернационалдау үдерісі кең мағынасында жүргізіліп отыр, оған академиялық ұтқырлықтан өзге ЖББ жүйесіндегі басқару, сапаны жақсарту сияқты іргелі әрі күрделі мәселелері қолға алынып отырғаны мысал бола алады.

Қазақстан академиялық ұтқырлық аясында студенттердің шетелге шығуы бойынша әлемде алғашқы ондыққа кірсе, Жапония шетелдік студенттерді қабылдау бойынша әлемде сегізінші орын алады. Сондықтан, екі ел арасында ЖББ саласындағы серіктестікті ілгерілету, студенттермен алмасуды дамыту көптеген мүмкіндіктерге жол ашады.

Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігін талдау нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

Қазақстандық ЖОО-лар интернационалдау уәждемесін көбіне дәстүрлі интернационалдандыруға жатқызуға болады, себебі университеттер бірінші кезекте бәсекеге қабілеттілікті, мәртебесін арттыруды, білім сапасын жақсартуды және одан әрі дамыту үшін стратегиялық одақтастарды табуды қалайды. Бұл тұста Қазақстан мен Жапонияның ЖББ жүйесін интернационалдау саясатында бірінші кезекте пайда көру емес, керісінше серіктестік байланыстарды ілгерілету, көбейту ниеті байқалады. Себебі, Жапонияның да интернационалдау жобаларына жүргізген талдаудан байқайтынымыз, кейбір еуропалық немесе америкалық университеттермен салыстырғанда, жапондық ЖОО-лар шетелдік студенттерге табыс көзі ретінде қарамайды. Керісінше, мемлекет те университеттер де академиялық ұтқырлық бойынша келетін шетелдік студенттердің санын арттыру мақсатында көп көлемде қаржы бөліп, студенттерді өздеріне тарту үшін оларға қолдау саясатын жан-жақты дамытып отыр. Бұған қоса, Жапония Қазақстанды қосқанда өзге елдермен ЖББ саласында серіктестікті арттыруда мемлекеттің білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісін ілгерілету, жас, білікті мамандарды даярлау, олардың ішінен болашақта Жапонияның экономикасының дамуына үлес қосатын жастарды тәрбиелеп, адами ресурстармен қамтамасыз етуді мақсат тұтады. Бұл туу көрсеткішінің төмендеп, халықтың қартаюына байланысты туындап отырған адами капиталдың жетіспеуі мәселесімен байланысты. Сонымен қатар, ЖББ саласындағы серіктестік мемлекеттің сыртқы беделін арттыру, аймақтағы ықпалын күшейту және аймақтың дамуына өз үлесін қосу, арқылы гуманитарлық көмек көрсету мақсаттарында да жүзеге асырылады. Бұған мысал ретінде ДРК бойынша дамушы мемлекеттердің ЖББ саласына көмек көрсетіп, университеттердің серіктестігін арттыру, мамандарды дайындау, шетелдік студенттерді қабылдауға бағытталған бағдарламаларын үздіксіз жалғастырып отыруын айтуға болады. Жалпы серіктестікті, оны жүзеге асыруға құрал болып

отырған интернационалдауды ілгерілетуде мемлекеттік саясаттың осындай бірнеше мақсатын байқаймыз.

Ал, ЖОО-лардың басым көпшілігі білім беру саласындағы серіктестік арқылы мемлекеттің бағдарламасын орындаумен қатар, өздерінің халықаралық рейтингтердегі орындарын жоғарылатуды, беделдерін арттыруды көздейді.

Жалпы алғанда, Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігінің потенциалы жоғары болғанмен, Қазақстанның ЖББ жүйесінің интернационалдануында Жапонияның алатын үлесі өте аз. Қазақстан мен Жапонияның ЖББ саласындағы серіктестігі негізінен университет аралық байланыс негізінде ғана жүзеге асып отыр. Қазіргі таңда студенттермен алмасу көбіне жекелеген университеттер мен гранттарға тікелей өтініш жасайтын студенттердің бастамаларының арқасында жалғасып келеді. Мәселен, Қазақстанда ресми тіркелген 120 жуық ЖОО-ның ішінде шамамен 10 шақтысы ғана жапондық университеттермен серіктестік байланыс орнатқан. Жалпы айтқанда, жапондық ЖОО-лармен серіктестікте жұмыс істейтін қазақстандық университеттердің саны аз және академиялық ұтқырлық бойынша алмасулар жүргізілетін мамандықтардың да саны шектеулі. Оқытушылардың ұтқырлығы өкінішке орай студенттердің ұтқырлығымен салыстырғанда өте аз көлемде жүргізіледі. Негізінен жапонтанушы оқытушылар жапондық бағдарламалар есебінен Жапонияға біліктілігін арттыруға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге барады. ЖОО-лардың ішінде тұрақты түрде жылына оншақты студенттерін Жапонияға жіберетін және ол жақтан студенттерді қабылдайтын ҚазҰУ ғана. Себебі, жапонтану мамандығының ашылуы арқасында, ҚазҰУ-дың жапондық ЖОО-лармен байланысы 1993 жылдан бері жалғасып келеді. Өзге отандық ЖОО-лардың жағдайын онымен салыстыруға келмейді: олар серіктестікті жуырда бастаған немесе жылына екі-үш студентпен ғана шектеледі. Жалпы студенттердің ұтқырлығы мәселесіне келгенде, аздаған қазақстандық студенттер ғана Жапонияны оқу елі ретінде таңдайды.

